

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 1(77)/2015
Серия ФИЛОЛОГИЯ

Қаңтар–ақпан–наурыз
30 наурыз 2015 ж.

1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Январь–февраль–март
30 марта 2015 г.

Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП **Карагандинский государственный университет
имени академика Е.А.Букетова**

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

Зам. главного редактора
Ответственный секретарь

Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,	редактор д-р филол. наук;
Г.Ю.Аманбаева,	д-р филол. наук;
Золтан Андраш,	д-р филол. наук (Венгрия);
Ж.А.Жакупов,	д-р филол. наук;
Ш.М.Мажитаева,	д-р филол. наук;
Матейко Любор,	PhD д-р (Словакия);
Ж.Н.Жунусова,	д-р филол. наук;
Н.И.Букетова,	д-р филол. наук;
А.С.Адилова,	д-р филол. наук;
Б.Шалабай,	д-р филол. наук;
Н.Ж.Шаймерденова,	д-р филол. наук;
С.А.Матяш,	д-р филол. наук (Россия);
М.Д.Джусупов,	д-р филол. наук (Узбекистан);
У.М.Бахтикиреева,	д-р филол. наук (Россия);
Т.В.Белашапкина,	д-р филол. наук (Россия);
К.Жанбозулы,	д-р филол. наук (КНР);
Ж.З.Кадына,	отв. секретарь
	канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Техн. редактор *Д.Н.Муртазина*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 28.03.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 11,25 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 208.

Подписано в печать 28.03.2015 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 11,25 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 208.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Мажитаева Ш., Садуақасова А.</i> Семантикалық окказионализмдер	3
<i>Қабанов М.Ш., Кадина Ж.З.</i> Толғау жанрындағы сөйлемдердің өзара байланысы	11
<i>Түйте Е.Е.</i> Паралингвистикалық амалдардың коммуникативтік қызметі	18

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Харитонова Л.М., Богомолова Т.Л.</i> Қазақстанның баспа стратегиялары	24
<i>Наджи Енико.</i> Мектепке дейінгі оқытуда ІТ қолдану	29

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРАНУ

<i>Әбдуов М.И., Алдамұратова А.К.</i> Тұрмыс-салт ертегілеріндегі дәстүрлі сарындардың көрінісі...	34
<i>Каренов Р.С.</i> Хан Кененің сенімді серігі, сайын даланың қаһарман сардары — Мәнжі батыр. (Туғанына 200 жыл толуына орай)	39
<i>Әбдиманұлы Ө.</i> Өлеңдегі сезім мен өрлік тоғысы	50
<i>Жақан Ә.Қ.</i> Қос шығармадағы ортақ ой, ортақ образдар	55
<i>Рахымов Б.С., Утешева А.М.</i> Махамбет поэзиясындағы фольклорлық дәстүр көрінісі	61
<i>Каренов Р.С.</i> Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан атақты қазақ батырлары	66
<i>Жұмагелдин Ж.Ш.</i> Төлен Әбдікұлының прозасындағы адам және қоғам мәселесі	77

КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Аманбаева Г.Ю., Әмірханова С.Т.</i> Көптілділікті зерттеудің көкейкесті бағыттары	84
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	90

СОДЕРЖАНИЕ

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Мажитаева Ш., Садуақасова А.</i> Семантические окказионализмы	3
<i>Кабанов М.Ш., Кадина Ж.З.</i> Связь между предложениями в жанре толғау	11
<i>Түйте Е.Е.</i> Коммуникативные функции паралингвистических средств	18

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Харитонова Л.М., Богомолова Т.Л.</i> Издательские стратегии в Казахстане	24
<i>Nagy Ehiko.</i> IT Competences in preschool teachers training	29

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Абдуов М.И., Алдамұратова А.К.</i> Отражение традиционных мотивов в бытовых сказках	34
<i>Каренов Р.С.</i> Верный сподвижник хана Кенесары, отважный военачальник непокоренной Степи — Манжи батыр. (К 200-летию со дня рождения)	39
<i>Абдиманұлы У.</i> Слияние чувств и возвышенности в стихотворении	50
<i>Жакан А.К.</i> Сопоставления взглядов и персонажей в произведениях С.Бакбергенова и А.Кекилбаева	55
<i>Рахымов Б.С., Утешева А.М.</i> Фольклорные традиции в поэзии Махамбета	61
<i>Каренов Р.С.</i> Знаменитые народные батыры, принявшие участие в народно-освободительной борьбе под предводительством Кенесары Касымұлы	66
<i>Жумагелдин Ж.Ш.</i> Проблема человека и общества в прозе Толена Абдикулы	77

ПРОБЛЕМЫ ПОЛИЯЗЫЧИЯ

<i>Amanbayeva G.Yu., Amirkhanova S.T.</i> Essential research trends of multilingualism	84
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ	90

ӨОЖ 811.512.122

Ш.Мажитаева, А.Садуақасова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: S_mazhit@mail.ru)*

Семантикалық окказионализмдер

Мақалада қазақ тіліндегі окказионализмдердің жалпы тіл біліміндегі топтастырылуына қысқаша шолу жасалды. Соның ішінде семантикалық окказионализмдердің жасалу ерекшелігі жан-жақты қарастырылды. Авторлар олардың көркем шығармада қолданылуына тоқталып, окказионализмдердің сөз мағынасының кеңеюіне тигізер ықпалын қарастырды. Жинастырылған мысалдар негізінде жазушының тілдік ерекшеліктері, яғни стильдік, сөз қолдану, көріктеу құралдарын қолдану ерекшеліктері, талданды.

Кілт сөздер: окказионализмдер, семантикалық окказионализмдер, көріктеуіш құралдар, окказионал метафора, окказионал метонимия, окказионал эпитет, окказионал теңеулер, жеке қолданыстағы (индивидуалды) сөздер.

Көркем шығармаларда окказионализмдер жазушының бейнелі ойын жеткізуде бірден-бір таптырмас құрал болып табылады. Кез келген жазушы айтайын деген ойын нақты, қысқа түрде ықшамдап жеткізу мақсатында окказионал қолданыстарды пайдаланады. Көркем әдебиет тілінде окказионализмдердің қолданылуы белгілі бір әдеби-эстетикалық, идеялық мақсатты көздеуден туған құбылыс болып табылады.

Окказионал қолданыстар — автордың белгілі бір жағдайға байланысты сөз тудыру қажеттілігі арқылы өмірге келген жеке авторлық сөздер мен тіркестер.

«Окказионализмдер — әдеби тілде өзіндік мәні бар, нормаланбаған сөздер. Бірақ стилистикалық бояуы бар болғандықтан, стилистикалық нормаға сай қолданылады», — дей келіп, А.Бейсенбай оларды тіл білімінде фонетикалық окказионализмдер, семантикалық окказионализмдер, сөзжасаушы окказионализмдер деп топтастырады [1; 10].

Окказионализмдер белгілі бір жағдайға байланысты жеке автордың қолданысында пайда болатын, тілдік нормаға, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын сөздер болып табылады. Осы окказионал сөздердің поэзияда жиі ұшырасатын түрі — *семантикалық окказионализмдер*. Семантикалық окказионализмдер — тілдегі узуралды сөздердің белгілі бір контексте жаңа мағынаға ие болуы [2; 21].

Сонымен, семантикалық окказионализмдер дегеніміз — тіліміздегі мағынасы жағынан бір-бірімен қабыспайтын қалыпты сөздерден жанасып, мәнмәтінде жаңа мағынаға ие болған қолданыстар.

Тіл білімінде семантикалық окказионализмдерді кейбір зерттеушілер синтаксис саласының нысаны деп санаса, кейбіреулері фразеологияға жақындастырады. Біздің ойымызша, семантикалық окказионализмдерді тек фразеологияға жанастыру қисынсыз болып келеді. Бұл қолданыстарда контексте жымдасып келіп, бір мағына беру ерекшелігі байқалғаныменен, тіркес тиянақтылығы, қолданылу тиянақтылығы байқалмайды және де тұрақты тіркестер ұзақ дәуірдің жемісі болып табылады. Олар тілдің дайын единицасы ретінде қызмет атқарады. Ал жеке автордың қолданысында пайда болған тың, жаңа тіркес тұрақтылық қасиетке ие болу үшін ең бірінші әдеби тілімізден тұрақты орын алуы керек. Сонымен қатар бұл қолданыстарды синтаксис саласының да нысаны деуге болады.

Бұл жөнінде В.Г.Ковалевскаяның пікірі өзгеше: «Необычные сочетания слов не являются предметом исследования синтаксиса, так как речь идет о нарушении синтаксической сочетаемости, а о соединении несоединимых понятий» [3; 12].

Семантикалық окказионализмдер жеке автордың шығармашылығында пайда болып, әр ақын немесе жазушының өзіндік жазу мәнерін көрсететін қолданыстар екендігі мәлім.

Семантикалық окказионализмдердің мынандай өзіндік ерекшеліктері бар:

1) дайын тілдік бірлік ретінде қолданылмайды;

2) құрамындағы сөздердің бастапқы лексикалық мағынасы мүлдем жойылып кетпейді; жеке автордың таным-түсінігімен пайда болады;

3) мәтін ішінде ғана байланысқа түсіп, өзіндік мағынаға ие болып қолданылады.

Демек, семантикалық окказионализмдер сөздің контекстік мағынасына негізделеді.

Тілдегі көркемдеуші құралдар — тенеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм — бәрі де көркем суреттің, образды жасаудың, жазушының, ақынның шеберлігінің көрсеткіштері. Қазақ тіл білімінде осы көркемдеуші құралдардың басым көпшілігі азды-көпті зерттелді. Осындай көркемдеуші құралдарды пайдалануда жазушы өзінен бұрынғы әдебиет майталмандарының, халық тілінің мол қазынасын кеңінен пайдалана отырып, оларды қолдануда өзіндік нақыш, жаңа тіркесім әкеледі, кей жағдайда жаңа сөздер мен морфологиялық құрылымдар туындап жатады.

Семантикалық окказионализмдер кез келген жазушының тілінде ең көп қолданылатын тың қолданыстар болып табылады. Біз семантикалық окказионализмдердің көркем шығармада қолданылуын, жасалу ерекшелігін қарастыра отырып, былайша топтастырдық: 1) *окказионал метафора*; 2) *окказионал метонимия*; 3) *окказионал эпитет*; 4) *окказионал теңеулер*.

Бейнелеу құралдары бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелеу сөздер, мысалы, құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, тенеу, эпитет, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу, уақиғаны әр түрлі өрістету — осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады. Әдеби тілдегі сөз байлығы — түгелдей бейнелеу құралы [2;15].

Тіліміздегі семантикалық өзгеріс сөздің ауыспалы мағынада қолданылуынан пайда болады. Семантикалық окказионализмдер жазушының сөз қолдану ерекшелігін, өзіндік жазу мәнерін танытатын құбылыс болып табылғандықтан, стилистика ғылымының зерттеу нысаналарының біріне айналды.

Тіліміздегі семантикалық өзгерістер сөздердің ауыспалы, яғни метафоралық, метонимиялық, қолданыстарында байқалады. Метафоралық қолданысты Аристотель: «...говоря о действительном, соединять с ним невозможно», — деген болатын [3; 17]. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы негізінде тілімізде жаңа ұғымдар пайда болады. Және де мұнда бір нәрсені екіншісіне балап немесе мәндес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, сөзге өзгеше бір өң беріп, құбылтып қолданады. Метафора — адамның ойлау ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Егер ойды әдейі өзгертіп айтса, онда метафора қажет болғандықтан емес, онсыз болмайтындықтан пайда болады, ол адамның ойлау қабілеті мен тіліне тән деп айтуға болады. Ал ақындар «қажеттілікті ізгілікке» айналдыра отырып, өз шығармашылығында қолданып пайда табады [3; 17].

Метафораны жасау немесе жасай алмау бұл ойлаушы, сөйлеуші адамды сипаттайтын критерийлердің бірі ретінде танылады. Зерттеушілер сөзімен айтқанда, метафора әлемнің жеке тілдік көрінісін бейнелейді, себебі индивидуалдылық жеке адамның белгілі тілдік құралдарды таңдауына байланысты, яғни әр адамға, сөз суретшісіне арнайы тек соған ғана тән қасиет бар.

Сөз жасауда, сөздік қорды байытуда мағына өзгерушілігі жетекші орын алады. Жаңа мағына жасау тілдегі бар материалдардың негізінде болса да, екінші жағынан, сол жаңа мағынаны көрсету мұқтажы сол сөздің мағынасының дамуына, сол сөзден жаңа сөз жасауға себепкер болады.

Сөздің мағынасының өзгеруіне әсіресе ішкі себептерден гөрі, сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарынан өзара қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Мұндай жағдайда байланыс екі жақты болуы мүмкін. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа сөз не жаңа мағына бұрыннан тілде қолданылып келе жатқан байырғы сөздер мен байырғы мағыналардың жаңа сөздер мен жаңа мағыналарға сондай әсер етуі ықтимал [3; 7].

Зерттеушілердің пікірінше, кез келген жазушының шығармасында немесе авторы белгісіз халық туындыларында метафораның екі түрі кездеседі екен. Біріншісі — барлық халыққа түсінікті, тұрақты ауыс мағына алған, дәстүрлі қолданылып келе жатқан метафоралар болса, екіншісі — әлі жалпыхалықтық сипат алмаған, жеке тұлғаның сөздік қорынан шыққан метафоралар болып келеді. Олар көбіне әдебиетте қолданылатын және лингвистикадағы метафора деп ажыратылып, екеуі екі ғылымның нысаны ретінде саналады.

Тілімізде метафораларды екі топқа бөліп қарастырады:

1) дәстүрлі метафора (кейбір еңбектерде «тілдік (сөздік) метафора» деп беріледі);

2) поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) метафора немесе индивидуалды метафора (метафоралық окказионализмдер).

Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына үстеп, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафораның мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар — мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Тілдік метафораның авторы жоқ. Олар — мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы. Сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте тілдік метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күнгірттенеді. Тілдік метафоралар поэтикалық метафоралар тәрізді, негізінен, көркем әдебиетте қолданылады.

Поэтикалық метафора — саналы түрде белгілі мақсат үшін көркемдік құрал ретінде көркем әдебиет пен көсемсөз стилінде қолданылады. Поэтикалық метафораны кейде индивидуалды-авторлық (жеке қолданыстағы) метафоралар деп атайды. Жеке қолданыстағы метафора грамматикалық тұрғыдан келгенде тілдік жүйеге негізделген, тек мағынасы жағынан ғана окказионалды болып келетін қолданыстар. Көп жағдайда индивидуалды метафораларда мағынасы жағынан бір-бірімен байланыса қоймайтын ұғымдардың өзін байланыстырып, ерекше бір бейнелі суреттер береді.

Суреткердің бейнелі ойын әсем де әсерлі жеткізуде окказионализмдер бірден-бір таптырмас құрал болып табылады. Мысалы:

*Момын жауын ағыл-тегіл бұршақтап,
Сыртта ақырын әйнегімді қағады* [4; 35].

Бұл өлең жолдарындағы окказионал тіркес — ақынның өзіндік қолданысы. Тілдік қолданыста *ақ жауын, нөсер жауын* т.б тіркестер кездесіп жатады, алайда *момын жауын* деген тіркес қаламгердің өзіндік метафоралық қолданысы болып табылады. Мәнмәтіннен ақынның *момын жауын* деп жай, ақырын, жылы жаңбырдың түрін адамның мінез-құлқына байланысты айтып отырғаны белгілі. Бұл қолданыс жалпы қолданыста жүрген *нөсер жауынға* қарама-қарсы қолданыс деуімізге болады. Кейін бұл қолданыс (*момын жауын*) жалпыхалықтық қолданысқа айналып кетуі де ғажап емес. Жазушы ойын қысқа да нақты түрде ықшамдау мақсатында қолданылған төмендегідей окказионал қолданыстарға тоқтала кетсек: Мысалы: *Тасбақаның дауылы басылғаны таяуда ғана емес пе еді* [4; 5].

І. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» *тасбақа* сөзі арқылы жасалынған мынандай тіркестерді келтіреді: *тасбақа жүріс* (*тым баяу қимыл, әрекет*) және жергілікті қолданыстағы *тасбақаның аузынан шөп алған адам* (*өте айлалы, епті, қу адам*) мағынасында айтылған. Ал *тасбақаның дауылы* қолданысы «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде» де, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» де еш кездеспейді. Демек, бұл қолданыс автордың қаламынан туған жаңа тіркес болып табылады. Қаламгердің *тасбақаның дауылы* қолданысы арқылы ұзақ, апталап, айлап, тоқтамсыз болған дауылдың нышанын байқауға болады.

Жеке авторлық қолданыстағы (индивидуалды) метафора белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Белгілі мәнмәтінде ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады. Мысалы:

Қазақтың бағы жүрсе — кәукілдеген мақтан әңгімесі, гулеген өсегі, кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толы болады [4; 140].

Бұл сөйлемдегі *кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүріс* деген окказионал қолданысы адамның мінез-қылығына байланысты пайда болған жүріс-тұрысты бейнелеп тұр. Жазушы «шалқайып, шіреніп жүру» мағынасындағы жүрісті суреттеу мақсатында бір-бірімен үйлеспейтін сөздерді өзара байланыстырып, окказионал қолданыс жасаған.

Сондай-ақ окказионал метафора — метафора құрылысы оның түрлері арқылы танылады. Метафоралық мағынасы күнгірттенген — *сағаттың тілі, иненің көзі*, бейнелі метафоралар — *Күн*

мені шомылдырған асыл анам, жан-жағым ақ моншақтар шашыраған (М.Мақатаев), концептуалдық метафоралар — *ми қатпары, семантикалық өріс*; тұрақты метафоралар — *қара алтын, сары алтын*. Соңғы мысалдар метафораның жасалу жолына қарай перифразға ұқсастығын көрсетеді. Метафора ойлау мен болмыстың арасындағы күрделі қатынасты көрсетеді және үнемі сөздің ауыспалы мағынасына негізделген және тілдік қызметі де сан алуан троптың түрі.

Сол сезіміне қоса балдай қымыздың бойды балқытар қызуы қосылғанда, мүлдем **қыз қойнынан шыққандай жариясы жоқ** қанағат күйімен келіп атына мінді [5; 71]. Шашырай жайылған көп жылқыны **қоғамдап**, кеу-кеулесе қайырмаалаған дауыс кешкі тымық ауада саңқылдай шығып, қазіргі сәтте ағаш тасасында тұрған Наймантайларға да есітіліп жатты [5; 72]. Кешікпей-ақ шыны тегененің **ернеуін сүйіп** сары қымыз келді [5; 85]. Бірақ Жалғызтөбенің **бауыздау алқымы** тіптен өр болып көтерілген жерінде Наймантайдың шұбары шын ұзаққа шабатын күшін танытып, жақындай түсті [5; 91]. Осыған дейін барлық мейірім атаулыны **өктемдік пен үстемдікке** жеңдіріп, сол үстемдік перзентке деген махаббатын тұншықтырып келсе, қорлық атаулыны әкеден көріп, әкеден безген баланың мына сөзі **мейірімге қақпақ болған** қырсық мінезді сөтінетіп өткендей болды [6; 91]. Ақын метафораларды дәл тауып жұмсап, өлеңнің экспрессиясын күшейтіп береді. Мұндағы метафора — бейнелер заттық ұғымда жұмсалған ақынның өз қолтаңбасы, контексте ғана мағынасы ашылатын, терең ойлы окказионал (бірқолданар) метафоралары болып табылады.

Мұндай метафоралық қолданыстар жазушының өзіндік қолтаңбасын танытады. Сондықтан да бұл тәрізді метафоралар жалпы халықтық емес, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора деп аталады. Мысалы: *Бұған дейін сыр алдырмаған сәнді сарайлардың да бөксесі жалаңаштана бастады* [4; 65].

Жазушы қолданған «сарайлардың бөксесі» метафоралық тіркесі белгілі бір ғимараттардың төменгі жақ бетін сомдау мақсатында пайда болып тұр. *Сарайлардың бөксесі* окказионал қолданысының оқырман сезіміне әсер ететін экспрессиялығы мен эмоционалдылығы мол.

Бұрынғы сылбыр тірліктің үлбіреп-мөлдіреп қалған **сылқым пердесін** айдын көлде бір шоршыған ақ сазандай ақ тәнінің бір рахатымен күлпаршалап күлге лақтырмақ [4; 65]. Бұл сөйлемдегі **сылқым перде** окказионал метафоралық қолданысы автордың өмір құбылысына өзінің идеялық-эстетикалық көзқарасын айқындау негізінде жасалған.

Сылқым перде окказионал қолданысының мағынасы өткен өмірдің парағын ашып, еске түсіру мақсатында жасалып тұр. Мұнда жазушы өмір ақиқатын өткен өмірдің болмыс сырын сырлы сөзбен бейнелеп, адамның сезім күйі арқылы өмір шындығын бір сәттік ойлау нәтижесіннен пайда болған метафоралық тіркес.

Көркем шығармадағы әрбір кейіпкердің образын ашу оның жеке мінезі, жан дүниесі, сезім-түйсігін айқындайтын тілдік құралдар арқылы анықталады. Ол кейіпкер болмысын танытатын тұтас «әлемнің» ішкі жан дүниесін бейнелейтін бір үлгі іспетті.

Көркем шығармада ұлттық мәдениетке сай халықтың тіл байлығын танытатын қолданыстар жиі кездеседі. Жоғарыда көрсетілгендей, сөзде заттың өзі белгіленбейді, аталмайды, зат туралы адамның санасында бейнеленген түсінік, қандай да бір концепт аталады. Автордың туындысынан кездесетін мұндай метафоралардың белгілі бір және әр түрлі жағдаяттарға байланысты көп туындағанын байқауға болады.

Жеке авторлық қолданыстарды талдау барысында көріктеу құралдарының бірі — *метонимиялық окказионализмдер*. Мысалы:

*Басымыз ғой алдымен ілігетін назарға,
бара қалсаң базарға.*

Кезекте,

Тақиясыз шықпайды журнал менен газет те [4; 63].

Бұл өлең жолындағы *көшіп жүрген тақия, әзілдесіп тұрады тақия, күйбеңдеген ақ жаулық, ұршықты, ақ жаулықты ертегі* деп отырғаны адамдар жайында айтылып, адамның орнына киімді алмастырып қолдану арқылы ол адамның ұлтын, жас мөлшерін көрсетеді. Осындай қолданысқа байланысты Г.Я.Томилина: «Метонимический перенос «одежда — человек»... служит средством индивидуализации лиц, а также их характеристики по специальному положению, национальности, профессии, возрасту, полу и другим признакам», — деп айтқан болатын (Семантическое развитие названий одежды на основе метонимии в русском языке Русское языкознание. — 1984. — 9-бас. — 70-б).

Бұл өлең жолындағы *тақия* сөзі өзбек халқына байланысты айтылған қолданыс болып табылады.

Сонымен қатар Қадір Мырзалиев өлеңдерінде *көкіректермен сөйлесем, ұйықтатпайды ұйқастар, ақ жаулықты ертегі* сияқты тағы да басқа өзіндік қолданыстар көп кездеседі.

Авторлық қолданыста кездескен окказионал метонимияның мағынасы көбінесе тікелей мәнмәтінмен байланысты болып келеді. Мысалы: *Осы бір өңшең мүләйім жанар бұны бір түрлі мүсіркеп келе жатқаннан сау ма?* [4; 171]. Бұл сөйлемдегі *мүләйім жанар* адамдар жайында айтылып тұр. Мұнда адамның орнына оның мінез-құлқын алмастырып қолдану арқылы оның аянышты, мүсәпір халын көрсетіп тұр. Бұл қолданыс арқылы жазушы жұрттың еш күнәсіз, жазықсыз екендігін сомдап тұр.

Ұлт тілінде жазылған шығармада ұлт дүниетанымына қатысты сөздердің шығарма тілінің көркемдігін арттыруға негіз болуы тілдік тұрғыдан заңды құбылыс болып табылады. Бұл сол тілді немесе әр тілді қолданушының тілдік тұлға ретіндегі даралықтарын айқындай түспек. Мысалы: *Қырқылғандарын анеукүні көш басшы болған қыл иектер аралап көріп, қол-аяғы серейген ұзындарын, құйрықтары төңкерілген үлкендерін, сүйек бітімі, ет алымы дұрыстарын, маңдай тұсы дөң келгендерін, жүні ақ, бозғылттарын, ақ мүйізді ор қасқаларын қошқар қылмаққа бөліп ап, қалған еркек қозыларды мықындарын таянып, алақандарына түкіріп, жалынып тұрған тартқыштардың алдарына көлденең тосады* [4; 130]. Сөйлемде қозыны сипаттауда қазақ тіліндегі сөздерді қолдана отырып, қой шаруашылығына байланысты оқиға барысын сол қалпында беруге тырысқан. Көркемдік жағынан болсын, ойды жеткізудегі жазушының мақсаты тұрғысынан болсын, шығарма тіліндегі сәтті шыққан *құйрықтары төңкерілген үлкендерін* деген бейнелі тіркесі жазушының өзіндік қаламына тән қолданыс екендігі дау тудырмасы анық. Жазушы бұл қолданыс арқылы қазақы қойларға *құйрықтары төңкерілген* деген өзіндік атау беріп тұр.

Жеке авторлық қолданыстағы окказионал метонимиялардың ерекшелігі — біреуінің орнына екіншісін алмастырып қолдану арқылы екі заттың арасынан байланыс тауып ерекше бейнелі, әсерлі, тың қолданыстарды ойлап тапқан.

Жеке авторлық қолданыста ерекше орын алатын бейнелеуіш құралдардың бірі — окказионал эпитет. Окказионал эпитеттер жазушылардың шығармашылығында автордың толғанысын, әлемдегі құбылыстарды қабылдауының, ұғынуының сан қилы әдіс-тәсілдерін, адами танымдағы көріністерін байқаймыз. Д.Исабеков тудырған окказионал эпитеттер бір-екі сөзден құралған емес, керісінше, бірнеше лексемаларды тіркестіре отырып жасалған тың оралымдар. *Кемпірі желінді ешкінің бір сауым сүті мол сыятын зерен тостақты лып еткізіп шалының созылған қолына ұстата қойды* [6; 339]. *Етегі мәсісінің қонышын иіскеген сырға шапан қарсы желге қамазау бола алмаған ба, бет-жүзі етікшінің пышақ жанатын қайысындай қарайып, түтігіп кетіпті* [6; 330].

Қаламгерлер қолданған окказионал эпитеттер — көркемдік, әсерлік үшін жасалған, шығарма тілінің көркемдігін арттыратын амалдардың бірі. Мысалы:

Жанжал мен күнәсі көп, желбас дәурен,

Жалғаннан жалғыз сенсің тілегенім [4; 51].

Мұнда ақын ертеден қалыптасқан қазақ халқының *ар, ұят, иман* тәрізді қасиеттерін сипаттаумен қатар, заманның, уақыт пен кеңістіктің келеңсіздігін суреттеу арқылы окказионал эпитет жасап отыр. Бұл өлең жолдарындағы *желбас дәурен* окказионал эпитетті образдың бейнелі, әсерлі болуын, экспрессиясын күшейтіп тұр.

Окказионал эпитеттерді ақын белгілі бір кезенді айқындауда, кейіпкер портретін жасауда, табиғат құбылысын танытуда сәтті қолдана білген. Мына өлең жолдарына көңіл аударсақ:

Желінсау бұлт түк тамызбай көшеді,

Ерте салды қыр гүлінің шешегі [4; 18].

Желінсау сөзіне Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген: мед. Желіннің ісіп, талаурап кетуіне байланысты айтылған, көбінесе қой малында кездесетін ауруға байланысты айтылған. Ал мәнмәтінде автордың суреттеуінде бұлттың бозарып, табиғат құбылысының реңсіз бейнесін суреттеген.

Окказионал эпитеттер көркем шығармада жазушының толғаныстарын, әлемдегі құбылыстарды қабылдаудың, ұғынудың сан қилы әдіс-тәсілдерін, адами танымдағы көріністерін байқатады. Сондай-ақ адамдардың сан қилы көңіл-күйі мен жағдайларын, яғни психологиялық жағдайы, сенімдері мен күйініштері, қуаныштары эмоциялық реңкпен жан-жақты көрсетіледі. Дүниенің, қоршаған ортаның адами-мәдениленген бөлшегі ретінде социумдағы адам өмірін, қоғамның тарихи дамуындағы өзгерістерді, құбылыстарды суреттеу үшін окказионал эпитеттер қолданылады.

Енді қайтып көзге түспей қойған соң көкірегінде сайрап тұрған күлімкөз елес те бірте-бірте солғын мұнар ортасына шегіне түскендей [4; 71]. «Күлімкөз» деген атауға қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берген: *Күлім — күлім қақты — жайдарлана жымыңдады, құлпырыпжайнай түсті. Күлім көз — жаркыраған, күлімдеген, жайдарлы, сүйкімді көз жақсылықтың концепциялары ретінде қолданылады. Біздің түсінігіміз бойынша, елес сөзі өткен күннің көрінісі, шым-шытырық суреті, бір көрініп сағымға айналуы болып саналады. Әрине, елес әр түрлі жағдайға байланысты болып келеді. Оның жағымды немесе жағымсыз болып келуі мүмкін. Бұл жерде қаламгер күлімкөз тіркесін біріккен сөз ретінде қарастырып, оған елес сөзін тіркестіру арқылы өзіндік жаңа тіркес жасап тұр. Негізінде, күлімкөз сөзі қазақ халқының түсінігінде, танымында сұлулықтың, әдеміліктің, жақсылықтың нышаны ретінде қолданылады. Осы түсінікті негізге ала отырып, қаламгердің бұл жердегі күлімкөз, елес семасын жайдарлы, қуанышты жағдай ретінде танимыз.*

Жеке авторлық қолданыстарда кездесетін окказионал эпитеттер әсерлік, көркемдік, бейнелілік үшін жасалған, шығарма тілінің көркемдігін арттыратын көріктеу амалдарының бірі болып табылады. Окказионал эпитеттер де өзінің сонылығымен ерекшеленеді. Мұнда құбылыстың не заттың белгісін, сыр-сипатын беруде тың тіркестер пайда болып отырады. Окказионал эпитеттер жасалу ерекшелігіне қарай екі топқа бөліп жіктеледі: 1) есім сөздердің тіркесуі арқылы (зат есім + зат есім; сын есім + зат есім); 2) етістік пен зат есімнің тіркеуі арқылы (көсемше, есімше + зат есім).

Есім сөздердің тіркесуі арқылы жасалған қолданыстарының тобын табиғат құбылыстарына қатысты эпитеттер құрайды. Мысалы: *желін бұлт, бие бұлт, жабағы бұлт, шабан бұлт, жүн бұлт* т.б. Жалпы әдеби тіліміздегі: *ақша бұлт* — ашық күндері аспанда қалқып жүретін түйдек-түйдек ақ бұлттар; *қаз бауыр бұлт* — ұсақ мұз кристалдарынан пайда болатын ондаған шақырым биіктіктегі жұқалаң тұнжыр бұлт; *шарбы бұлт* — жер бетінен екі-үш шақырым биіктікте болатын селдір бұлт. Жазушы қолданыстарының негізінде бейнелі сурет жатыр. *Шабан бұлт* өте баяу қозғалып бара жатқан бұлттардың көшін елестетсе, *жабағы бұлт* көкті жаппай торлап, тұтасып тұрған бұлттардың көрінісін елестетеді. *Бие бұлт*, *желін бұлттар* аспанның ала бұлттанып келіп, енді-енді жаумақ болып тұрған кезін суреттесе, *жүн бұлт* аспанның ашық кезіндегі қалқып жүрген ақ мамықтай бұлттарды атаймыз.

Етістік пен есімнің тіркесуі негізінде жасалған окказионал эпитеттердің қатарына *сауған фонтан, тырсыып піскен тыныштық* т.б. жатқызамыз. Р.Сыздықова: «Тек есім сөздерден жасалғандары емес, өзге тұлғалармен, әсіресе есімшелермен келген эпитеттердің қызметі бұдан да зор. Бұлар әрі эпитет, әрі поэтикалық сурет болып келеді», — деген болатын [7; 18]. Қаламгер жоғарыдағы мысалда окказионал эпитет жасауда сол затты немесе құбылысты жай бейнелеп, айқындап қана қоймай, оны ерекше образды түрде ұсыну мақсатын көздеген.

Қазақ тілінде теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген ғалым Т.Қоңыров. Ғалымның теңеуге берген анықтамасы: «...теңеу дегеніміз — ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [8; 7].

Окказионал теңеуге мысал келтіре кетсек: *Содан Маңадырдың иығынан қақтаған жез сияқтанып ай көтерілгенде өңшең сүліктей қара мінген он шақты жігіт Қарағаш елін артқа тастады* [5; 79]. Дәстүрлі теңеулерде айды күміске, табакка, алтын теңгеге теңеп жатады. Ал А.Сейдімбековтің қолданысындағы *ай қақтаған жез* сияқты. Сондай-ақ автордың жас келіннің алдынан керілген шымылдығы жаңа өмірдің жаршысы ретінде *ақ ниеттей* деп теңеу табады: *Кешікпей-ақ ақ ниеттей ақ шымылдық керіліп, ауылдың жігіт-желең, қыз-келіншегі қызылды-жасылды болып, Ақшоқыны өрлеп бара жатты* [5; 13]. *Етегі мәсісінің қонышын иіскеген сырға шапан қарсы желге қамасау бола алмаған ба, бет-жүзі етікішінің пышақ жсанатын қайысындай қарайып, түтігіп кетіпті* [6; 13]. Бұл теңеудің де басқа авторлардан кездесе бермейтіндігі рас. Беттің түтіккенін сипаттағанмен, оның қандай дәрежеде түтігіп тұрғанын суреттеу кездесе бермейді. *Киеванның: «Нағып жатпағансың?» — деген ақырын шыққан даусының өзі жалғыздыққа ұйыған денеге қырық жуалдыз сұққандай әсер етіп, кемпірі «көтек» деп баж ете қалды* [6; 13]. Жуалдыз — оңтүстік диалектіде тебен, үлкен ине. Ендеше, тыныштыққа мүлгіген кемпірдің денесіне шалының сыбыры қырық ине сұққандай әсер еткен.

Т.Әбдіков шығармаларында адамға қатысты теңеулерді жиі қолданған. Мұндай теңеулердің өзін бірнеше тақырыпқа бөліп қарастыруымызға болады.

1. Жазушы шығармаларында **ата, әке** іс-әрекетіне теңелген теңеулер көрініс тапқан.

Мысалы, *Алманы көргенде, марқұм Рысмағамбетті көргендей боламын, әкесінің аузынан түскендей* [9; 76], *Әкесі өлгендей тұлан тұтып, ыдыс-аяқты салдырлатып жүр* [9; 93], *Ұлдай да әкесі базардан келгендей арсалақтап қуанышты* [9; 85]. Бұл мысалдардың алғашқы үшеуінде кейіпкердің бет-пішінін суреттеуде «әкесінің аузынан түскендей», кейіпкердің ашу-ызасын беруде «әкесі өлгендей», қуаныш сезімін көрсетуде «әкесі базардан келгендей» деген тіркестер ұтымды қолданған.

2. **Ер, еркек** сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Орыс әйелдерінің ішінде зор денелі, ажымды, қайратты жүзі бар, қолы, кеудесі еркектей кесек, орта жастағы келіншек жүр* [9; 92], — *Бәріміз боп бас қосқан байлауға көнбесең, адамиша, еркекше неге сол жерде ашып айтпадың?* [9; 102], *Ерше барып, итше қашып жүріп, малын, басын жасудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек* [9; 103]. Бірінші сөйлемде еркек сөзі кейіпкердің портретін беру үшін жұмсалса, екінші, үшінші сөйлемдерде бұл сөз адамның қасиетін сипаттауда қолданылған.

3. **Қарт, шал, үлкен** сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Оның оң жақ, сол жақ қапталындағы арса-арса тастары беттерін басқан кем иек шалдар сияқты* [9; 68], *Бұл төбе кәрі қарттай қашаннан бері бар* [9; 69], *Ол көп нәрсені үлкендерше пайымдай бастаған* [9; 130], *Бала емес, ысылған, ашық үлкендерше сөйлейді* [9; 73]. Бірінші, екінші сөйлемдерде шал, қарт сөздері табиғатты суреттеуде қолданылса, үшінші, төртінші сөйлемдердегі үлкендерше теңеуі кейіпкерді мінездеуде жұмсалып тұр.

4. **Әйел, қатын** сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Кербез әйел секілді жүрісің* [9; 124], *Буаз қатындай шермиген жездемнің ішін көргенде, ол үшін жұрттан мен ұяламын* [9; 152], — *Өсекші қатынша жаман сөз жиғанша, құдайға тәубе қылсаңшы, — деймін* [9; 156]. Бірінші мысалда кейіпкердің жүрісі кербез әйелге теңелсе, екінші мысалда теңеу адамның сырт-пішінін суреттеуде жұмсалған. Үшінші мысалда теңеу адамның жаман қасиетін беруде қолданыс тапқан.

5. **Ана, әже, ене, шеше** сөздерінің теңеу жасауда қолданылуы. Мысалы, *Анамдай қымбат жеңгеміз, Нұрыш мүшелге келіп жатыр* [9; 138]. *Анамыздай қымбат Отан үшін олар жандарын қиды* [9; 128]. *Маған мына дүние әжемнің омырауындай көрінді* [9; 155]. *Оның мына сөзі енемнің жылы көзқарасындай сезілді* [9; 161]. *Торғай өзені шешемнің бесігіндей тербетеді* [9; 163]. Бірінші сөйлемде кейіпкердің ең жақын адамын туған анасына баланса, екінші сөйлемде Отан анаға теңелген. Қалған мысалдарда теңеулер ауыспалы мағынада келіп тұр.

6. Т.Әбдіковтың бала қылығына теңеген теңеулері де кездеседі. Мысалы, *Алма менің мойнымнан құшақтап, жылап қоя берді. Кішкентай балаша көз жасына малышынған бет-аузын бетіме үйкеді* [9; 330], *Содан кейін жасөспірімдерге тән аңқаулықпен тебірене: — Соның ішінде «Дауыл» деген өлең бар екен, — деді кәдімгідей қатуланып* [9; 331]. *Нәрестедей уылжыған аңқау, үндемейтін Айгүлді мәңгілік сәбидей көретін* [9; 358].

Т.Әбдіков шығармаларында эмоционалды-экспрессивті теңеулерді де қолданған.

Жазушы шығармаларында адамның ішкі дүниесінің өзгерісін айқын беру мақсатында жоғары эмоциялық реңкті білдіретін теңеулер қолданылған. Мысалы, *Ішіме тұз құйып жібергендей удай ашытып, қаным басыма шауып, бар тамырым сыздап жарылып кетердей жаным шығып барады* [9; 312]. Кейіпкерлердің қимыл іс-әрекеті мен жай-күйін беру үшін қолданған. Мысалы, *Енді қазір жыланға арбалған бақадай аурудың ықпалынан шыға алмай жатыр. Қозғалғысы келеді — қозғала алмайды, сөйлегісі келеді — үні шықпайды. Әбеннің жан тері шықты. Беймәлім дерт ағаш кескен арадай төзімін жұқартып, біржолата тауысуға жақындап қалған секілді* [9; 296]. *Сірке суын ішкендей қолқасына дейін ашытып, тесіп барады* [9; 296].

Автор тілінде теңеулер өңдеуден өтіп, жаңаша қырынан көрініс береді. Мысалы: Мен Сұлтанның мұншалық **жаны тәтті жарқанат** екенін біле қойған жоқ едім [Б.С.] т.б. тілдік тәсілдердің барлығы да көркем шығармада белгілі бір стильдік мақсатқа орай қолданылады. Т.Әбдіков теңеу жасауда әсіреленген сөздерді қолданбаса да, қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасын, белгісін айқын, оқырман қабылдауына әсер етерліктей етіп береді. Салыстырылып отырған құбылыстың сапасын, белгісін нақты бере алатын заттарға теңейді. Жазушы табиғатта болып жатқан құбылысты, қимыл-әрекетті **ата, әже, ер, еркек, қарт, шал, үлкен, әйел, қатын, ана, ене, шеше, балаға** балау арқылы теңеу формасының негізгі міндеттерін орындай алған. Көркемдігі жоғары әдемі теңеулер сирек болғанмен, қолданылған теңеулер шыншылдығымен, нақты құбылыстарды сипаттауымен ерекшеленеді.

Сонымен, қорытындылай келе, көріктеуіш құралдар шығарманың өңін кіргізетін ең ұтымды тәсіл болып есептеледі. Көріктеуіш құралдар кейіпкердің мінез-құлқын, психологиялық ахуалын, эмоциясын дәл беруде таптырмас құрал болып табылады. Жалпы, ақын-жазушылар өлеңдерінде кездесетін семантикалық окказионализмдерді қарастыра отырып, олардың қолданылу ерекшелігін былайша түсіндіруге болады:

- күнделікті қолданылатын тіліміздегі қалыпты немесе дағдылы тіркестерді қайталамау мақсатында;
- өз ойын, белгілі бір құбылысқа көзқарасын білдіру үшін;
- өзгеше бір тың бейнелі сурет жасау мақсатында қолданылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бейсенбай А.Б. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Астана, 2008. — 24 б.
- 2 Еспекова Л.Ә. Қадір Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1998. — 30 б.
- 3 Аристотель. Поэтика. — М.-Л., 1936. — 348 с.
- 4 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. — 4-т. — Алматы: Өлке, 1999. — 464 б.
- 5 Сейдімбеков А. Аққыз: повестер, әңгімелер және ертегілер. — Алматы: Жазушы, 1991. — 365 б.
- 6 Исабеков Д. Тіршілік: повестер мен әңгімелер. — Алматы: Жазушы, 1975. — 254 б.
- 7 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. — Алматы: Санат, 1995. — 208 б.
- 8 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. — Алматы: Арыс, 2007. — 480 б.
- 9 Әбдіков Т. Әке. Повестер мен әңгімелер жинағы. — Алматы: Қайнар, 2005. — 384 б.

Ш.Мажитаева, А.Садуақасова

Семантические окказионализмы

В статье дан краткий обзор классификации окказионализмов в языкознании, также определены особенности образования семантических окказионализмов. Авторами рассмотрено применение окказионализмов в художественных произведениях, их влияние на расширение понятий слов. На основе собранного языкового материала проанализированы языковые, стилистические особенности писателя.

Sh.Mazhitayeva, A.Saduakasova

Semantic occasionalisms

This article makes an overview of classification of nonce words in linguistics and also defines features of forming semantic occasionalisms. The authors investigate application of nonce words in fiction and influence on extension of the concept of the words. Based on data collection of language material it is analyzed linguistic and namely the stylistic peculiarities of a writer.

References

- 1 Beiyisenbaibay A.B. *Application of nonce words in works of Abish Kekilbaev*: Cand. Dissertations of Philological Sciences, Astana, 2008, 24 p.
- 2 Yespekova L.A. *Occasionalism in Kadir Myrzaliev's poems*: Cand. Dissertations of Philological Sciences, Almaty, 1998, 30 p.
- 3 Aristotle. *Poetics*, Moscow-Leningrad, 1936, 384 p.
- 4 Kekilbaibuly A. *Twelve-volume collected works*, 4, Almaty: Olke, 1999, 464 p.
- 5 Seidimbekov A. *Akkyz: novels, stories and fairy tales*, Almaty: Zhazushy, 1991, 365 p.
- 6 Isabekov D. *Existence: novels and stories*, Almaty: Zhazushy, 1975, 254 p.
- 7 Syzdykova R. *Abai's brush-work*, Almaty: Sanat, 1995, 208 p.
- 8 Konyrov T. *Dictionary of Similes*, Almaty: Arys, 2007, 480 p.
- 9 Abdikov T. *Father. Collection of novels and stories*, Almaty: Kainar, 2005, 384 p.

М.Ш.Қабанов, Ж.З.Кадина

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kadina_71@mail.ru)

Толғау жанрындағы сөйлемдердің өзара байланысы

Мақала авторлары халқымыздың көне мұрасы — жыраулар поэзиясының синтаксистік ерекшелігіне тоқталған. Толғау жанрының өкілдері Шалкиіз, Доспанбет, Бұқар жыраулардың шығармалары негізінде мысалдар көрсетілген. Жай сөйлемдердің қатар тұрған қалыбындағы байланыс реті ондағы сөйлем мүшелерінің орын тәртібі мен санына байланысты жүзеге асады. Мәтінде бірыңғай келетін сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдердің де осы тұрғыдағы ерекшелігі көзге түседі. Басты назар мәтін көлеміндегі мұндай ерекшеліктің ерте поэзияның бір сипаты екеніне аударылды.

Кілт сөздер: параллелизм, сөйлем, лингвостилистика, тепе-теңдік, синтаксистік құрылымдар.

Көркем туындының синтаксистік тұрғыдағы айшықтау тәсілдері сол өздері қатыстырылған шығарманың әр түрлі дәрежедегі синтаксистік сипатын беріп тұратындығымен ерекшеленеді. Шығармада кездесетін осындай айшықтау тәсілдерінің бірі — параллелизм. Параллелизмнің өзіндік түрлері көп. Бұл құбылыс бұған дейін әдебиеттану тұрғысынан қарастырылып келді. Ал қазақ лингвистикасында параллелизм жайында нақты бір көлемді зерттеу жоқ.

Лингвистикалық сөздікте параллельділікке мынадай анықтама береді: «Параллельділік — тілдік шығармадағы жеке образдардың, мотивтердің, тағы басқалардың ұқсас элементтерінің бірдей орналасуынан көрінетін байланыс: екі немесе одан да көп сөйлемдегі ұқсас мүшелердің бірдей орналасуы» [1].

Ғалым Қ.Өмірәлиев параллелизм жайында: «Бұл топтағы өлеңдер ырғақтық, инверсиялық, ұйқастық шарттар екінші қатарға шегеріліп, тұрақты модель-формаға айналған біртектес баяндауыш формалас, мағыналас сөйлемдер тізбегіне құрылатындықтан, осындай дайын модель-формалы сөйлем жолдарды қоса беруге көнгіш» [2], — дейді. Олардың мәтінге бірегей қозғалыс тудыруына қатысты Б.В.Томашевский: «Параллелизмы не только повторяют, но и производят некое движение. Иногда это движение совпадает с тематическим нагнетанием» [3], — деп көрсеткен.

Синтаксистік параллелизмнің қатар келген сөйлемдерді тізбектеудегі рөлі ерекше. Профессор Т.Р.Қордабаев синтаксистік параллелизм жайында: «Поэзияда кездесетін синтаксистік қатынас тәсілінің тағы бір түрі — параллелизм. Параллелизмнің түрі де, функциясы да көп, бізге керегі оның тармақтарды, сөйлемдерді бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа келтіруге септігін тигізетін түрі, яғни синтаксистік параллелизм» [4], — деген.

Параллель сөйлемдерде мағына жақындығы біркелкілікке байланысты болады, сондықтан олардың сыртқы (грамматикалық) құрылымында да параллельдік элементтер болады [5].

Өлең сөздегі қатар келген сөйлемдер байланысы сан алуан параллель тәсілдер арқылы жасалады. Сондай тәсілдің бірі — синтаксистік қайталау. Синтаксистік айшықтаудың бұл түрі сөйлем мүшелерінің қайталануы және сөйлемдердің құрылымдық тепе-теңдігі арқылы жүзеге асады.

Көркем мәтіндегі синтаксистік қайталаулардың болмысы өте күрделі әрі ерекше болып келеді. Күрделі болатын себебі — бұл қайталау бірнеше қатарлы сөйлемдерді мәтін ішінде байланыстырушы бірден бір негізгі жүйе.

Мұндай сипатты сөйлемдер тізбегінің қайталауға қатысы мен басқа да қасиетін ашу қажеттігін қазақ тіл білімінде О.Бүркітов мәселе етіп қойды. Ғалым: «Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвистикалық табиғатын барлық қырынан қарастырған кезде бір мәселе ғалымдар тарапынан еленбей, ескерусіз қалып келді. Ол мәселе — синтаксистік параллелизмнің тілдік табиғаты. Синтаксистік параллелизмнің қайталама категориясына қатысын былай қойғанның өзінде, осы тәсілдің тілдік ерекшеліктері, негізгі белгілері, құрылымдық сипаты және стилистік қызметі сияқты мәліметтер мен деректер, тұжырымдар мен қисындар бүгінгі лингвистикалық әдебиеттерде жоқтың қасы. Атының өзі айшықтың тіл ғылымына тікелей қатысты екендігін айтып тұрса да синтаксистік параллелизм толыққанды тілдік құбылыс ретінде лингвистикада әлі күнге танылмай келеді» [6;4], — деген пікір айтады.

Параллель сөйлемдерде мағына жақындығы біркелкілікке байланысты болады, сондықтан олардың сыртқы (грамматикалық) құрылымында да параллельдік элементтер болады [6; 41].

К.М.Абдуллаев: «Синтаксистік параллелизм бірізді болып келеді және олардың компоненттері синтаксистік құрылысы жағынан бірдей немесе өзара ұқсас болып келеді. Параллель компоненттер сөйлемдерді формалық жағы тәрізді мағыналық жағынан да бір типті етеді. Формалық біркелкілік әр түрлі бір типті компоненттердің мүшелері бірдей немесе грамматикалық қатынастардың бірдей болуымен сипатталады» [7; 74], — деген.

Бұл ғалым параллелизмдерді толық және жартылай синтаксистік параллелизм деп бөле келе, оны былайша сипаттайды: «Мәтінді құраушы компоненттердегі синтаксистік единицалардың немесе сөйлем мүшелерінің құрылымы жағынан абсолютті тепе-теңдігі толық параллелизм жасайды» [7; 295].

Ал толық емес параллелизмге қатысты: «Толық емес параллелизм жағдайында құрылымдық тепе-теңдіктен аздаған ауытқулар болуы мүмкін. Ондай ауытқуларға, мысалы, мәтін құрамындағы компоненттер элементтерінің тұлға жағынан жекелеген өзгешеліктері (грамматикалық жағынан бұл сөйлемдердегі сөз түрлендіруші жүйенің әр ыңғайда тұруынан көрінеді), компоненттердегі элементтердің сан жағынан жекелеген сәйкессіздіктері жатады. Оны параллель ететін — жақ, шақ бірдейлігі, санама қатынас. Іс-әрекет, мезгілділік, санамалылық арнасына түседі» [7; 297], — дегенді айтады.

Н.Ш.Мамедов те толық және толық емес параллелизмдердің осы сияқты белгілерін көрсетеді [8]. Толғауларда синтаксистік құрылымдардың (лексикалық құрамы әр түрлі болуы мүмкін) тепе-тең түрде қайталануы арқылы параллелизмнің жасалуы — жиі кездесетін құбылыс. Мұндай сөйлемдердегі синтаксистік конструкция арақатыстылықтың үлгісіне қарай толғаулардағы жарыспалы құрылымдарды топтастыруға болады.

Құрылымы **«толықтауыш, баяндауыш»** үлгісінде келіп құрылысы тепе-тең түрде қайталанатын сөйлемдер:

*Айналады берік етер,
Жиган малың тәрік етер,
Атың, тоның бұлды етер,
Өз басыңды олжа етер* (Шалкиіз) [9; 76].

«Анықтауыш, бастауыш, баяндауыш» қатарымен сипатталған сөйлемдер түзілісі:

*Ғаділ төре ел бастар,
Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар...* (Шалкиіз) [9; 86].

«Пысықтауыш, бастауыш, баяндауыш» үлгісінде келген тізбекке Жиёмбет жыраудың мына толғауындағы жолдар дәлел болады:

*Үш ай тоқсан кезінде,
Қошқар менен бұра мас,
Қақ көктемнің кезінде
Айғыр менен бұқа мас.
Жас болжалы жеткенде
Қыздар менен жігіт мас...* [9; 97].

Ақтамберді жыраудың мына толғауындағы конструкцияны **«толықтауыш, қаратпа сөз, баяндауыш»** құрылымды сөйлемдер тепе-теңдігі құрайды:

*Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін...* [9; 106].

«Анықтауыш, толықтауыш, баяндауыш, бастауыш» қатарымен келген сөйлемдер үлгісі Бұқар жыраудың мына толғауынан кездеседі:

*Биік тауға жарасар,
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар,
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.*

*Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы [9; 30].*

Асан Қайғының мына жолдарындағы сөйлемдерінде құрылым «анықтауыш, бастауыш, толықтауыш, баяндауыш» тепе-теңдігімен қайталанған:

*Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадырын не білсін.
Қырда жүрген дуадақ
Су қадырын не білсін [9; 63].*

Ал Шалкиіз жыраудың мына жолдарындағы құрылымдық желіні жіктік жалғаулы қатармен бірге (**алтынсың – пұлмын**) жіктеу есімдігінен болып тұрған бастауыштар (**сен – мен**) қоса жетілдіре түскен:

*Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін.
Сен сұлтансың – мен құлмын,
Сен сұңқарсың – мен құмын... [9; 79]*

Қатар келген сөйлемдердің тұрақты параллельдігін сол сөйлемдердің құрылымының бірдейлігі жүзеге асырып тұр. Осы арқылы мағыналары бөлек келетін сөйлемдер бірыңғай синтаксистік байланысқа ие болады. Ал бұл байланыс — ол сөйлемдерді мәтін ішіндегі байланыстырушы тәсілдердің маңыздысы.

Бұл конструкциялы құрылымның, яғни синтаксистік параллелизмге түскен сөйлемдердің, грамматикалық теңдік дәрежесін, О.Бүркітов нақты көрсетеді: «Ал осы құрылымның тілдік табиғатына көз жүгіртсек, көптеген мәселелерді анықтай аламыз:

1. Өлеңнің параллель шумақтарында құрылымы бірдей сөйлемдер қайталанып қолданылған.
2. Қайталама құрылымды сөйлемдердің басым бөлігі бірдей сөздердің қайталануы арқылы берілген.
3. Қайталама құрылымды сөйлемдердегі сөйлем мүшелерінің орны үнемі тұрақты сипатта.
4. Өлеңдегі қайталама құрылымды сөйлемдер де, оның құрамындағы қайталанып келетін сөздер де бір заңдылыққа негізделіп берілген» [6; 6].

Қатар келген жай сөйлемдердің бір-біріне құрылымдық жағынан сәйкес келуі, яғни сөйлем мүшелерінің саны бірдей және олардың орналасу реттерінің тура болуы, — толғауларда сирек жайт. Кездескен жағдайда мұндай қатар шығарманың аз ғана бөлігін қамти алады. Себебі толғау мәтіндері тармақтарының өлшемі үнемі бірдей сақтала бермейді.

Алайда бұл параллель конструкциялар жыраулар туындыларындағы дербес сөйлемдерді құрылымдық жағынан тізбектеуші тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл сөйлемдердің мағыналық бірлігі болмаса да, тұтас құрылымдық бірлік пайда болып, сол арқылы қатар келген сөйлемдер бірыңғай синтаксистік жүйеге топтасады.

Толғаулардағы сөйлемдер қатарының осы түрдегі тепе-тең жағдайы ондағы құрмалас сөйлемдерден ерекше байқалады. Қатар келген құрмалас сөйлемдердің сыртқы құрылымының бірдейлігі жыраулар туындыларында мол кездеседі. Өлеңді сөздерде қатар келген құрмалас сөйлемдер арасындағы параллель түзіліс қатар келген жай сөйлемдерге қарағанда ерекше. Себебі құрмаластағы мағыналық та, грамматикалық та байланыс қатары өте берік жымдасады. Демек, бұлар түйдекті келген ой жүйесін бірыңғай топтайтын факторлар ретінде танылады. Сондықтан толғаулар ішінде құрылымы тең дәрежеде келіп параллель тізбектелген құрмаластар аз емес. Оларды құрмаластың түрлеріне қарай беруге де болады.

Толғаулар мәтнінде бір оқиға не іс-әрекет негізін беру мақсатында қолданылатын шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер мол кездеседі. Аталған құрмаластың түрі бұл тұрғыда аса қолайлы. Соның дәлелі ретінде олардың бір толғау бойын тұтастай алып жататынын байқауға болады. Ондай жағдайда қатар келген бірнеше шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер бір-бірімен құрылымдық әрі ұйқас жағынан берік жымдасып жатады. Бұндай қатарлы тізбек көбіне сол шығарманың бүкіл дерлік бөлігін қамтып тұрады. Аталған жайт туындының құрылымдық сипатын жасауда шешуші рөл атқара алады. Олардың қатарының көп болуы жыраулар шығармалары мазмұнының болжам, меңзеу түрінде келуімен байланысты.

Басыңқы сыңардағы сөйлем мүшелері келесі құрмалас сөйлемдегі басыңқы сыңармен сыртқы құрылымдық үйлесім түзей отырып, бағыныңқы компонентпен қоса қатар келген құрмалас

сөйлемдерді жалпы құрылымдық тепе-теңдікке алып келеді. Бұл тепе-теңдік, қай жағынан алып қараса да, өзінің ішкі үйлесімін соңына дейін сақтап қалады.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем автордың белгілі бір идеяны беруін жүзеге асырушы басты амал болып саналады. Мұндай толғаулар мәтіні бүтіндей автор тарапынан қолға алынатын ой-пікірді неғұрлым үздіксіз жеткізу орайын көрсетеді. Соның нәтижесінде бірінен соң бірі еселеніп келетін тең дәрежелі компоненттер тізбегі пайда болып, олардың теңдік жағдайын мағынасы мен құрылымы тұрғысынан байқай аламыз. Осы сипатты тізбекті қатар мына толғаулар мәтіндерін толық алып жатқаны көрінеді.

Асан Қайғы:

*Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғарып,
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғарып [9; 62].*

Ақтамберді жырау:

*Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Артынан жаман шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең.
Қайырлы болса баяжан
Дария шалқар көлмен тең.
Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең [9; 117].*

Бұқар жырау:

*Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп... [9; 18].*

*Ауылда адам бар болса,
Ауыл ала болмайды.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды [9; 30].*

Бұл толғауларда мәтіннің құрылымын бір-бірімен бірдей жақ-шақ формасында есімшенің *-ар* қосымшалы баяндауышымен қоса бағыныңқы сыңар баяндауышының бірыңғай шартты рай (*-са*) түрімен келуі түзеп тұр. Сонымен қоса ұйқасқа қатыстырылған мүшелердің 1-мысалда көсемшенің *-ып* жұрнағымен бірыңғай келуі, қалған үш мысалдың алғашқы екеуінде есім сөздердің (*ғарып, тең*) соңғысында етістіктің (*болмайды*) қайталануы бұл құрылым байланысын еселей түседі.

Бұл толғаулардағы қатар келген сөйлемдерді параллель қатар жасауға *-са, -се* шартты рай қосымшасы қатыстырылуымен қоса, бағыныңқы сыңардың баяндауыштары бірдей қосымша қабылдауы арттырып тұр.

- 7 Vasil'yev A. *The study of different strategies in general and in particular the strategies used in the publishing industry: Monograph*, Moscow, 2007, http://knowledge.allbest.ru/journalism/3c0a65625a3ac79b5c43a88521316c27_0.html
- 8 Semykina Yu. *White spots book market of Kazakhstan*, <http://365info.kz/2014/06/belye-pyatna-knizhnogo-rynka-kazaxstana/>
- 9 *The results of the survey are published on the website*, <http://www.zakon.kz/153923-v-kazakhstane-nachnut-izdavati.html>

Nagy Eniko

*Institute of Business and Tourism, Hungary
(E-mail: husztizs@mail.ru)*

IT competences in preschool teachers' training

In my study I shall provide a report on several years of IT training experience gathered within the institutional framework of teachers' training at Illyes Gyula Faculty at the University of Pecs. The study focuses on the question whether students who major in pedagogy in higher education hold sufficient IT skills, competences and performance that are required for the successful completion of their studies in higher education and whether after the completion of their training the fresh graduates are ready for future work in the context of IT activities? I shall essentially observe IT skills required by the curriculum and how they can be developed in preschool (kindergarten) teacher-training courses.

Key words: IT training, technological framework, algorithmic cognition, the attitude of applicability, informatics, role of competence.

Introduction

In my study I shall provide a report on several years of IT training experience gathered within the institutional framework of teachers' training at Illyes Gyula Faculty at the University of Pecs. The study focuses on the question whether students who major in pedagogy in higher education hold sufficient IT skills, competences and performance that are required for the successful completion of their BA studies and whether after the completion of their training the fresh graduates are ready for future work in the context of IT activities? I shall essentially observe IT skills required by the BA curriculum and how they can be developed in preschool (kindergarten) teacher-training courses.

We can say that IT training has been in a unique position not only within the framework of teacher-training but, also, generally — including all fields of education. The constantly changing technological framework and the rapid development have been challenging experts specializing in this field. From a somewhat lay perspective this means that a curriculum has got to be developed for the subject of «IT» — including the training of concrete protocols of application — so that it could later be taught along an accredited programme. At this moment we have been having some issues, on the one hand, due to the fact that the scope of the accreditation of a particular major/minor covers a number of years. Yet, on the other hand, we cannot plan trainings for concrete applications for more than one or two years with reference to applied informatics, either. Furthermore, several misunderstandings have been cropping up concerning IT trainings.

Learning IT

Professional competence has recently been very much dependent on technological changes. The continual retooling of competences implies lifelong learning — c.f. users' application frameworks like WEB 2.0/3.0 that everyone needs to get familiar with not only within the frames of special applications but, also, in daily use. Besides the former example there are numerous further reasons that necessitate IT training. European labour market requires that every person should be somewhat competent in IT ranging from basics to professional competence. IT training begins during preschool (kindergarten) education and is indispensable up to the highest levels of education. Yet we shall have to go and observe the segments of the field of IT in order to make sense of the concept, informatics.

Basically five required competences constitute the educational paradigm of informatics (IT). 1) Algorithmic cognition — starting with training in basic procedures. These are activities that are indispensable for building up conscious protocols. Random trials have to be excluded in order to shape a conscious user's attitude. 2) The attitude of applicability — students learn that the computer is a device that man can make extremely multiple use of. 3) Problem solving — when performing tasks we can competently select the proper IT device or application, and, we can also design a complex use of them. 4) Training for individual work with the help of IT. 5) IT protocol — this guides us how to «manage» the computer in this age of information and how to make proper use of the choices IT has been offering. «There is, no doubt, a strong need for a course in informatics (IT) since at this moment the pass mark level in IT implies some requirements that have not been fully included in the curriculum of any existing course. The educational paradigm of IT has an

inner logic and a conceptual framework of its own that has also become part of the general basic competences and which could only be taught in the form of a unique course» [1].

See below a list of general IT competences that are needed in higher education. The list has been set up by Laszlo Zsako at the IT Faculty at ELTE with reference to general education:

- IT related mathematics;
- basic IT concepts;
- setting up algorithms, data modelling, basics in programming;
- means of programming;
- performing tasks of application with IT devices designed for general use;
- handling operational systems of application;
- solving concrete problems via computers;
- using IT devices, the means of operating IT devices;
- informatics and society, informatics — in the past and in the future; ethical issues of informatics.

An almost limitless amount of learning could be related to the topics listed above — and this offers a choice for selection for each training programme.

Misconceptions Related to Training/Learning IT

Laszlo Zsako has also collected the misconceptions that we have to face in order to manage teaching IT properly. And now we shall observe in an all-inclusive analysis the misconceptions that feature in our current trainings. «The scope of the course in general informatics has generated heated debates among IT teachers, and an extremely heated one among IT experts and parents who are not competent in informatics. We depict mistaken and excessive views and consider them with criticism in order to highlight the importance and the proportion of segments included in the curriculum. We considered the following misconceptions last year» [2].

Says Laszlo Zsako in his study where he primarily focuses on public education. We can add that, besides secondary education, the misconceptions also feature in higher education and generate significant issues generally for the higher education, not just the segments engaging in IT — preschool/kindergarten teacher-training included.

The list below sums up the misconceptions that in some cases have already developed into frameworks:

- The course in informatics $\equiv$ let's talk about informatics, generally.
- Training in informatics $\equiv$ comprehensive training.
- Training in informatics $\equiv$ this exclusively refers to users' training with reference to applications.
- Users' training with reference to applications $\equiv$ learning the functions of an application.
- Training in informatics $\equiv$ training exclusively in program design.
- Training exclusively in program design $\equiv$ teaching a single program language.
- Training in informatics $\equiv$ teaching segments of knowledge, each of which is of equal importance.
- Training in informatics $\equiv$ some subjectively selected segments of informatics.
- Training in informatics $\equiv$ exclusive training in the use of a particular IT device.
- Training in informatics $\equiv$ a course that covers a sequence of otherwise unrelated sets of knowledge.
- The training always targets the most recent IT device.
- The IT course tutor is less competent than the student.
- Training in IT does not require a course [2].

The points listed above reveal an aspect basically reflecting that various viewpoints and attitudes have developed among both lay people and among experts and they meet with contradictions and generate debates. I have found these viewpoints and attitudes claim analyses.

11 essential misconceptions have shaped that we can, also, readily consider to have been significant in higher education. This time I shall underline the most problematic ones. We have already come across numerous definitions of informatics — the most conspicuous one reflects on the function when informatics is used to process data. If we consider processing data to be the central task of informatics we may as well wonder what the case is with the rest of other professional courses (whether they target electronics, natural sciences or any other field). Each course processes information within the framework of its own field. So does informatics itself. If, however, we overemphasize this we may as well mistakenly consider informatics to have a comprehensive professional profile without segments that, otherwise, would have constituted a part of general cultural competence. This perspective naturally became discredited during the 1990's — also indicated by the contemporary society of information. Another misconception claims that training in informat-

ics exclusively implies that we learn the use of devices and applications and, therefore, it does not have to develop skills and problem solving. We could ask with the same logic why we should learn history or mathematics when only a few people will go and become historians or mathematicians. «It is not technical competence that develops excellent user's competence but a general conceptual competence in basics and methods» [3].

This indicates that it is a misconception that if someone skilfully navigates within a program then s/he is competent in informatics. These first two points are sharply contradicted by the claim that within the course in informatics students do not need to learn the use of devices because they will learn that at home by themselves, anyway, just like they learn by themselves how to use the remote control of the tv set. It is also wrong when one thinks that the right way to teach informatics is to teach segments of IT competence one by one linearly and with laying the same amount of emphasis on each of them. It is nonetheless also unwise to limit training in informatics to a single segment of IT. Parents, students and teachers often face the problem that IT tutors may be less competent than students. This is generally the case when a student develops competence and performs well with particular applications and frameworks. This performance is, however, limited in its scope and will not be competent with the tutor's general IT competence and with his/her skills in generating overviews and abstraction. Each further similar misconception reveals some truth yet the excess in them generates negative output that can be traced in preschool/kindergarten teacher-training in the form of discontent held against courses in informatics.

IT Training for BA Majors in Preschool/Kindergarten Teacher-Training

In this section — following the lead of the prompts listed above — I shall observe IT training for BA majors in preschool/kindergarten education at Illyes Gyula Faculty at the University of Pécs. I have previously provided a detailed summary of the scope of competences, fields of knowledge covered by IT training and the misconceptions that have shaped with reference to them. It is interesting how this complex of issues features in BA studies. Prior to Bologna IT training for preschool/kindergarten major used to consist of a two-hour lecture and another double class of practical training in informatics. Thanks to the pragmatically focused curriculum IT training has recently become a double seminar consisting of practice — and students are also offered elective courses in IT to further develop IT skills and competence they may need during their further studies and when they start to work.

The IT curriculum consists of three basic parts: IT basics; application frameworks and applications that support preschool/kindergarten teaching. The latter segment is of uttermost significance on account of the fact that customized developing skills and developing games have been considered outstandingly important preschool/kindergarten activities. It is the very task of preschools/kindergartens to provide children with sufficient basic competence for the reception of the culture of information and communication. The Curriculum of the Faculty declares: «In this course students learn interactive programs that can be used in preschool/kindergarten sessions and the most effective methodologies of learning with computers. Students taking this course learn to be looking for proper computer programs fit for preschool/kindergarten education, for teaching and language teaching. Students in practical IT training courses learn the use of programs that they will be able to make effective use of in small children's development and, also, in language teaching» [4].

Assessment is provided via two mid-term papers: students are given tasks that they perform and solve via the use of computers. They also have to complete a project by the end of the term. These three components generate their grade for the course. To put it in a nutshell we can say that both us, IT tutors and students taking IT courses have been in an extremely difficult situation. During the training we prepare our students for individual work and for self-development and we target the development of problem-solving competences, thinking logically and in algorithms. This is a complex and difficult task that is tightly contingent with the surfacing and dominance of misconceptions concerning informatics. Considering these in order to counteract their negative impact I shall present choices for developing competences that may help tutors to provide an effective training sufficient for our contemporary society.

The Model of IT Competence

Competence is «a feature that is basically cognitive with a strong impact of elements of motivation, skills and emotional attitudes» [5]. We are discussing IT — otherwise called, «digital» — competence: it is constituted by readiness and skilfulness with which we can work with our IT communicative skills as long as circumstances make them available. Since we know that IT competence will not generate by itself we have to pay attention to its development. The university provides choices for the development of the following competences — among others. Andrea Karpati, fellow at ELTE TTK Communication and UNESCO Multi-

media Pedagogy Centre has listed these competences. She has also discussed them in several papers of hers. I shall rely on Karpati's research in the following analysis of IT competences concerning preschool/kindergarten teachers; while in discussing IT skills in application I will rely on my personal pedagogic experience.

The majority of students majoring in preschool/kindergarten education can select the proper software that is needed for performing a concrete task — ranging from administrative activities to designing interactive playful developing skills tasks and their applications. They can make use of resources but they are hesitant when facing novelties. They are frightened by new users' interfaces, and they need strong incentives to go and give them a try — also enhancing self-development. Individual learning can exploit the university's Coo-Space Framework, though it is seldom used and only with reserve. Via connecting to Coo-Space students may get acquainted with ways of «distant-learning». This is a digital platform of co-operation shared by students and tutors that promotes several ways for communication, for performing administrative tasks, for storing data, for organizing and for assessment. Students on the one hand develop user's competence and, on the other hand, s/he also develops an analytic and systematic way of thinking that also promotes her/his self-developing competence. Students later may also develop their distant work competences with the help of frameworks of e-learning. Creativity is indispensable for pedagogues who take care of and develop young children. When we try to design a preschool/kindergarten session making use of IT assets at hand students' session designs reflect that their readiness for the use of IT devices is limited to the setting up of a task sheet or to operating the overhead projector.

Designing and conducting IT-based preschool/kindergarten sessions — like second life scenarios or the use of virtual space, the introduction of avatars, simulating game applications that are accessible online — provide further choices that would expressly enhance creativity. Photoshop and cartoon design application may also enhance the effective work of preschool/kindergarten teachers.

Pedagogic work — besides basic office work — also consists of assessment that is backed up by table and data processing applications: setting up a database is a complex task from design to data maintenance — normalization, configuring, setting up reports, filling in forms, etc. included. These IT applications help in the assessment of the educative processes of young children, and, furthermore, they largely contribute to the shaping of a system-based attitude. The competence segment of «the use of IT for the purpose of collecting information and for learning» [6] is based on life-long learning (LLL). This is a key issue for an innovative pedagogic attitude and it is an indispensable constituent of permanent development. The internet provides infinite choices for the acquisition of information – its regular competent use enhances prospective preschool teachers' self-confidence. Last but not least familiarity with the social, ethical, legal and health-care regulations concerning IT culture and conforming to these rules is also an important segment of this set of competences. «This is the field where the culture of Hungarian IT education needs doing up the most» [7].

Preschool/kindergarten teachers have to be aware of the positive and negative impact of IT devices. The ergonomic rules of shaping a healthy working environment must be applied as early as the kindergarten so as to secure this attitude as a natural disposition in kids' everyday lives. The same applies with reference to legal frameworks that are tightly related to data safety.

Summary

In my argument concerning the role of competences I have made use of my own teaching experience and that of general competence conceptualizations. Preliminary to this I had provided an outline of the sets of IT paradigms that are required in the IT training for the preschool/kindergarten curriculum and then set up a list of wide-spread misconceptions contingent with IT training.

In order to develop IT training for preschool majors I suggest the design of a framework of IT devices the use of which promote coping with the difficulties generated by IT society. I have collected the competences that ought to be developed during BA studies for majors in preschool/kindergarten education. I hope that my commentary on them will further enhance our successful work effectively.

References

- 1 Szlavi Péter, Zsako László Az informatika ismeretkorei, úlogia 30 / ELTE TTK, Általános Szamita studományi Tanszek, Informatika-Szamitastechnika Tanarok Egyesulete, Budapest, 1995.
- 2 Szlavi Péter, Zsako László Az informatika oktatásának módszertana // Informatika a Felsőoktatásban' 96 — Workshop '96, Debrecen, 1996. — [ER]. Access mode: <http://www.iif.hu/rendezvenyek/networkshop/96/eloadas/03e11.pdf> [2013-08-06]

- 3 Szlavi Péter, Zsako László Az informatikaoktatás teveszmei // ELTE TTK // Informatika Szakmodszertani Csoport, Budapest, 2011. — [ER]. Access mode: <http://lenarda.hu/-files/Az-informatikaoktatás-teveszmei.pdf> [2013–07.23]
- 4 Kurucz Rózsa, Mozolai Annamária, Szabo Ernő János Pecsí Tudományegyetem Illyes Gyula Kar, Tanrend, Szekszárd, 2012. — [ER]. Access mode: <http://igyk.pte.hu/index.php?p=contents&cid=1195> [2013–06.01]
- 5 Vajda Zsuzsa Bathory Zoltán – Falus Iván (szerk.): Pedagógiai Lexikon. — Vol. 2. — Budapest: Keraban Kiado, 1997.
- 6 Karpati Andrea «Tanarok informatikai kompetenciajanak fejlesztése.» Iskolakultura, 4. Szam, 2007. — [ER]. Access mode: http://www.epa.oszk.hu/00000/00011/00114/pdf/iskolakultura_EPA00011_2007_04_003–007.pdf [2013–08–09]
- 7 Lakatosné Török Erika — Karpati Andrea «Az informatikai kompetencia, a pedagógiai gyakorlat és az innovációs sikeresség összefüggései az európai digitális tananyagportal magyar kipróbálói csoportjában. — Budapest: Magyar Pedagogia, 2009. — No. 109.

Наджи Енико

Мектепке дейінгі оқытуда ІТ қолдану

Мақала мектеп жасына дейінгі балаларға жаңа технология көмегімен тілдерді оқыту мәселесіне арналған. Автор өз зерттеуінде университетінің педагогикалық тәжірибесін негізге алды (Illyes Gyula, Венгрия). Зерттеудің негізгі мәселесі — жоо бағдарламасының жаңа технология тұрғысынан оқытылуы және мектепке дейінгі мекеме педагогтарының қажеттілігінің арақатынасы.

Наджи Енико

ІТ-компетенции в дошкольном обучении

Статья посвящена проблеме преподавания иностранных языков с помощью информационно-коммуникационных технологий детям дошкольного возраста. Свои наблюдения автор основывает на педагогическом опыте факультета Illyes Gyula Печского университета (Венгрия). Важным проблемным моментом исследования стало изучение соотношения вузовской программы и реальных потребностей педагога дошкольного учреждения с точки зрения информационно-коммуникационных технологий.

ӘОЖ 398.2(574)

М.І.Әбдуов, А.К.Алдамұратова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: aldamuratova@mail.ru)*

Тұрмыс-салт ертегілеріндегі дәстүрлі сарындардың көрінісі

Мақалада тұрмыс-салт ертегілеріндегі дәстүрлі сарындардың қолданылу аясы жүйелі түрде айқындалған. Сондай-ақ олардың түрлері анықталып, ертегілердегі алатын орыны ғылыми тұрғыда сараланып көрсетілген. Әсіресе сиқырдың нәтижесінде жануарлардың өзге жаратылысқа айналуы немесе шешендік пен тапқырлықтың шығарманы көркемдеудегі рөлі тәрізді маңызды мәселелер нақты мысалдар қолдану арқылы өзінің оң шешімін тапқан.

Кілт сөздер: дәстүрлі сарындар, оқиға желісі, оқиға иірімі, көне дәуір, шешен сөз, дәстүрлі мотив.

Тамыры тереңде жатқан тұрмыс-салт ертегілерінің түп төркінін тек қана көне замандарда пайда болған тұрмыстық аңыздармен және жекелеген мифтермен байланыстырсақ, толық қамти алмаған болар едік. Қалыптасқан дәстүрдің аясында көптеген жаңа сюжеттер, үй жануарларының ерекшеліктеріне байланысты әңгімелер туындағаны анық. Ертеде малшылар мен аңшылардың жануарларды, аң мен құстарды қадағалай зерделеуінің нәтижесінде таңқалдырар түрлі әрекеттерді баяндайтын әдемі, ұғынуға жеңіл аңыздар пайда болды. Олар ондаған ғасырлар бойына ауыздан ауызға көшу арқылы сұрыптаудан, өңдеуден өтіп халықтық мұраға айналды. Мәселен, самұрық бейнесінің көптеген ертегілерде кездесіп, бірсарынды оқиға иірімді шеңберінде көрінетіндігі соның айғағы. Мұндай сипаттар ауыз әдебиетінің қайым замандағы түрлеріне жатады. Осы орайда Е.Мелетинский қарғаны тіліне тиек етеді [1]. Мұндай мазмұнда айтылатын фольклорлық туындыларға оңтүстік-батыс Африка тайпаларының ертегілері де жатады [2].

Көне ертегілік сарындардың басым бөлігі ертедегі халықтардың тұрмыс-салтымен тығыз байланыста туған. Сөйтіп, ертегілердің көптеген түрлеріне өзінің әсерін тигізген, сюжетін байытып, тартымдылығын арттырған. Олай болса, мұндай сипаттың тұрмыс-салт ертегілерін айналып өтуі мүмкін емес еді. Әлем халықтарына кеңінен тараған «Алтын қыз» («Золушка») ертегісінде көрініс беретін көне сарын — күндестік мәселесі. Адамзат тарихындағы осы жағдай мүмкін матриархат дәуірінде қалыптасқан шығар, бірақ өзінің өзегін жоймай ертегілердің оқиға желісін жандандыруға айрықша әсерін тигізгені хақ. Осы сипат қазақ фольклорында «Ақбілек қыз — Тұрғын бала» ертегісінің сюжетіне негізгі арқау болған. Ойымыз түсінікті болу үшін ертегіге назар салып көрелік.

Бұл ноғайлы ханның қыздары Қанікей, Тінікей Бөген кәпірден қыз алды деп, қастық ойлап, Ақбұрыққа күндес болады, егерде бала тапса, оған залал келтірмекші болып, мыстан кемпірге сөйлесіп қояды.

Бөген батырдың әйеліне құтты болсын айтамыз деп, Қырымның қырық батыры келеді. Әлденеше күн қонақ болғаннан кейін, қайтуларына таянғанда, қырық батыр былай дейді: «Бөген батыр Еділ-Жайық бойында ит салып, құс жүгіртелік, бізбен бірге жүр», — дейді, батырлардың көңілдерін кимай, Бөген еріп кетеді [3].

Мәтінде үш түрлі мәселе анық аңғарылып тұр. Біріншісі, күндестік. Бірақ себебі басқа. «Алтын қызды» күндестіктің қазығы өгей шал болса, бұл ертегіде өзге елдің қызына батырдың үйленуі. Яғни, күндестік ертегінің оқиғасының өрбуіне негіз болып тұр. Және мұндай деталь әлем халықтарының

ертегілеріне тән құбылыс та, көнеден келе жатқан сарын екендігі көрінеді. Күндестік бар жерде өш алу да бар. Ертегіні тыңдайық.

Бұл уақытта батырлар жүрмекші болып, Бөгенді ертіп, қырық бір батыр Еділ-Жайыққа келеді. Қырық бір батырдың иті қаңқылдап, құстары саңқылдап, мәз. Бөген кетерінде еліне: «Әйелім бала тапса, сүйінші сұрап Ақ Жайыққа келерсің», — деп тапсырады. Батыр мәз-мейрам болып жүре береді. Бөген кеткен соң, көп кешікпей, Ақбобық толғатып бір ұл, бір қыз табады. Ұлының атын Тұрғын, қызының атын Ақбілек қояды. Мұны Қанікей, Тінікей естіп, Ақбобыққа ақ аюдың мұрын терісін иіскетіп талдырып тастап, екі баланың орнына екі иттің күшігін салып мыстан кемпірді шақырып алып, екі баланың екеуін де жоқ ет деп, екі қоржын бас ділдә береді. Бұл сөзді кемпір естіген соң, қолына темір таяқ алып, аяғына темір етік киіп, екі баланы арқалап жүріп кете береді. Темір таяқтан тебендей, темір етіктен теңгедей қалғанда, екі баланы бетпақтың шөліндегі, жолаушының жолындағы сексен күндік шөлде жатқан қырық құлаш шыңырауға салып, кемпір кейін қайтты.

Бұл уақытта қатының күшік тапты деп айта алмай, қалай естіртудің амалын таба алмай, ноғайлы руы сеңдей соғылады. Әйтсе де көп уақыт өтпей-ақ, бір адам Бөген батырға хабар салуға барады. Бұл уақытта батыр елден хабар болмады деп, асып-сасып, құс салып, ит жүгіртуге көңілінің қошы келмей жүрген кез еді. Сол кезде ауылдан хабарға барған кісіге жолықты. Бөген батыр амандасып болуға шыдамай: «Аман ба?» — деп сұрады. Хабаршының сөзі:

Елдің амандығы құрысын!
Кешегі бір күндегі
Бақтың асқан кезінде,
Бірнеше жыл жол жүріп,
Көріп алған көріктің,
Сүйіп алған тектің,
Соғысып алған Ақбобығың,
Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда,
Қос қара мойнақ күшік тапты, —

деп хабар берді. Бұл уақытта батыр не боларын білмей, қасында жүрген қырық батырды шақырды, бұлар келген соң: Ай, жігіттер, кешегі Ақбобық қос қара мойнақ ит тауыпты, соны дарға асып, я болмаса Құла су деген дариядағы аралға апарып, екі күшігімен тастаңыз», — деп бұйрық береді. Батыр айтқан соң, амал бар ма, қырық батыр Ақбобықты тауып алып, дарға асуға қимай, Құла суындағы аралға екі күшігімен әкеліп тастап, кері қайтты.

Ендігі хабар бұдан үш күн бұрын мыстан кемпірдің шыңырауға келіп тастаған екі баланың жайынан.

Жирен көл мен қырық құлаш шыңыраудың екі арасы сексен күндік жер екен. Бірақ бұл шыңырау болса керек. Кемпір тастағаннан кейін, үш күннен соң, қырық нарға жүк артқан керуендер жүгін түсірмей жатып, шыңырауға қауға салады, бұл салған қауғаны екі бала жұлып алып қала береді. Сонымен қырық қауғасын салса да керуендер су алып іше алмай шөлдеп өлер болады.

Көп керуеннің ішіндегі бір молдасы келіп: «Мені құдыққа сал, болса да шөлдеп өлетін болдық қой», — деп беліне арқан байлатып құдыққа түсті. Бұл уақытта құдықтың түбіне жақындағанда, қауғаның үстінде томпып отырған екі баланы көрді. Молданы бала көре салып, басын жұлып алайын деп, тұра ұмтылып еді, қасындағы қарындасы адам екенін біліп жібермеді.

Екі баланың сөзі:

— Су керек болса, бізді жарық дүниеге шығарып, түрлі олжа бер, — дейді. Молда олжа мен жарық дүниеге шығарам деп уәдесін береді. Молда арқанды сілкіп, екі баланы құшақтастырып, қауғаны жинап, далаға шығады. Балаларға көйлек, дамбал беріп, қалашылар әбден тынығып алып, екі күннен кейін көше бастайды. Бала еріп кетеді. Балаға берем деген сыйлығын үш күнге шейін бермей әуре етеді. Бұл уақытта бала сыйлық бермейтінін біліп ашуланады, кірешілер неге ашуланасың деп ұра бастайды. Тегі батырдың тұқымы болғандықтан, Тұрғын бала қорлыққа шыдамай, қалашылардың қолындағы қырық нарын, сексен тай жүкпен, шыңыраудың басында қалған қарындасы Ақбілекке келеді. Келгеннен соң, жүкті ақтарып киініп алады. Қабырғадан жақ, жыңғылдан шыңғақ оқ жасап құлан-бұлан атып, күн көріп жата береді [3].

Екіншіден, жаңа туған баланы шөлге апарып тастап, орнына иттің күшігін салу да көнеден қалыптасқан, кең тараған оқиға иірімі. Ауыз әдебиетінің көптеген жанрларында кездеседі. Сонымен қатар шөлге тасталған балалар қандай қиыншылық болмасын бәрін жеңіп, ержетіп шығуы да дәстүрлі

сарын. Үшіншіден, ертегінің соңындағы әділдіктің үстемдік құрып, қара ниетті кейіпкерлердің жазаға ұшырауы қалыпты жағдай.

Ақборық келгеннен кейін, мына жағынан Тұрғын, қарындасы Ақбілек, әйелі Тәпелтес, үлкен көш керуеннен олар да келеді. Бөген баласы, әйелі келгеннен соң, көңілі тасып, бүкіл ноғайлы еліндегі халықты шақырып, сансыз мал сойып, отыз үй тігіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, алтын қабақты аттырып, ноғайлы елін қызыққа баттырады. Мыстан кемпірді халық алдында дарға асып өлтіреді. Оған қосылып, дұшпандық қылған ханның қызы Қанікей мен Тінікейдің жұрт алдында бетіне күйе жағылып, айыптары әшкереленеді. Бұның үстіне, өзінің жолдастары — Қырымның атакты қырық батырын қонақ етіп, үш айдың жүзі болғанда, тойының аяғы тарқап бітеді. Бөген баласы табылғаннан кейін көңілі тасып, әлденеше жыл қайғылы жүргенін ұмытып, Тұрғынға үй тігіп, еншісін беріп, дүниеден армансыз болып өтеді [3].

Міне, біз бір ғана ертегінің бойынан көне дәуірде пайда болып, қалыптасқан төрт түрлі сарынның қолданыс тапқандығының куәсі болдық.

Келесі бір көне сарындардың бірі — жануарлардың өзге жаратылысқа айналуы. Бұл жайында зерттеуші-ғалым Г.Н.Потанин жан-жақты айтқан болатын. Мәселен, буряттардың этиологиялық аңызында байдың қызы әке-шешісінің тойымсыздығына қатты қапаланып, көкекке келіп көмек сұрайды, нәтижесінде малы жабайы аңға айналып кетеді [4]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді, бірақ қажет деп таппадық. Бұл да мал шаруашылығына негізделіп, тұрмыс-салттың аясында алынған детальдар болып табылады.

Келесі бір керемет көрініс, нақыл, шешен сөздердің қолданылуы. Ақиқатында нақыл сөздер фольклордың дамуына, өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосқан. Сондай-ақ оның қайнар көзі арғысы мифте, бергісі көне ертегілерде жатыр. Айтылған нақылдардан көне дәуірдегі тұрмыс-салтты да аңғаруға болады. Белгілі бір тайпаның немесе ортаның ұғым-түсінігі, қабылдауы, ісі, қарым-қатынасы да осы шешендік үлгілерден байқалады. Сондықтан оларды ертегілерден алып тастау не бөліп алу мүмкін емес.

Ертегілердегі шешендік шығарманың маңыздылығын арттыру үшін қолданылса, оқиға мифтік аңыздардан алынуы мүмкін. Сөйтіп, оларды үндестіру үшін түрлі детальдар, иірімдер пайдаланылады. Мәселен, тұрмыс-салт ертегілерінің шоқтығы биік туындысы «Аяз би» ертегісіндегі хан қызының жұмбағы мен Жаманның оны шешуі аса жоғары деңгейдегі тапқырлықтың көрінісі. Немесе «Торғай мен адам» ертегісіне назар аударып көрелік.

Өткен заманда бір саятшы тор құрып қойса, торына бір кішкене торғай түсіп қалыпты. Торғайды адам қолына ұстап, үйіне апара жатса, торғай тілге келіп, былай депті:

— Мен кішкене торғаймын, союға жарамаймын, қапасқа салсаң, құсастықпен өлемін. Онан да еркіме қоя бер, еркін кең дүниеге жібер, мен сізге екі ауыз өсиет айтайын, — депті.

— Кәне, әңгімеңді айт, — депті адам.

— Жарайды, бір ауызын қолыңда, бір ауызын жерге түскен соң айтайын. Өйткені қос қолдап ұстап тұрғанда өкпем қысылып ештеңе айта алмаймын, — депті торғай. Аңшы босатыпты.

— Бірінші — өткен іске өкінбе; екінші көзбен көрмей сенбе! — депті. Торғай анадай жерге қонып отырып: — Сен ештеңені білмедің, менің бөтегемде жұдырықтай гауһар бар еді, — дейді. Адам қонып тұрған торғайды ұстауға тұра ұмтылыпты. Торғай әр жерге ұшып-қонып ұстатпайды. Адам қуып қоймаған соң, адамға былай дейді: «Менің жаңа айтқан өсиетіме түсінбепсің, өзің ақылыңа салшы, менің өзім жұдырықтай жоқпын, менің бөтегеме ондай зат қалай сияды? Бұл бір. Екінші — мен саған ұстатпаймын, қанатым бар. Сондықтан өткен іске өкінбе, — деп ұшып кетіпті [5].

Шындығында, «Өткен іске өкінбе», «Көзбен көрмей сенбе» деген нақылдардың маңызы зор, адамды өмір сүру тәсіліне үйрететін, ерекше қолданыстар. Бұл да көнеден келе жатқан сарындардың санатына жатады.

Келесі бір сарындардың бірі — жалғыз көзді дәудің бейнеленуі. Анығында аталмыш бейне қиял-ғажайып ертегілерде жиі кезігеді. Сонымен қатар оның өзегі мифтік аңыздарда жатыр, атауы — циклоп. Ол алып денелі, өте әлді, дүлей күштің иесі, санасы шамалы, пішіні адамға ұқсас болып суреттеледі. Жалғыз көзді дәуге байланысты қалыптасқан сарын, оның адам етін жегісі келіп, түрлі тәсілдермен қолға түсіреді де, өзі сол адамнан жеңіліс табады, нақтырақ айтқанда, не өледі, не қашып құтылады, не сол адамға құл болады.

Тұрмыс-салт ертегілерінде сирек те болса аталмыш бейне кездесіп отырады. Мәселен, «Айлакер бала» ертегісін алып қаралық.

Бірнеше күн ұзақ жол жүріп, қарны ашып шаршаған бала итмұрны өт пейтін қалың орманға келеді. Орман ішін дию-перілер мекендейді екен.

— Ей, адамзат баласы, қайда барасың, сені ажал айдап келді ме бұл жерге? — деп ақырады дию-перілер.

Сонда бала оларға:

— Қайда барарымды қайтесің, күшті болсаң, күш сынасуға мен дайынмын, кел бері! — дейді.

— Е, сынасақ, сынасайық, өзің де қан түртіп тұрған бала екенсің, келсең, кел! — дейді олар.

— Кімде-кім мынау жатқан үлкен қара тасты қысып майын шығарса, сонымызға қалғанымыз бағынышты болайық.

— Жарайды. Дию-перілер алма-кезек тасты қысып-қысып май шығара алмаған соң, кезекті балаға береді. Бала қолын уқалаған болып қойнындағы майға жанышқан талқанды сығып-сығып, майын алақанына жұқтырып алады да, дәу қара тасты қысып-қысып, міне, мен тастан май шығардым деп, енді сендер маған бағыныштысыңдар, — дейді бала. Мұны көрген дию-перілер баланың күші басым екен деп ойлайды. Олар баланы үйлеріне қонаққа алып барып, үлкен сый-құрмет көрсетеді. Дию-перілер баладан қауіптенеді [6].

Ертегіде жалғыз көзді дәуді әрі аңғал, әрі ақымақ бейне ретінде суреттеген. Шығарманың мақсаты дәулерді қатыстыра отырып, адам баласының қандай қиыншылық болмасын, барлығынан да құтылып шыға алатындығын, өйткені ақыл иесі адам екендігін көрсетуге арналған.

Көне дәуірде қалыптасып дәстүрге айналған мотивтердің бірі — әйел адамды ақылды етіп көрсету. Мұндай сарындардың өзегі ананы құрметтеу, сыйлау, жас ұрпақты соған тәрбиелеу мәселесіне орай туындаған тәрізді. Сарынның көнеден келе жатқандығына бір дәлел *Ұмай ана және Аю батыр*» деп аталатын мифте *Ұмай ана* кейінде жақсылық әрекеттерді жасаушы болып бейнеленген. «Осы кезде үңгірге құс бейнесінде ұшып кірген *Ұмай ақ шашты анаға* айналады да, құ шөпшекті құшақтап әкеліп салып, жеңімен желпіп, отты маздатып жібереді [6]. Немесе:

Ұмай ана толқын шашың төгіліп,

Түстің көктен алтын садақ иіліп.

Жаңа туған сәбилерді шошытпа,

Ұмай ана, қойныңа сал, жарылқа [6].

Яғни, тығырықтан жол табатында, қиыншылықты жеңетін де — әйел. Осы сарын тұрмыс-салт ертегілерінде де кездесіп отырады. Қазақ халқында «Сұмырай келсе су құриды» деген мақал бар. Осының негізінде туындаған «Сұмырай хан» ертегісінде, рұқсатсыз су алған адамды өлім жазасына кесіп отырған ханды Райхан деген жас қыз жеңіп шығады. Ертегіге назар аударып көрелік:

Хан қызға келісіп, сол елге 250 жасқа келген бір қария бар еді, соны алғызыпты да сұрақтарын айта беріпті.

— Әкем айтушы еді, «Адамның алдынан қара мысық кесіп өтсе, жаман ырым» деп, кеше дардан қайтып келе жатқанымда алдымнан бір қара мысық кесіп өтті, сонда бұл қандай ырым болады?

— Тақсыр, мысықтың алдынан, не артынан өткені адам үшін еш ырым емес, ал қаптесер мен тарақ құйрық үшін жаман-ақ ырым.

— Өзің тігіңші екенсің, менің денемнің ауыр, етімнің семіз екенін де көріп отырсың. Маған қандай түсті киім кию ұнайды деп білесің?

— Мысалы, қоянға ақ, түлкіге қызыл, құндызға күрең жарасады. Семізден шошқа семіз олардың қарасы да, ағы да, ала-құла теңбелі де өздеріне жарасып тұрады ғой. «Байға тай мінсе де жарасады» дегендей, тақсыр, сізге қандай түсті киім кигенің де, хандығыңызға жарасып тұрады дер едім.

— Әкемнің тағы бір сөзі есіме түсті, «Ер адамның алдынан бос шелек ұстаған әйел кездесе — жаман ырым», — деуші еді о кісі. Біраздан бері қайда барсам, алдымнан бос шелек арқалаған әйелдер кездесетін болды, ол қандай ырым?

— Менің әкем «Надан адам ырымшыл болар, жаман жылқы арымшыл болар», — деуші еді. Бірақ қазіргі жағдайда сіздің әкеңіз білгір адам екен, тақсыр! Ол шелектерді кептірген өзіңіз ғой [5].

Сонымен, біз ертегілердегі көне сарындардың қолданылу аясына орай бірнеше түрлеріне тоқталып өттік. Түйіндей келгенде айтарымыз, көне сарындардың тұрмыс-салт ертегілеріндегі алатын орны айрықша әрі маңызды. Шығарманың тәрбиелік мәнін арттыруға ерекше үлес қосқан саласы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мелетинский Е. Герой волшебной сказки. Происхождение образа. — М.: Наука, 1963. — 273 с.
- 2 Котлар С. О некоторых героях фольклора Африки южнее Сахары. — М.: Наука, 1970. — 221 с.
- 3 Ертегілер. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. — 4-т. / Жауапты шығарушы А.Айдашев. — Алматы: Жазушы, 1989. — 304 б.
- 4 Потанин Г.Н. Очерки Северо-западной Монголии. — Вып. 2. — М.: Наука, 1983. — 227 с.
- 5 Қазақ ертегілері. — Алматы: Көшпенділер, 2003. — 392 б.
- 6 Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. — Алматы: Аруна, 2007. — 256 б.

М.И.Абдуов, А.К.Алдамуратова

Отражение традиционных мотивов в бытовых сказках

В статье в системном виде рассмотрена область использования традиционных мотивов в бытовых сказках. Уточнены их виды, научно обосновано место, занимаемое ими в сказках. Обращено особое внимание на то, что благодаря использованию конкретных примеров разъяснены такие важные моменты, как превращение животных в результате колдовства в другие виды представителей животного мира.

M.I.Abduov, A.K.Aldamuratova

Relection of traditional motifs in the household tales

Area of application of traditional motives in household tales reviews in the article. Also there precise their types, reviewed and scientifically justified place, which occupied by them in tales. Especially, by using concrete examples find their correct decision so important problems as turning animals in different types as result of wizardry or the role of eloquence and repartee in giving artistry to composition.

References

- 1 Meletinsky E. *Hero of fairy tale. Origin of the image*, Moscow: Nauka, 1963, 273 p.
- 2 Kotlar S. *About some folklore's heroes of Sub-Saharan Africa*, Moscow: Nauka, 1970, 221 p.
- 3 *Fairy tales*, 2, Almaty: Zhazushy, 1989, 304 p.
- 4 Potanin G.N. *Sketches of the North-Western Mongolia*, 2, Moscow: Nauka, 1983, 227 p.
- 5 *Kazakh tales*, Almaty: Koshpendiler, 2003, 392 p.
- 6 Zhanaiydarov O. *The myth of ancient Kazakhstan*, Almaty: Aruna, 2007, 256 p.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

**Хан Кененің сенімді серігі, сайын даланың
қаһарман сардары — Мәнжі батыр
Туғанына 200 жыл толуына орай**

Қозғалыстың жаппай жүргізілуі, кең көлемділігі, айқын саяси сипат алуы ХІХ ғасырда Кенесары Қасымов бастаған көтерілістің ерекшеліктері болып табылатындығына көңіл бөлінген. Қареке (Орта жүз) руынан шыққан Мәнжі батыр Кенесарының сенімді серігі болғандығы айтылған. Мақалада батырдың ерліктері және оның халық арасында айрықша танымал болғандығы суреттелген. Әсіресе оның Ақтау бекінісіне шабуыл жасаған кездегі ерлігі ерекше көрсетілген. Кенесары ханның басшылығымен жүргізілген көтерілістің қазақ халқының қарсыласу күшінің зор екендігін, елдің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалу үшін жан берісуге дайын екендігін көрсеткендігі туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: айтулы ер, дәуір, сайын дала, аңыздар, бекініс, өңір, шабуыл, шайқас, мыңбасы, серіктері, жаралану, поэмалар.

Ғаламшардағы қай нәсіл де қай кезеңде де өз ұлтының тәуелсіздігі, еркін ел атануы, бостандығы үшін күресті. Бірақ ол көп жағдайда хан мен қара, би мен болыстың ауызша мәмлесі, тізе қосқан бейбіт келісімімен шешіле қойған жоқ. Біреулердің малы, екіншілерінің жері қызықтырған көршілер бір-біріне атойлап, қару көтерді. Қиылып бас, мертігіп ат қалды. Ат артында жесір, мал соңында жетім кетті. Қан төгілді, ел бүлінді. Сондайда аңыраған бала, азаттық тілеген ана тәуелсіз атқан тандар мен күлімдеп шыққан күндерді аңсады. Бірақ біз қанша жерден бейбіт өмірді бейбіт жолмен шешкіміз келсе де, оның түп тамырында үлкен күрес, қыруар қақтығыс жатыр. Сондықтан бүгінгі пұшпақталған жеріміз бен ұстап қалған шекаралы еліміз, жоғалмаған тіліміз бен діліміздің қорғаушысы да, қолдаушысы да аталарымыздың білек күші, найзасының ұшы екендігін ұмытпағанымыз дұрыс.

Бұл жолда халқымыздың неше бір тарландары: таңдайы жарылған билері мен тұлпарларының тұяғы кетілген батырлары, ақылгөй абыздары мен елді ұйытқан аналары, астана жұртты артына еріткен хандары мен бектері жетерлік. Қара халықтың қамын ойлау — ханның ісі. Қапы кеткен жерде атқа отырып, ел шебіне қорған болу батырға тән.

Әрине, батырлық, байлық кімде жоқ. Бірақ өткенді айтып, бүгінге жеткізу, кешегінің сабағын ертеңге ұғындырып, арғы күні атқа қонар ұрпақ өсіру — қазіргінің борышы. Осы орайда Қарағанды өңірінде әрдайым аттары жиі айтылатын батырлар көп. Солардың ішінде шапқыншылардан елін, жерін қорғауда, азаттық үшін күресте айрықша қаһармандық танытқан тарихи тұлғаның бірі — бүгінде 200 жылдығын Қарағанды өңірінің жұртшылығы атап отырған Мәнжі батыр Күржікейұлы. Ол сергелдеңге түскен ел-жұртының жыртығына жамау, жанына жалау болмақ болып алысқан арыстан азаматтардың бірі еді. Мәнжі батыр ХІХ ғасырда өмір сүріп, Кенесары хан Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып, қол бастап (жүзбасы және мыңбасы болған), қазақ жерін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған айтулы ерлердің бірі.

Мәнжі батыр өмірі — тәуелсіздік жолындағы күрес үлгісі. Сарыарқаның ең ірі өзені Нұра екенін білеміз. Батысқа қарай ұмсына ұмтылған, оған қосылуға Байбура, Ащысу, Шерубай-Нұра, Соқыр, Көкпекті, Тентек тәрізді ағын сулар асығады. Қариялар аузындағы сілем-сілем әңгімелерге құлақ түрсек, Қареке руының Байбура бұтағы жазда Байбура, Нұра, Соқыр, Тентек өзендерінің бойын жағалағаны белгілі.

Осы шүйгінді алқапта, ұлт тарихында өзіндік орны бар тұлға — Мәнжі Күржікейұлының мәңгілік мекені бар. Қазіргі Қаражар аулынан екі шақырымдай жерде «Манжин» фермасы орналасқан. Бұл мекеннің Мәнжі батырдың есімімен аталғаны ешқандай күмәндік туғызбайды.

«Жеріңнің аты — Еліңнің хаты: Энциклопедиялық анықтамалық» атты кітапта мынандай дерек келтірілген: «Мәнжен (Мәнжі батыр қыстауы; зимовье «Манжино») — ауыл орны. Шерубай-Нұра өзенінің аңғарында, Бұқар жырау ауданында» [1].

Мәнжінің шыққан тегі — Орта жүздің Арғын-Қуандық тайпасына жататын Қареке руы. Ол 1815–1911 жылдары өмір сүрген. Батыр жас шағынан ат құлағында ойнаған ержүрек болса керек. Өзі әрі мерген болған. Ел шетіне жау тисе, қолына найзасын алып тойтарыс беруді өзіне міндет санаған.

Бір деректі әңгімелерде Мәнжінің ержүректігіне сай күші де болғандығы айтылады. Ол ат үстінен сәл еңкейіп, қалың өскен жыңғылды жас баланың білегіндей саусақтарымен уыстай тартқанда, жыңғылды тамырымен қиналмай суырып алады екен. Сонан кейін екі қолымен кір сыққандай бұрағанда тобылғы, не жыңғылдың сөлі тамшылап, суы сорғалап аға жөнеледі екен. Бұл не деген қайрат десеңізші! Қазіргі жандар әдіске салмаса, шиді түбінен суыруға да қауқарсыз емес пе?

Дәуірдің қарама-қайшылықтары, мол оқиғалары, әсіресе Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысуы Мәнжі батыр есімінің де кешегі репрессияға ілінуіне үлкен сылтау еді. Кенесарымен бірге оның да аты тарихтан сызылып, құлыпқа салынды. Қазақтың сайын даласын дүбірге бөлеп, дүр сілкіндірген, бар атпал азаматтарын атқа мінгізген Кенесарының елдің тәуелсіздігі, жердің азаттығы үшін арпалысқан ұлт-азаттық қозғалысы көп жылдар бойы тасада қалғандай еді. Коммунистік үлкен саясатпен үндес болғандықтан, ол қозғалыс кешегіге дейін ұлтшыл, феодалдық, хандық дәуірді аңсаған көтеріліс болып бағаланып келді.

Көрген осынау қорлық-зорлығына байланысты ма, қазақ ұлтының психологиясы, бір жағынан, ғасырлар бойы азаттықты көкसेген халықтың бойына тән ерлік пен нарлыққа шақырса, енді бірде «байтал түгіл, бас қайғы» деген о жар сенімге тіреліп, халықты өзінді-өзің билегеннен гөрі күштілердің билігінде болуға, өзіннен-өзің үйренуден гөрі басқалардан үйренуге жатпай-тұрмай шақырып келді. Қазақтың мінезіне ғасырлар бойы сіңісті болып қалыптасқан осы бір жалтақ ойлылықтың сеңін 1986 жылы желтоқсанда қазақтың жастүлек жастары сөкті. Қазақтың жастары ол кезде іргесі әлі сөгіле қоймаған империялық бодандыққа қарсы ұмтылып қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған азаттық ұранын өмірге қайта әкелді. Тарихи ұлы оқиғалар уақыт озып, өң бояуы өшкен сайын ол оқиғаға куә болмағандар үшін оп-оңай сезілетіні бар. Жоқ, Желтоқсан оқиғасы кезінде жастар шыбын жанын шүберекке түйіп алып, нағыз аспандағы ай, көктегі күнге жасаған, жанұшырған ұмтылыс еді. Бұл оқиға Империяның тозығы жеткендігін, бұдан былай ұлттардың бас билігін арқандап ұстап тұру мүмкін емес екендігін, қазақ деген өзіндік өр намысы бар халық екендігін дүйім дүниеге паш етті. Бұл ешкім ойдан жасамаған, тек азаттықты көкसेген халықтың ыза кегінің асқынып жарылуы, Империяға қарсы 1916, 1929–1931 жылдардағы халық ереуілінің ізгі жалғасы еді.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап, егемендікке қолымыз жеткеннен кейін барып, XIX ғасырда ел үшін, жер үшін күрескен Кенесары-Наурызбай, Ағыбай, Бұқарбай, Таймас, Жанайдар, Иман, Жеке батыр сынды ерлердің ізімен Мәнжі батырдың да аты қайтадан қап түбінен шықты. Бірақ ол кісіні көзімен көрген көнекөз қариялар түгіл, солардан қалған әңгімені жүйелеп айтатын адамдарды күндіз шам алып іздесең таппайтын, енді болмаса шала мәңгүрттіктің ұйығына құлаудың алдында тұрған кезінде Мәнжі батыр жөніндегі деректер де сиреп-ақ қалған екен.

Жалпы, батыр жайлы айтқанда, бір нәрсені ескерген жөн сияқты. Егер ертеде өткен кісінің сол өз заманында жасаған істері неғұрлым маңызды, атақ-даңқы әйгілі болса, ол жайындағы әңгімелер де зорайып, кәдімгі ауыз әдебиетінің нұсқаларына айналып кететіні бар. Мәнжі батыр туралы ел аузындағы әңгіме-аңыздардан осындай құбылысты байқауға болады.

Біз білетін эпикалық жырлардың әлқиссасы «Баяғыда пәлен деген бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты...» деп басталушы еді. Тарих куә, шындыққа жүгінсек, болашақ батырдың әкесі Күржікей Асанұлы бай да, бағлан да болмапты. Тек бес-он жандығын өріске шығарып, қайтарғанда отындық бұта қайырып, отбасының жылуын сақтап келген момын шаруа екен. Қырыққа келгенше бала көрмей, етегін шеңгел сыдырып, әулие-әмбие жағалағаны да шындық.

Есімі қасиетті тарих бетіне өзіндік айшық-бедерімен түскен Мәнжі батыр бала кезінен-ақ қатарынан озық тұрды. Ол қиянатқа көнбейтін, әділетсіздікке төзбейтін мінез бағдарын он бес-он алты жасынан байқатқан батыр.

... Жиырма шақты түтінді шағын ауылдың бір пысығында қолтығының желі бар, бұт артар жалғыз қылқұйрығы болады екен. Күндердің күнінде бай мырзасының көзі соған түсіпті дейді. Мырза араға кісі салып, жіңішкертіп қана «ат майын» сұрайды. Жазған құлда жазық бар ма, бейшара ойы оңға, санасы санға бөлініп тыпыршиды-ай кеп. Берейін десе, жүрегі күпті, бермейін десе, бай баласының айбыны мықты. Қойшы, сонымен бопсалауға шыдай алмай, ақыры дегеніне көнеді. Арада біраз күндер өткенде мал егесі шыдамын түгесіп, мырзаға шет жағалап, сұрау салмай ма?! Сол-ақ екен, «Қасқыр тартып кететін сырты түк, іші бірдеңе жабағыны сөз еткені» үшін бай баласы тас-

талқан боп ашуланады. Ақыры адал малы қолынан сусып бара жатқан соң, сорлы кедей мырзаның аяғына бас ұрып, зар илейді. Бірақ бұл төңіректе оның зарына құлақ асатын ешкім болмайды...

Бір қауым уақыт өткенде мырзаның иек қағуымен қызметшілері оны үйден шығарып жібереді. Әкесінің көлеңкеде, шиге арқасын сүйеп отырып, әлдекімге шағынғандай: «Кісіден иман қашқан ғой. Бөтен емес, бөгде емес, өзіңнен қорлық көргенің, сірә да, естен кетер ме?», — деп, түңіле айтқан әңгімесін естігенде, Мәнжі іштен атып шығып, белдеудегі торысына ұмтылады. Ызаға булыққан жас өрен жайдақ атқа қарғып мініп, бай ауылына бір-ақ маңдай тірейді. Бұл кезде мырза бірнеше жандайшабымен әлдеқайда жүргелі тұр екен. Астында әлгі ағайынының дәмелі жүйрігі.

Бірді-екілі жиын-тойларда күреске түсіп, тапқан олжасымен несібесін айырып жүрген Күржікейдің қарғадай баласының мына мінезі бәріне ұнамайды.

— Жау қуғандай, немене сонша, атыңды ойнақтатып! Көзіңді аш! Бәле шақырма басыңа! — дейді осы кезде бірі көлденеңдеп, қамшы үйіріп. Өзгелері де аттарын тебініп, омыраулай қалған екен. Бала жігіт тізгінін тарта беріп, өрекіпген төртеуін қоғадай жапырып, үстіндегі бір киер шапанын «қызылдап», ат бауырына түсіреді.

— Ұмытпа, бәле басы сен, — дейді енді мырзаның тізгініне жармасып.

— Түс, аттан! Әйтпесе, осы арада қан жұтқызамын!

Жігіттің қаһарлы үні мырзаны қатты ықтырады. Енді жаны қаншалық қорланса да, аттан түсіп, алды-артына қарамай жөнін табады...

Мына оқиға Күржікей ауылын қатты дүрліктіреді. Бірақ қалай болғанда да мырза қарсы қимыл жасамайды.

Осы кезден бастап қиянатшыл күштің қолын қағып, бетін қайтарған Мәнжі есімі елге тарай бастайды. Ауылдың дуалы ауыз қариялары: «Түбінде ел қорғайтын батырымыз осы болар!» — деп үлкен бәтуа жасап, шеберге торғай көз сауыт, қалқан мен дулыға, қылыш соқтырып, найза жасатып, оны мұздай ғып қаруландырады, өзіне жараулы ат мінгізеді...

Сонымен, бір сөзбен айтқанда, Мәнжі Күржікейұлы — өз заманының көзі ашық азаматтарының бірі болған. Ол аузымен құс тістеген, алдына қара түсірмеген, атқанын құлатқан, қосқанын оздырған, істің ағын ақ деген, қарасын қара деген, ар-намысын ешкімге бермеген, құдайдан өзгеге бас иеген кісі екен.

Арада көп уақыт өтсе де оны халықтың ұмытпайтыны да осыдан болса керек.

Мәнжі батырдың Кенесарыға адал қызмет етуі — хандық тәртіпті түпкілікті қолдау емес, елінің тәуелсіздігі жолындағы күресті ашығынан мойындауы болатын. Ел аузындағы деректерге қарағанда және өз әкемінің айтуынша, 1837 жылы Кенесары сұлтан Нұра өзенінің бойына тоқтап, жасағын жүздіктерге, мыңдықтарға бөліп, әр түрлі ұрыс-тәсілдерінен жаттығулар жүргізеді. Сол маңда біздің бабамыздың жайлауы отыр екен. Мәнжі өз еркімен сол жасаққа барып қосылған. Бұл кезде ол кісі 22 жастағы уыздай жас жігіт екен. Кенесары батыр Мәнжінің түр-тұлғасына, жүріс-тұрысына қызығады. Өйткені Мәнжі жас күнінен садақ тартып, найзаласуға, жекпе-жекке шығуға машықтанады. Сөйтіп, ат құлағында ойнап өседі. Кенесары жорыққа аттанғанда жас батырды өзімен бірге ала кетеді. Сарбаз Мәнжіні өзіне сенімді серігім деп таниды.

Мәнжінің Ақмола бекінісін алу кезінде басқа қазақ батырларымен ерекше ерліктің үлгісін көрсетуі. 1838 жылдың көктеміне қарай көтерілісшілердің патша жасақтарымен қарулы қақтығысы ұзаққа созылған әскери қимылдарға ұласты. Кенесарының сол жылғы мамыр айындағы Ақмола бекінісін алардағы шабулы айрықша болды.

Қазақ елі тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі ерекше тарихи оқиғалардың бірі — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттің бас қаласын Ақмолаға көшіруі. Ақмола — талай дүрбеленді бастан өткерген, тарих қойнауынан ойып орын алатын шежірелі қала. Оған дәлел болатын тарихи деректер баршылық. Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, орта ғасырдың өзінде-ақ «Қазақстан тарихында» атап көрсетілгендей, «тағы бір жол — «Хан жолы» жаңа заманға дейін пайдаланып келді және Тараздан Таластың бойымен төмен қарай Мойынқұм мен Бетпақдала арқылы Атасудың жағалауына қарай кетеді» [2], — делінген. Сонымен, Ұлытау арқылы Ұлы даланың түрлі аймақтарына жол тарап, ол күретауымыз қазақ халқының қалыптасу тарихымен мейлінше терең байланысты болғанына тарих куә. Орта ғасырда Ұлытаудан керуен жолдарының бірнеше тармақтары Ақмола облысының 1 мың шақырымдай жерін басып өтетін. Есіл өзенін бірнеше рет қиып өтіп, Қазақстанның батыс, солтүстік, шығыс аймақтарына бағыт алған.

Осы жолдардың бірі — Қараөткел жолы еді. Ол орта ғасырда Қазақстанның оңтүстік аймақтары мен Орта Азия елдерін солтүстік аймағымен байланыстыратын ең негізгі керуен жолдарының

тармағына айналды. Ал керуен жолдары өтетін жерлерде шағын қалалар мен елді мекендердің болатыны айдан анық [3; 7].

Есіл өңірін, оның ішінде Қараөткел маңын, зерттеуде, келешек Ақмола бекінісінің орнын белгілеуде тау инженері Иван Шангин көп жұмыс атқарды. Экспедицияның басты мақсатының бірі келешекте салынатын әскери бекіністің орнын анықтау болатын.

Ұсынылған үш жобаның біріне 1830 жылы Ақмола бекінісінің іргесі қаланып, 1832 жылы Ақмола сыртқы округі ашылды.

Алғашқыда бекіністі қаладан 30 шақырымдай жердегі Нұра өзенінің Ақмола аталатын жеріне салмақшы болды. Бірақ та Есіл мен Нұра өзені тасыған кезде өте үлкен аймақты су алып кететін болғандықтан, құрылысты Есіл өзенінің бойындағы Қараөткелге ауыстырып, бекіністің атауын бұрынғыша (Ақмола) қалдырады.

XIX ғасырдың 20–30-жылдарындағы реформадан кейін Ресей империясы қазақ даласына тереңдей еніп, солтүстік өңірге белсенді түрде иелік ете бастады. Жаңадан бекіністер салынып, бұрынғы құнарлы жерлер кеңейтіліп, оған Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударушылар, демалысқа шыққан әскери адамдар және казактар орналастырылды. Қазақ даласында жаңа әкімшілік реформалар жүргізіле бастады. Бұл іс-әрекеттер өлкеде қазақ халқының наразылығын тудырып, ұлт-азаттық қозғалысының туындауына әкелді.

Осы арада ерекше тоқтала кететін бір жайт, 1837 жылы ұлт намысын жоқтап, патша өкіметінің басқыншылық саясатына қарсы көтерілген Кенесарының ең алғашқы шабуыл жасаған бекіністерінің бірі (1838 жылдың мамыр айының аяқ кезі) осы Ақмола бекінісі болатын [4].

Осы бекініске шабуыл жасауда үлкен мән жатқан болуы керек. Неге бұлай болды екен? [3; 8].

Біріншіден, сырт елдермен байланыста, үлкен жолдың бойында орналасқан Ақмола бекінісін жаулап алу жергілікті тұрғындардың үлкен күш-жігерін тудырып, патша үкіметіне қарсы күресті жандандыра түсетін еді. Екіншіден, отаршыл өкіметтің тірегі саналған бұл бекіністі қирату, оның стратегиялық жоспарына үлкен соққы болатын еді.

Кеңестік идеология өріс алып тұрған кезде осы оқиғаға байланысты кейбір мақалаларда «Кенесары бастаған бүлікшілер бекіністі ала алған жоқ, оны қорғаушылар керемет табандылық көрсетіп, бекіністі қорғап қалды» деген лепірме пікірлерге жол берілді. Мәселен, Мәскеуде басылған «Как был основан Целиноград» деген мақалада: «Почти неделю войсковой старшина Чириков с 80 казаками оборонялся от многотысячной толпы мятежников Кенесары, им так и не удалось сломить стойкость гарнизона», — деп масаттана жазылды [5].

Ал көрнекті жазушы І.Есенберлин тарихи деректер негізінде осы оқиғаны «Қаһар» романында былай суреттейді: *Кенесары ұрыстың түйіні шешілетін жерге өзі келіп:*

— *Қайсың барсың жүз адамменен бекініске кіретін? — деп айқай салды.*

Атын ойнатып Басықара батыр шыға келді.

— *Жолың болсын! — деді Кенесары. Өзге батырларға да: жау көңілін бұру үшін, сендер де бекіністің жан-жағынан оқ жаудырыңдар деп бұйырды.*

Басықара батыр Кенесарының ризалығын алысымен өзінің мың әскерінен таңдап жүз сарбазды бөліп алып, жау қамалына қарай лап қойды. Өзі ат жалын құшып, ер үстіне еңкейе жатып алды. Астындағы кертөбелі қалың шөпті бауырлай ұшқан құс тәрізді. Соңынан құйындата шұбырған жүз сарбазы. Басықараны мұндай шапшаң қимылдайды деп солдаттар да ойламаған болуы керек, мылтықтарын оқтап кезгенше, Басықара сарбаздарын соңынан шұбырта, бекіністің ішіне кіріп те үлгірді. Қақпаның дәл қарсы алдындағы үйілген қапшықтан кертөбелін секірте өтіп, қарама-қарсы келіп қалған бір-екі солдатты кеспелтек сойылмен доптай қағып қайта оралғанында, ұзын бойлы қара бұжыр солдат орнынан ұшып тұрды да, мылтығын шапшаң кезеп Басықараны дәл көкірек тұсынан дәлдеп атты. Аңғал батыр сауытсыз еді, «қош бол елім» деп ат үстінен сүйретіле біраз жер барды да, сылқ етіп құлап түсті.

Қол бастаған батырларының оққа ұшқанын көрген жүз жігіт кейін қарай шаба жөнелді.

Қашқан жауға қатын да ер, соңдарынан атылған оқ бұлардың да он шақтысын алып қалды.

Шегінген тобырдың соңынан иесіз ойнақтап шыққан Басықараның кертөбелін көргенде Кенесары шыдай алмай:

— *Тастамаңдар Басықара батырды жау қолына! — деп тұлғасы бөлек көкбуырыл бестісін ойната әмір беріп, ешкім шықпаса өзім шабайын деп ыңғайланғаниша, қамыс құлақ, бөкен сан, бүкіл Арқаға әйгілі «Ортеке» аталған сәйгүлігімен Төлебай батыр, жұрттан сытылып шығып жеке сала берді. Бұл кезде Кенесарының қасында өзге батырлардың ешқайсысы да жоқ еді. Наурызбай да,*

Ағыбай да, Бұқарбай да бөтен шепте болатын. Екі жүз қадамдай жерде жеке кетіп бара жатқан Төлебайды көргенде Кенесарының өзі де шыдай алмады. Көкбурылды үстіне тік түрегеліп тұра қалып «Абылайлап» қамалға қарай құйындата жөнелді. Көкбурылды үстінде ажалдан қорықпай түрегеліп шауып бара жатқан Кенесарыны көргенде өзгелері де орындарында тұра алмады. «Абылай!», «Ағыбай!», «Атығай!», «Қабанбай» деп ұрандап бекініске лап қойды. Айқай-шудан жер сілкінеді. Күн батып қара көлеңкеленіп бара жатқан кез еді. Таңсәріден нәр татпай күні бойы Кенесары сарбаздарымен екі жақтан алысқан ер жүрек солдаттар да, енді шыдай алмады, біртіндеп шегініп үй-үйді тасалап атысуға мәжбүр болды. Әйтсе де белдесіп келгенде қаптаған сойыл, сыңсыған найза қоя ма, түн ортасы аумақ Ақмола бекінісінің әскері жеңілді. Тек қара түнді пайдаланып, азғантай әскерімен Қоңырқұлжа Қарапұшық бекінісінің Есіл жақтағы қақпасынан қашып шықты.

Жеңіске мастанған қатігез жауынгерлер қорғансыз қалың қойға тиіп қанға құныққан аш қасқырлардай, жұрттың жазықты-жазықсызына қарамай, түні бойы ойран салды. Таланбаған мүлік, былғанбаған абырой қалмады. Қандай ұрыс болса да ең алдымен бүліншілікке ұшырайтын халық. Бұ жолы да солай болды. Жыламаған бала, боздамаған ана жоқ. Бұл қырғын тек таң ата гана толастады.

Сөйтіп, Кенесары сарбаздары Ақмола бекінісінің үйлерін тегіс өртеп, қорғанын құлатып, жермен-жексен етіп, орларын топырақпен бітеп, кешегі Шығыс Сібірдің отаршылық қамалы тұрған жерді тып-типыл етіп, ертеңіне қайтадан Ұлытауға қарай шегінді [6].

Көңілінен шыққан батырларына ат беріп, ерекше ілтипат жасаған Кенесары Ақмола бекінісін алу кезіндегі қаһармандығы үшін Жанайдар батырды «Сұңқарым» деп атаған көрінеді.

Ақмола бекінісіне шабуыл жасағанда Мәнжі небәрі 23 жаста еді. Бірақ ол дұшпанмен жекпе-жекке жас та болса қаймықпай, ерекше ерлік көрсетіп, біраз қарсыластарының көк желкесінен найза шаншып мерт қылды.

Кенесары сұлтан уыздай жас Мәнжінің адалдығына, туралығына, батылдығына, жаужүрек қимылына ерекше риза болды. Сондықтан да Қолбасшы Мәнжі батырды осы шайқастан кейін жүзбасы етіп тағайындады.

Мәнжі батырдың Ақтау бекінісін жоюда көрсеткен ерлігі. XIX ғасырдың орта шенінде саяси жағынан маңызды Ақмола, Аягөз, Қарқаралы дуандарынан артық болмаса кем болмаған Ақтау бекінісінің орнында қазірде жүздеген метрге созылған ор мен құмнан үйілген жал ғана жатыр. Қамалдың ішіндегі үйлер мен казармалардан тек нышан-белгілер ғана қалған. Патша үкіметінің Орталық Қазақстанды отарлау саясатын жүргізуінде елеулі рөл атқарған осы бекіністің тарихы әлі күнге дейін жүйелі түрде зерттелмеген.

Сарыарқаның түстік шегінде, оңтүстігінде Бетпақдала шөлімен ұласатын, шығысында Ортау-Қызылтау, батысында Мұңлы-Құлы таулары орналасқан, теріскейі ұсақ шоқылы жазық дала болып келетін Ақтау таулары Арқа өңіріндегі табиғат маржандарының біріне баланады. Шөбі шүйгін, жайылымы шалғын, қойнаулары бұлаққа толы Ақтау ежелден бері адам тіршілігіне қолайлы қоныс. Академик Ә.Марғұлан зерттеулерінде қола дәуірінің өзінде Ақтау өңірін ежелгі ру-тайпалардың қоныстанғаны айқын көрсетілген.

Ақтау бекінісінің салыну себебі, біріншіден, отарлау саясатына, жергілікті халықты езгіде ұстау ниетіне байланысты болса, екіншіден, Троицк пен Қызылжардан, Ташкент пен Бұхараға баратын керуен жолының үстіндегі қамал ретінде керек болды. Қызылжардан Ақмолаға, Қарқаралыға, одан Ақтауға дейінгі аралықтарда бекеттер болды, бұл жерлерде керуенді күзететін казак отрядтары алмасып отырды. Ал, Ақтаудан Шуға дейінгі керуен жолы бұрыннан Абылай жолы деп аталатын.

Кенесары хан 1838 жылы тұтқиылдан тиіп Ақтау бекінісін қоршап алды. Бірақ та жау жендеттері түтінге түтін қосып, дүркірете атылған оқ бет қаратпады. Т.Аршабеков, Ж.Жұмабеков «Ақтау бекінісінің ақыры: аңыз және дерек» деген мақалаларында Ақтау бекінісінің қалай басылып алынғанын былай баяндайды: «... Шабуыл 22 маусым күні таңғы 7-нің шамасында басталады. Бірақ, алдымен, бекініске шабуылды бастамас бұрын, фольклорлық дерек бойынша, Наурызбай бастаған шағын топ шолғыншы ретінде жіберіледі:

*Тоғыз батыр қасында,
Наурызбай батыр бөлінді.
...Жаудың бетін білуге,
Жер байқауға барады.*

Наурызбай батырдың шағын тобы түнделете Ақтау бекінісінің қарауылшы тобымен кездесіп қалған болу керек: «Түнде кез боп көп қолға, Абылайлап ат қойып, Түнде қырғын салады». Бұл оқиға Ақтау бекінісінен 2,3 және 5 шақырымдық жерлерде орналасқан бекеттерді (пикет) шабуылдауға байланысты айтылса керек, себебі Кенесары әскерлері алдымен осы бекеттерді жояды.

Е.Бекмаханов Кенесары әскерлерінің шашырай шабуылдап, содан кейін ғана бекіністі қоршағанын айтады. Ақтау комендантының көрсетуі бойынша, Кенесары әскерлері бір шақырымдық (верста) жерде айнала шауып жүрді, ал бір сағаттан кейін шабуыл тойтарылды дейді.

Фольклорлық мәлімет бойынша, Кенесары әскерлері толығымен бекіністі басып алады және өрт қояды:

*Абылайлап Наурызбай,
Өрт салуға Ақтауға,
Шаңқай түсте кіргені.
Ағаш үй жанды өртеніп,
Есепсіз жаудың өлгені.*

Аңыз-әңгімелерде көтерілісшілердің бекіністі шабуылдауда, оқтан қорғану үшін ұтымды тәсіл қолданғаны суреттеледі: «Жүз солдат қатар тұрып мылтық атып маңайына жан жуытпаған. Сонда Кенесары да жүз кісімен келген. Қосшы-қолаңшы салықтарын кейін тастап. Сонда бұл жүз кісі баялыш деген отынды (тырбық отынды) шылбырға буып алып, ер басына бір арқа отынды салып алып домалатып, соның тасасымен еңбектеп атқан оққа қарсы келе жатады». Басқа да аңыздық деректер осы сюжетте айтылады: «Көк мылтықпен қаруланған орыстың оғы өтпес үшін қараған-тобылғыдан бума-бума оққағар дайындап, шабуылға шыққан қазақ қолы ашық далада айқас салып, садақ оғын жаңбырша жаудырып, бекініс ішінде өрт шығарды. Осы сәтте өзен бойын жағалай келген Наурызбайдың елу шақты қолы қала ішіне басып кірді. Бұл уақытта Мәнжі, Қашқынбай, Шәмшібай батырлардың ерекше ерлік көрсеткенін ел әлі де аңызға бөлеп айтады» [7].

Ал, ел әңгімесі Ақтау бекінісін алу кезінде Кенесарының екі жаужүрек батырлары — Тілеміс пен Мәнжі — қандай керемет ерлік көрсеткенін былайша сабақтайды.

Тілеміс пен Мәнжі Кенесарының оң жағында, Ағыбай батырмен қатарлас бұғып жатқан еді. Екеуі де жағдайды анық аңғарады. Бұл қалыпта қамалдың алына қоюы екіталай. Тәуекел!.. Олар Ағыбайға да, басқаларға да айтпастан кейін жылжып, жалғыз бөлініп шықты. Жеке қимылдағаннан төтесі жоқ. Оң қолдарына қылышын, ал сол қолдарына шолақ найзасын ыңғайлап ұстады. Ербиген баялыш бұталарын, қурай-қурайды паналай, жау назарына шалынбастан қамалға да жетті-ау ақыры. Ішке қарғып түсті. Қоян-қолтыққа келгенсін-ақ құдайдың бергені. Қылыш пен найза екі қолмен бірдей сермелді...

Тілеміс пен Мәнжінің дауыстарын жазбай таныған, күні бойы дымы құрып, ызаға булығып жатқан Кенесары сарбаздары қос батырдың соңынан бекініске лап берді. Олар қамалға жеткен бойда қарғып-қарғып ішке дік-дік түсіп жатты. Енді мылтық атуға мұршалары келмей, бар артықшылығынан айрылып қалған солдаттармен мидай араласып кетті. Көк сүңгі мен қайқы қылыштың құдіреті басым шықты. Наурызбай, Ағыбай, Бұқарбай, Жанайдар батырлар ақыра тиіп жауды жапырып, олайғысын олай, былайғысын былай жайлап берді...

Ұрыс тынды. Жау жайрап жатты. Қыруар азық-түлік, қару-жарақ қолға түсті. Кенесары ойы орындалды.

Аталары Абылай атасына адал қызмет еткен, ал өзі өзіне адал қызмет етіп келе жатқан Тілемісті Кенесары бұрыннан жанына жақын тартып, үзеңгілес серігінің бірі еткені белгілі. Мына жолғы ерлігі оны тіптен сүйсіндіріп, тәнті етіп жіберген еді.

— Бұл жеке шауып қамал бұзды... Бұдан былай мұның аты Тілеміс емес, Жекебатыр болсын! — деді масаттанып.

— Ал, оған ерген 23 жасар Мәнжі батыр енді мыңбасы атағына ие болсын! — деп ұйғарды Кенесары сұлтан.

Мінекей, Ақтау қамалын шауып алғандағы Арғын руынан шыққан қос батырдың — Тілеміс пен Мәнжінің — ерен ерліктеріне сүйсінген Кенесары сұлтанның дуалы аузынан берілген атақтар осындай!

Мәнжі мыңдығында ерекше ерліктерімен көрінген батырдың сенімді серіктері. Біз кездестірген тарихи құжаттар мен көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Мәнжінің айкастың қиян-кескі қанды майдандарының қалың ортасында жүргенін дәлелдейді. Торғай, Ұлытау, Ырғыз өңірлеріндегі шайқастарда шұбыртпалы Ағыбай, атығай Аңғал, сүйіндік Жанайдар, төлек Жәуке, сары Қошқар,

табын Бұқарбай, қыпшақ Басықара, арғын Жеке (Төлебай), арғын, өте сыйлап өткен Таймас (Қареке-Тоқбура тармағынан, Мәнжі — Қареке — Байбура тармағынан тарайды) батырлармен тізе түйістіріп, арғымағын ойнақтатып, өз мыңдығын шабуылға бастап жас батыр Мәнжі Күржікейұлы да жүрген. Даланың барлық ой-қырын бес саусағындай білген Мәнжі батыр өзінің мыңдығының ізімен жүріп келе жатқан әскерді адастырып, бір жерден екінші жерге ұшқыр қаршығадай лезде орын ауыстырып отырған.

Қайсібір сардар, қайсібір мыңбасы болмасын, жауға жалғыз шаппаған. Оның өліспей беріспес жарақты жасағы, қиын-қыстау сәттердің өзінен жол тауып шыға алатындай сенімді серіктері, киелі байрағын арындай, жанындай әспеттеп, ұлықтай білген тубегілері болған.

Мәнжі батыр жорыққа шығарда ең алдымен мықты жігіттерден жасалған жасағына және жекпе-жекке шыққанда қарсыласын ат үстінен аударып тастар алапат күш иесі болған мына батырларға ерекше сенеді екен:

1. *Тиес батыр*. Арғын тайпасына жататын Қарпық Қаратоқа руынан. Тиестің бірінші әйелінен: Теберік, Тепеш; екінші әйелінен: Жанқожа, Байқожа, Балқожа, Бекқожа, Аққожа (Бердіқожа), Тоққожа (Делек батыр), Есенқожа (бұларды жеті қожа дейді) [8].

Мәнжі мен Тиес қазақ жерін жат жұртқа бермеу үшін талай ерлік көрсеткен. Бүгінде тарихқа белгілі Наурызбай мен Ағыбай батырлардан кем болмаса керек.

Бір қатты ұрыста Тиес батыр жаяу қалып, жауымен жалғыз шайқасады. Сол кезде Мәнжі батыр атпен шауып келіп, Тиеске «аға баласы» едің деп өзінің астындағы атын мінгізеді. Жан-жақтан қаптаған қалың жаудан тайсалмай, астындағы атын түсіп беріп, досы үшін өлімге бас тігу — жүрегінің түгі бар хас батырларға ғана тән ерлік екені даусыз.

Мәнжі батыр: «Ел намысын қорғайтын батырсың, елге аман бар. Ал мен дос алдындағы парызымды орындап өлсем, арманым жоқ. Елге менің де сәлемімді жеткіз», — деп өзі жаумен жаяу шабысуға кіріседі. Осылайша екі дос қалың жаудың бетін қайтарып, өз тобына қосылады [9].

2. *Бижан батыр*. Арғын-Алтай тайпасына жататын Сармантай руынан. 1790–1875 жылдар аралығында өмір сүрген. Артында ерлігі, тапқырлығы жөнінде көптеген әңгімелер қалған. Соның біреуін профессор, белгілі шежіреші З.Ә.Есмағамбетов «Бабалардың тарихи шежіресі» атты кітабында келтірген: «Ертеде Сармантай елі, қыс қатты жылдары жылқыларын Шу бойына айдайды екен. Қысты сонда өткізіп, көктем шыға елге қарай қайтады екен. Бір жылы 40 қос жылқымен, оның 82 жылқышысына басшы болып Алшағыр батырдың баласы Бижан батыр барады. Көктем туа ертең елге жүреміз деп, жылқышылар қос-қос аттарын дайындап, таңертең ерте қостан шыққанда, қосты 3 мыңдай сарбаз қоршап алғанын көреді. Бижан батыр тез арада шешім қабылдап, Майлыбай дейтін мықты жігітке артқы жағымды қорғап отыр, бір шетінен бұзып шығамыз деп онды-солды айбалтамен шауып жол ашып, ұрыс салады. Қоршаудан тек Майлыбай екеуі ғана шығып елді бетке ұстай қашады. Сол кезде арттан: «Тоқта қан боласың — мен Отыншы батырмын», — деп қарақасқа айғырға мінген, қолында шашақты найзасы бар, жау батыры қуып жетіп қалады. Бижан батыр Майлыбайға — сен елге жетіп хабар бер, мен мұның жолын кідіртейін деп, Отыншы батырды тосып қалады. Отыншы батыр найзамен шаншуға таянғанда, «апаң сәлем айтты» деп айтқанда, Отыншы батыр найзасын сәл жоғары көтеріп қалады, осы үзілісті пайдаланып, Бижан батыр айбалтамен басынан шауып жібереді. Отыншы батыр аттан құлап түскенде артынан шауып келе жатқан нөкерлері батырдың басында үйіріліп қалады. Бижан батыр қарақасқа айғырдың шылбырын іліп алып, ел жаққа қарай шаба жөнеледі. Жау қолында 80 жылқышы ажалын тауып, екі адам ғана елге аман жетеді. Ол кезде Сармантай елінің биі Байхан батыр еді. Ол елін жинап келесі жазға дейін ұрысқа дайындалуға пәтуәләсіп, келесі жылы он мыңдай қолмен барып малын қайтарып, көп олжамен қайтқан. Бұл жөнінде Доскей Әлімбаев ақынның «Толғау» деп аталатын поэмасында баяндалады» [10].

Бижан батыр мен Байхан би 1838 жылы Кенесары ханның жасағына (Арғын-Алтай тайпасының Қареке–Мұрат, Сармантай, тағы басқа руларының жасақтарымен) барып қосылады. 1838 жылы Кенесары сарбаздарымен бірге Ақмола бекінісіне шабуыл жасап, оны қиратып, өртеп жібереді. Одан кейін Мәнжі батыр басқарған мыңдықтың қатарында бірнеше бекеттерді шабуға қатысады.

3. *Мәңкі батыр*. Арғын-Алтай тайпасының Мұрат руынан. 1821–1899 жылдары өмір сүрген. Мәңкінің атасы Жиенәлі — Абылай хан тұсында аруақты батыр болған. Мәңкі батыр сүйегі Ботақарада қойылған. Ел аузында батыр жайында мынадай аңыз бар. Бір жылы су қатты тасып, Мәңкі қораларын қиратып жайпап кеткен. Жаздыгүні ағайын-туыстары жиналып келіп үйін салып беруге уәде берген екен. Сонда Мәңкі: «Менің үйімді бұрынғы орнынан көтермеңдер. Кіндік қаным тамған, туып-өскен жерім, мына тұрған Ботақара. Менің өмірімнің куәсі, тоқсан жолдың торабы, бір

шеті — Қареке — Мұрат — Сармантай, енді бір шеті — Қаракесек, Қаржас елдерінің кіндіктесіп жатқан жері. Осы жерден дүниенің төрт бұрышына жол өтеді, осы жерде жатқаным дұрыс» [11], — деген екен.

Кешегі Кеңес дәуірінде орыс тарихшылары Кенесарыны «ұлтшыл, бүлікшіл, баскесер» деп жерден алып, жерге салып, орынсыз жерге пышақ ұрып жатты. Сондықтан да біз Мәнжі бабамызды, жоғарыда аты аталған батырларымызды ауызға алуға батылымыз бармады. «Аққа құдай жақ» демекші, қазіргі күні сол бір арыстарымызды жалған жаладан арашалап алып, тарих сахнасына қайта шығарып жатқан жайымыз бар. Бұған да шүкіршілік дейік, ағайын!

Мәнжі батырдың соңғы шайқасқа қатысып ауыр жарақаттануы. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күресіне түпкілікті тойтарыс беру мақсатымен Патша үкіметі 1845 жылы: бірі — орынборлық, екіншісі — оралдық деп аталған Торғай, Ырғыз әскері бекіністерін орнатты. Осыдан кейін орыстың Патшасы (Николай Бірінші) құрыштай құрсанған әскерін иен далаға үстемелеп құя бастады. Тұрақты қарулы күшке сүйенген отаршылар бұрынғыдан бетер арандарын ашып, қазақтардың ең шұрайлы жерлерін, өзен бойларындағы егістік алқаптарын тартып алды. Бүкіл Торғай, Ырғыз, Ұлытау аймағында қара шекпенділер жетпеген жер қалмауға айналды. Бұл жағдай Кенесары жасақтарын да жан-жақтан қыспаққа түсіріп, хан қарсылығы тығырыққа тіреліп, барар жер, басар тауы қуырылып-ақ қалды. Хан осынау құрсаудан құтылып, қайта күш жинап, патша отаршылығына қарсы күресті ат тізгінін еркін босатып, құлашты кеңінен сілтеп қашықтан жүргізу мақсатымен Алатау аймағындағы Ұлы жүзге адам жіберіп, жер сұрады. Көршілес Қытай елінен көмек алуды мақсат етті.

Кенесары мұндай қадамдарға шарасыздықтан барды. Өйткені ол Арқада орыс қысымынан көп зардап шекті. Зайыбынан бастап, көп адам Патша түрмелеріне қамалды. Талай сарбазынан айрылды. Ақыры Ұлы жүздегі өз халқы және тегі бір қырғыздардың көмегіне сүйенемін деп сеніп, Шу бойына келді.

Қазақ ру-тайпаларының көпшілігі Ханды қолдады. Кенесары қырғызды жау санаған жоқ. Оның басты жауы Қоқан және алды мұнда келіп жеткен орыс әскерлері болатын.

Өкінішке орай, 1845 жылы жүргізілген бір шайқаста Мәнжі батыр ауыр жарақаттанады. Тамаша ерліктері үшін риза болған Кене хан Мәнжіге екі айғыр үйір жылқы беріп, қасына бірнеше нөкерлерін қосып, айығу үшін еліне қайтарды.

Ауыр жарақаттан көп уақыт емделген Мәнжі батыр Кенесары-Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысының соңғы шайқастарына қатыса алмады. Сонымен, Мәнжі батыр Күржікейұлы еліне қорған болған бабалардың Ақ жолына дақ түсірмей өткен киелі буынның аса үздік өкілі болды.

Бірде Мәнжі батыр:

*Күн артынан күн туар,
Жыл артынан жыл туар,
Ержүрек бабамыз, — деп Мәнжі батырды іздейтін,
Артынан қашан ұл туар? —*

деп торыққан екен. Міне, сол батыр бабасын іздеуге ұрпақтарының енді ғана мүмкіндігі келген тәрізді. Үш жүз алпыс жыл жоңғарлардан, екі жүз алпыс жыл бойы орыстардың бодандығынан құтылу үшін бабаларымыз жан аямай арпалысты. 1986 жылғы азаттық аңсаған қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісі де аталарымыздың күресінің жалғасы болды. Сондықтан да қазіргі уақытта Мәнжі батырдың атын халық есінде мәңгі қалдыруға қол жеткізілді.

Мәнжі батыр ерлігіне арналған поэмалар. Мәнжі батырдың көркем бейнесі кейінгі кезеңдерде (әсіресе еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін) жарық көрген бірнеше шығармаларда сомдала басталды. Солардың ішінен екі белгілі ақынның дастандарын атап өтуге болады.

1. Ақиық ақын Сәбит Бексейіт «Ел үмітін ер ақтар (Мәнжі батыр туралы толғау)» [12] деген еңбегінде өз ойын оқырманға былай жеткізеді: «Кенесарының қол астында өздерінің ерлік істерімен атақ даңқын шығарып, тарихта із қалдырған Наурызбай, Ағыбай, Иман, Жеке батыр, Бұқарбай, Құдайменді, Таймас есімді батырлар болды. Солардың ішінде Мәнжі батырдың аты ерекше аталады...

Ерекше айта кететін жайт, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы № 497 Қаулысы (№ 1 қосымшасы) бойынша Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Қаражар орта мектебіне Мәнжі батырдың есімі берілді.

Сонау қилы заманда елі үшін күрескен батыр бабамыздың есімін паш ету үшін оқырман қауымға Мәнжі Күржікейұлының ерлігіне арналған тарихи поэмадан үзінді ұсынып отырмын [1; 317–322]:

*Ат құлағында ойнап бала кезден,
Шабандоз боп ержүрек дала кезген.
Құралайды көзге атқан мерген болған,
Түбі батыр боларын жаңа сезген.*

*Заман еді күндері аз жайма-шуақ,
Ер жігітті апармас қайда сынақ.
Ел шетіне жау тисе, кідірместен.
Атқа қонған, қолына найзасын ап.*

*Заманының көзі ашық азаматы,
Мазалаған жазмыштың машақаты.
Күржікейдің Мәнжісі батыр болып,
Қалды, міне, тарихта ғажап аты.*

*Зіркілдеген зеңбірек,
Көк мылтық гүрс-гүрс атылған.
Жасыл жалау желбіреп,
Қызыл қан судай шашылған.
Көзсіз ерлер еліріп,
Азаттыққа ұмтылған.
Жау тәубесін келтіріп,
Асау жүрек жұлқынған.*

*Садаға етсе бір жаны үшін малын да,
Ал ары үшін садаға етті жанын да.
Отқа салып, суға салып шыңдаған,
Өршіл рух бар қазақтың бұл қанында.*

*Жаралған соң текті менен кекіден,
Зәразап боп теперіштен, тепкіден.
Бар бақытым, баға жетпес байлығым –
Азаттығым, тек бас еркім деп білген.*

Осы жырды оқығанда сол замандағы бүкіл қазақ даласы көз алдымызға келеді. Елі үшін басын өлімге тігіп, бар ғұмырын жорықта өткізген Мәнжі батыр сияқты халқымыздың асыл ұлдары елестейді. Қанды шайқастар, Хан Кененің ел мен жерді қорғаудағы ұранды үні, тұлпарлар тұяғының дүбірі құлағымызға жеткендей болады.

2. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әйгілі ақын Солдатхан Орайханұлы (өкінішке орай, марқұм болып кеткен) «Мәнжі батыр. (Тарихи дастан)» [13] атты туындысында былай деп жазады: «Атақты батыр туралы ел жадында ескі әңгіме көптеп ұшырасады». Соларды ескере отырып, батыр бейнесін былайша суреттегенді орынды санадық:

*Ұлттарды ұсақ жаныштап,
«Шаш ал десе бас алған...»
Туылғандай қан ұстап,
Саясат ерте жасалған.*

*Тобырға тіркеп бөліктеп,
Достасып, бәлкім, майдалап.
Шайынды құйып өліп тек,
Отарлап қалса пайдалы-ақ!*

*Жүрілген осы саясат,
Николай патша тұсында.
Өтірік құшақ жая сап,
Іске асты Совет уысында.*

*Оңмен де солға, сермейтін,
Аздық ететін айлалы ер.
Көп жаратыла бермейтін,
Мәнжідей батыл найзагер.*

*Күн артынан күн туар,
Жыл соңынан жыл туар.
Батыр бабаң Мәнжіні
Іздейтін әлі-ақ ұл туар!...*

*Деп айтқан екен аманат,
Тапты да күтіп уақытын.
Қазақ Отанын жаңалап,
Ұрпағы құшты бақытын.*

*Қаланып жатқан сәулеті,
Әлемде барма жас қала.
Асып-тасыған дәулеті,
Ақмола азат Астана!*

*Атағын, даңқын ардақтап,
Күржікейұлы Мәнжінің.
Жырлаған қысқа салмақтап,
Алсын деп жұртқа мәнді ұғым.*

*Қалдырып қалам таңбасын,
Жолында жырдың толғатқан.
Оралман ақын қандасың,
Орайханұлы Солдатхан.*

Сөз соңында айтарымыз: Мәнжі секілді батырларымызды қазақ балаларына үлгі ретінде ұсынып, оларды осы негізде тәрбиелеу тәуелсіздігімізді баянды етуге бастайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жеріңнің аты — Еліңнің хаты: Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006. — 808 б.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). — 1-т. — Алматы: Атамұра, 1996. — 499 б.
- 3 Құсайынов Б. Астана — тарихи «Хан жолының» бойындағы қала // Қазақ тарихы. — 2008. — № 3.
- 4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): — 3-т. — Алматы: Атамұра, 2002. — 346-б.
- 5 Евсеев Е.Н., Плетнева М.А. Как был основан Целиноград // История СССР. — 1967. — № 2. — С. 210.
- 6 Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 7-т. — 3-кіт. «Қаһар». — Көшпенділер: Тарихи трилогия. — Алматы: Жазушы, 1986. — 151 б.
- 7 Аршабеков Т., Жұмабеков Ж. Ақтау бекінісінің ақыры: аңыз және дерек // Орталық Қазақстан. — 2006. — 9 наурыз. — 14-б.
- 8 Бикенов Ж.Б., Жәкенов Ж.М., Исабек Т.К. Тока шежіресі. — Қарағанды: «Қарағанды полиграфиясы» ААҚ, 2000. — 309-б.
- 9 Каренов Р.С. Тұғыры биік тұлғалар. — Алматы: Ғылым, 2003. — 424 б.
- 10 Есмағамбетов З.Ә. Бабалардың тарихи шежіресі (Сармантай, Байдәулет руының тарихи шежіресі). — Қарағанды: «Арқо» ЖШС, 2012. — 78,79 б.
- 11 Алтысбес М.А., Аршабек Т.Т. Бұқар жырау ауданының тарихы: Монографиялық зерттеу. — Қарағанды: «Tengri» Ltd., 2012. — 309, 310-б.
- 12 Бексейіт С. Назым-Насыр. Таңдамалы. — Қарағанды: «Арқо» ЖШС, 2003. — 317–322-б.
- 13 Орайханұлы С. Мәнжі батыр. (Тарихи дастан) // Азия-Транзит. — 2004. — № 9 (54). — 4–5-б.

Р.С.Каренов

**Верный сподвижник Хана Кенесары,
отважный военачальник непокоренной Степи — Манжи батыр**

К 200-летию со дня рождения

Подчеркивается, что массовость движения, широкий размах, ярко выраженный политический характер являются специфическими особенностями восстания Кенесары Касымова в XIX столетии. В статье описаны подвиги одного из ближайших соратников Кенесары — Манжи батыра из рода Кареке (Средний жуз), его исключительная популярность среди народа. Особо выделен его подвиг во время штурма Актауской крепости. Сделан вывод о том, что восстание под предводительством Кенесары хана показало огромные силы сопротивления казахского народа, готового отстаивать свободу и независимость своей страны.

R.S.Karenov

**Faithful associate Kenessary Khan, a high-spirited military
chief unconquered Barrens — Manzhi warrior**

To 200th anniversary of his birth

It's emphasized that the mass movement, wide scope, a pronounced political character are specific features of the uprising Kenessary Kassymov in the nineteenth century, noted that Manzhi warrior kind of Kareke (Middle ancestry) was one of the closest associates Kenessary. This article describes the exploits and exceptional batyr his popularity among the people. Particularly stands out for his bravery during the assault on the fortress of Aktau. It is concluded that an uprising led by Kenessary Khan showed great resistance force of the Kazakh people, ready to defend the life of freedom and independence of their country.

References

- 1 *The name of the earth — it's a letter from the Motherland: An Encyclopedic Reference*, Almaty: LLP «Aruna Ltd», 2006, 808 p.
- 2 *History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)*, 1, Almaty: Atamura, 1996, 544 p.
- 3 Kussainov B. *History of Kazakhs*, 2008, 3, p. 7–9.
- 4 *History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)*, 3, Almaty: Atamura, 2002, p. 346.
- 5 Evseev E.N., Pletneva M.A. *History of the USSR*, 1967, 2, p. 210.
- 6 Yesenberlin I. *Collected Works in ten volumes. 7, 3rd book «Kakhar» — Nomads: Historical trilogy*, Almaty: Zhazushy, 1986, 328 p.
- 7 Arshabekov T., Zhumabekov Zh. *Fall Aktau fortress: the legend and the fact // Ortalyk Kazakhstan*, 2006, March, 9, p. 14.
- 8 Bikenov Zh.B., Zhakenov Zh.M., Isabek T.K. *Pedigree of the current type*, Karaganda: JSC «Printing Karaganda», 2000, p. 309.
- 9 Karenov R.S. *Known for their potential personality*, Almaty: Gylym, 2003, 420 p.
- 10 Esmaganbetov Z.A. *Historical lineage of ancestors (historical pedigree birth Sarmentay, Bidaulet)*, Karaganda: «Arko» 2012, 223 p.
- 11 Alpysbes M.A., Arshabek T.T. *History of Bukhara region zhyrau: monographic study*, Karaganda: «Tengri» Ltd, 2012, 476 p.
- 12 Bekseit S. *Nazim - Nazyrov, Favorites*, Karaganda: LLP «ARCO», 2003, 456 p.
- 13 Oraykhanuly S. *Asia-Transit*, 2004, 9 (54), p. 4, 5.

Ө.Әбдиманұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы
(E-mail: jandossmagulov@mail.ru)

Өлеңдегі сезім мен өрлік тоғысы

Мақала қазақ әдебиеттану ғылымында жеке қаламгер шығармашылығын жан-жақты зерттеу бағытындағы өзекті тақырыпқа арналған. Автор Фариза Оңғарсынованың лирикасы тақырыптық табиғатына көңіл аударып отырып, оларды жеке түрлерге бөле келе, поэтикалық шеберлік мәселесін байланыстыра отырып, әдеби-теориялық талдаулар жасады. Азаматтық-саяси, махаббат, табиғат лирикалары арқылы ақынның қазақ поэзиясына қосқан үлесіне баға берді. Сол арқылы ұлттық лирикаға әкелген жаңашылдығы мен шеберлігін, көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда саралады.

Кілт сөздер: ақын, лирика, өлең, толғау, болмыс, махаббат, табиғат, азаматтық лирика.

Мақала атауындағы тақырыпты ашуға біз Фариза ақын лирикасын алдық. Олай болса, ақын өлеңдерінің басты ерекшелігі неде деген де — оқырманға жан сырын нәзік жеткізіп, ағынан жарылуы мен ойын ашық айтар өткірлігінде дер едік. Сыр мен сезім тоғысқан сыршыл да шыншыл өлең жаза алатын ақын, керек сәтінде әр жолынан от шашқан, өршіл өлең тудырып, алмас жырдың кесіп айтар мінезінде таныта алды. Фариза өлеңіндегі өзіне ғана тән стильдік өрнекті де осыдан байқауға болады. Ол қазақ өлең үлгісіндегі байсалды жазылып, бір сыдырғылау келетін өлең нұсқасына арынды толғаудың адуынды мінезін танытар жаңашыл кестесін қосты.

Фаризаның өлең жырлары өзіндік өрнегі, өзіндік бағыт-бағдары, өзіндік жазу стилі бар дарынды ақынды поэзия әлемінің көгіне көтерді. Өйткені академик С.Қирабаев айтқандай: «Ақ өлеңнің арындылығы мен өлшемді поэзияның тоғысында туғандай көрінген толғамдар еркін оқылып, санаға тез сіңіп, жетеге жедел жетіп жатты» [1].

Ақын лирикасында өзіндік мінез көрініс таппай тұра алмайды. Өйткені лирикалық қаһарманның мінездік бейнесі ақынның жекелік мінез болмысымен тығыз байланысты.

... Арылып мына тойда дерт күдіктен,
Көңілім от алғандай тектіліктен.
Алыптың қан қысымын жуасытып,
Қастерлі топырағыңнан шет жүріп мен.
Екпіні рухтардың ес жиғызып,
Бір серпіп тамырымды тепті үмітпен.
Мен тұрдым өзіңе ұқсап өтсем-ау деп,
Өмірде жалтаңдамас беттілікпен.

Осы өлең жолдарының өршіл екпінімен, құрылымдық бітімінен, ішкі тебіренісінен Фаризаның ақындық болмысын танытар өткір мінез, әділетке тақ тұрған бірегей шыншылдық көрініс тауып, санаға ой салып, жүреке жылылық ұялатқандай.

Фариза ақын өлеңдерінің тақырыбы әр алуан. Ол бірде азаматтық үнмен қоғамдық-әлеуметтік ойға қозғау салса, енді бірде сыршыл сезіммен ішкі жан дүниесінің сырын жаяды. Сондықтан да оның поэзиясында махаббат, табиғат, азаматтық лирика сынды дүниелер қат-қабат келіп, айқұшақ табысып жатады. Алайда ақын поэзиясының өнбойына алтын арқау, үзілмес желі болып керіліп жатқан, суалмас асыл арна — тылсым сыр мен тұмса сезім сертескен махаббат лирикасы.

Махаббат тақырыбы — сезімнің нәзік қылын сыршылдықпен шертіп, сұлу саздың сиқырына елітетін Фариза музасының тұнығы. Ақын осы тақырып арқылы әйел жан жүйесіндегі тебіреністің, оның көңіл түкпіріндегі сартап болған бұйығылық пен жүрегінде от боп жанған бұлқыныстың сырын ой бесікте тербей отырып, әйел ғана тән өзіндік ішкі әлемді ашуды мақсат тұтады. Сөйтіп, өлең-жырдың мәңгілік тақырыбын жаңа биіктерге көтеріп, поэзиядағы қыз сезімі, әйелге әлемі, ана бақыты атты бұрын бұйығылау жатқан тылсым дүниені бұлыңғыр бұлттан аршып, жарқ еткізіп, күн көзіне шығарады. Бұл туралы ақын өзі: «Адам деген жаратылыс қой. Оның ішінде әйел халқының жан дүниесі — өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымды сол әйел жанының сан түрін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді,» — деп жазған еді. Ендеше, әйел ақынның жан сырын терең түсінген

ғалым Сәуле Ержанованың: «...оның (Фариза Оңғарсынованың. — Ө.Ө.) шығармашылығын тұтас алып қарасақ, олардың арасындағы ортақ нәрсе сол, бұл әйел жанына, қыз жүрегінің сырларына үңіле білу және оның құпияларын, күдірет сезімдерін ашуға құмарлық, дүниедегі әйел ұлылығын дәлелдеп, олардың шынайы көркем образдарын жасау екендігін байқауға болады» [2], — деген пікірімен толығынан келісуге болады.

Поэзия ой мен сезімнің бірлігінен туады десек, ақынның махаббат жайлы жырлары әрі ой оятады, әрі сан түрлі сәттік сезім мен мәңгілік тәтті сезімнің шуағына шомылдырады. Фаризаның махаббат жырларының қызуынан ой оятқан оқырман, елтіп алып, ес жинап, бір сәт өз бойында бүлкілдей соққан сезімнен тыңдайды. Өйткені ақын өлеңінен тамыр тартқан терең тебіреніс, ішкі толқу, отты сезім лирикалық қаһарман мен оқырманды ажырамас бірліктегі бүтін бітімге айландырып жібереді. Фариза поэзиясының және бір қасиеті — табиғат құбылыстарын адам жан дүниесінің алуан түрлі қырларын ашуға пайдалану.

*Бірге өскен құрбы қыздай,
Толқындар сырлас мәңгі.
Ұйқысын тұрды бұзбай,
Құшақтап түнгі аспанды.
Алмайды жел де демін
(Ол да сәл көз ілген бе?).
Мен ояу тербелемін
Жүрек — қыз, сезім — жеңге.*

Ақынның махаббат жайлы жырларының басты лирикалық қаһарманы, әрине, Әйел. Өйткені ол — әйел жанының, әйел сезімінің суретшісі.

*Қайтсем екен:
Қасіретін сенделіп шексем бе екен,
Әлде өзіңе тап қазір жетсем бе екен.
Тұрғызып ап төсектен жеті түнде
Жаныма ертіп бір жаққа кетсем бе екен?!*

Ішкі монолог үлгісіндегі бұл өлеңде Фаризаның лирикалық кейіпкері ерлікке баланар еркіндік танытады. Мұндай өжет мінез тек Фаризаның лирикалық қыз-қаһармандарына ғана тән. Фариза ақынның махаббат лирикасындағы тағы бір ерекшелік — нәзік жанды ару бойындағы адал да ақ сезімді асқақтата жырлау.

*Мен сонда жылап қалғам...
Сен сезбедің. Кеттің ұшып жыраққа арман
Мұның бәрі неліктен? Білесің сен
өзіңді ұнатқаннан.
... Мен сонда жылап қалғам
өзіңді жек көргеннен және де... ұнатқаннан.*

Осы өлеңнің мазмұнынан гөрі, алдымен, формалық құрылысы қызықтырады. Жолдарының әр түрлі буынды болып келуі тектен тек емес. Ақын ауызекі сөйлеу мәнерін жазба поэзияда орында қолдана білген. Жеті-сегіз буыннан бастап, алуан түрлі өлең өлшемдері, интонацияның өзгеріп отыруы арқылы ақын лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінің өзгерістерін толыққанды жеткізген. Ақын кейіпкердің психологиясын ашып, жанкүйзелісін, адал көңілін жайып салады. Мұнда айтарлықтай тың тіркес, образды сурет жоқ. Алайда бұдан өлең қуаты әлсіремейді. Керісінше, ақын лирикалық кейіпкермен бірге күй кешуді ұсынып, нәзік жанды қыз құпиясын ұғындыратын сияқты.

Фариза Оңғарсынова өзінің махаббат тақырыбындағы жырлары арқылы әйелдің жан әлемін өзіндік ой талқысынан өткізе отырып, жаңаша ашты. Оның бұл бағыттағы өлең-жырлары сезімінің еріктен тыс еркіндігін бүкпесіз ашық айтуымен құнды.

*Өлең көп деп біреулер жазғыра ма,
Махаббат, сезім жайлы.
Олар, әттең, мендегі назды ұғар ма,
Жолдар келіп тұрғанда өзің жайлы.*

*...Өмір — сенсің дүниені ұмыттырып,
Өзіңді құштыратын.
Ішіп-жеген жанарыңда үміт тұнып,
Күттіретін біткенше күш-қуатым.*

Бір кезде

*Ақ боз атты жолаушы.
Біздің үйдің сыртына қырындады.
Көрмеген боп көрсем де үңілмедім,
Маған қарап жеңешем жымыңдады.
Қызарып күлімдедім, —*

деп, ұялшақ қыздың ұят ұялаған сезімінің гүл жарған, уыз сәтін ұяң үнмен жеткізген ақынның «махаббат дастаны» тылсым сырдың, тұнық сезімнің әлеміне еліте, еліктіре еріксіз ертеді.

Ақын «Әйелдің монологы», «Жанымдасың», «Буынымды босатып», «Сен мені күтпе,» «Іш тартпай», «Кетсе де алдап үміт» және т.б. өлең-толғауларында адамдарды бір-біріне ғашық еткен құштарлық күдіреттің, кіршіксіз махаббаттың құпиясын ашуға ұмтылды. Ашты да.

Әдетте Фариза поэзиясы — асқақ рухты, адуын мінезді және албырт сезімді жыр болып келеді. Ал енді табиғатты жырлауда Фаризадан асқан сыршыл көңіл, сынық мінез қыз ақынды табу қиын. Оның «Таң сұлу», «Бұлактар», «Қоңырқай бұлт», «Толқындар», «Далада гүл жүдепті», «Жаз» және т.б. өлеңдерінде әсем табиғат бар ажарымен ашылып, сұлу суретке айналады.

*Толқындар бұрқанады
бірін-бірі тепкілеп, шалып жығып,
буралардай тістескен санын жұлып,
бейкүнәсіп қараған дүниенің
алдамшы жат қылығын — бәрін де ұғып,
Жібергісі келгендей қағындырып.*

Бұл «Толқындар» өлеңінен алынған үзінді. Ақын өзі байқаған табиғаттың сәттік құбылысына тіршілік тынысын беріп, жансызды жанды заттай бейнелейді. Әрбір қимылға сай теңеу тауып, жарға соққан толқынның сұрапыл сипатынан көркем сурет жасайды. Фариза «Толқыны» — мүләйім, енжар, жалған тыныштыққа деген қарсылық. Сол қарсылық тегеурінін шымырлаған шыншылдықпен беру үшін нақты да бейнелі, көркем де образды балама, бірін-бірі толықтырып тұрған ырғақ, екпін, ұйқас үйлесімдерін табады. Сөйтіп, жансыз да тілсіз толқынды жанды бейнеге айналдырады. Фариза «Толқыны» Мағжан «Толқынынан» бір де кем емес.

Қазақ поэзиясында жылдың төрт мезгіліне жыр арнамаған ақын жоқ. Алайда әр ақын осыны өзінше көреді, өзінше таниды, өзінше суреттейді. Фариза поэзиясында табиғат құбылысы ақынның жан дүниесімен іштей келісім тауып, айтар ойдың шешіміне бағындырылады. Мәселен, «Тағыда көктем келді», «Жаз» және «Күз», тағы басқа өлеңдеріне осы сипат тән.

*Тағыда көктем келді,
Бал сезімдерге, сал сезімдерге ұран сап,
Өткініш гұмырдай қылықтары мол бұлаң шақ!
Көп көңілдерде өзіңіз боп көлкіп кетіпті-ау,
Ару қыз аңсап, жыр аңсап!*

Бұл келістіре бейнелеген көктем келбеті.

*Сұлулар барған сайға бұғып,
Қарайды көлдің бетін айна қылып,
Шіркін, жаз жомартсың-ау базарлыққа,
Бересің Жан біткенге жайдарылық.*

Бұл жаз айының сұлу суреті.

*Қатқақ күз. Дала құнысып,
жүзінде қалмай жаз рай.
Кимеген адам бұғы ішік,
бүрсеңдеген арық тазыдай.
Сұлулық қалмай қырда түк
Қоңырқай тартып жарқын жер.*

Ал бұл сарыала салқын күз суреті.

Ақын әрбір жыл мезгілінің өзіне ғана тән сұлу суретін туған табиғатқа ғашық жанның жүрегіндегі іңкәрлікпен жеткізеді. Табиғаттың тамылжыған көрінісінен поэтикалық образдар жасап, сәт сайын мың құбылар құбылыстың лирикалық кейіпкердің көңіл-күй пернесін шертерлік ілкі мезетін дөп басады. «Адам мен табиғат — күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналады»

[3], — дегенде, өзі де ақын болғандықтан, ақындық құпиясын терең түйсінетін ғалым Жанат Аймұхамбетова осындай шеберлікті мезгеген болған шығар.

Фариза Оңғарсынова поэзиясынан кең орын алатын бір сала — азаматтық лирика. Әрине, бұл ұғымның ауқымы өте кең. Азаматтық лирика ақынның қоғам, адам, Отан, ел, парыз, тағы басқалар туралы таным-түйсігін, ой-толғанысын, түсінік-тұжырымын танытатын өлеңдер тобы.

Фаризаның бұл сипаттағы лирикасының басты ерекшелігі — қоғамның тарихи дамуындағы жеке тұлғаның рухани ұстанымын нақты да айшықты көрсете алуы. Ақын болмысының өзіндік көзқарас тұрақтылығы арқылы айқындалуы. Фариза азаматтық лирикасында қашанда да лирикалық қаһарманның өз заманына сай тұлғасын сомдауға тырысады. Қоғамдық өмірдің қилы құбылысына ой жібере отырып, әлеуметтік тартыстар, қоғамдық қайшылықтар табиғатына көкірек көзі арқылы үңіледі. Оларға ақындық таным тұрғысынан баға береді.

*Дарига күндер өтті де...
Нартәуекелшіл жомарт жандардың қайнатып
қайран жігерін,
Кәрілік деген қырқадан бүгін қырға
көзімді тігемін:
Сонау кездегі жалын шақтарды көрсем деп
жастарда үміт тілегім.
Әлжуаз
бозаң бозбалалардан құлазып кетсе көңілім,
таба алмай қалам бір емін.
Сұңқарлығым егер шын болса,
Менің балапаным қарға
болмасы хақ! —
Дәл солай тегі... білемін!*

Бұл — әр сөзі ұшқын шашқан «Қыр қазағының қартайғандағы ойы» атты өлеңі. Ой түйіні — қарт адамның ұрпағына деген сенімі. Ол сенімді лирикалық қаһарман өзі өткен өмір мәнінің қорытындысы ретінде әрі қысқа, әрі нұсқа етіп, кесіп айтады. Бұның өзі Фариза өлеңдеріне тән ақындық мінездің табиғатын танытса керек.

Фаризаның қоғамдық ойды қозғайтын өлеңдерінде жалаң дидактикаға орын жоқ. Онда сезімге эмоциялық әсер беретін көркем образды сөз, ойға өзек, бойға қуат түйінді тұжырым бар. Сөзден образ түзеліп, образдан ой туады.

*Мен даланың қызы едім
Жазығында жатпайтын көз ілер қара.
Жазира менің жанымның өзі де дара.
Асқар көрмеген мен, шіркін, биік дегенді
Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана.*

Осында Фариза ақынның биікке ұмтылған тәкаппар мінезі көркем бейнеленіп, нақты ұғымды тудырып тұр. Дархан даланың кеңдігі мен көк аспанның биіктігін астаытқан сұлу сурет, тұмадай тұнық ой бар мұнда.

*Менің жырым —
Құштарлық қысқан кеудемнен
Бұрқырап жатқан бір жалын ... —*

дейтін ақынның имандай шындығы бұл. Оның арманы асқақ, ойы кең, мақсаты биік. Биіктік өлшеміне аспанды алу — тек Фариза поэзиясына сай келетін образ. Лирикалық қаһарман монологы — автордың өмір, уақыт, қоғам туралы толғаныстарының толассыз ағыны. Әрбір өлеңдегі мән-мағынаны мазмұн ашады. Ал мазмұнының өзі идеядан тамыр тартса, идея ойдан туады.

*... О, туған ел,
мен өзіңсіз қанатсыз, тұғырсызбын,
Сен болмасаң сөнемін, ғұмырсызбын.
Маған сенің сезімің қуат серік,
Саған менің сезімім шуақ беріп —
демімізден мөп-мөлдір нұрды жұтып,
тірліктегі азап пен мұңды ұмытып.
Қос махаббат алауы жер үстінде
бұрқасында өмірді тұр жылытып.*

Ақынның осы «Туған ел» атты өлеңіндегі басты идея — туған ел, туған жерге деген махаббат. Туған елдің өз перзентіне деген сезімі мен ұрпақтың елге деген парызын сезінген сезімінің шуақты нұры ақынның айқын идеалын танытады. Осыдан келіп, уақыт сұранысына, ұрпақ ұғымына сай келген Фаризаның лирикалық монолог әдісі айтар идеяны, авторлық көзқарасты оқырман жүрегіне жақындата түсудің ұтымды жолына айналады.

Ф.Оңғарсынованың азаматтық лирикасында көзге ерекше шалынатын, бір тұлға бар. Ол — Махамбет ақын. Фариза поэзиясында ол бірде жау жүрек батыр ретінде азаматтық айбынымен, бірде адуынды ақын ретіндегі өнерпаздық тұлғасымен танылады. Кейде тіпті қос арна қосылып кетіп, тұтас тұлғаның тұғырын заңғар көкке көтеріп кетеді.

Фаризаның Махамбет жайлы туындылары өте көп. Мәселен, «Махамбет аудармашысымен әңгіме» — Махамбет тұлғасын даралай түскен ажарлы жырдың бірі. Ақын:

*Махамбет!
Махамбет...
Білмеймін жел ме, сел ме?
Жырда онымен бір тұлға теңесер ме...
Әділетсіз дүниенің қабырғасын,
Махамбетше сөгер жан кездесер ме?..
Ондай жыр ем кеселге, —*

деп ішкі монолог арқылы шешіле толғанады. Өлеңнің өнбойында өршіл сезім есіліп жатыр. Ақын қолданған интонация, экспрессия, қайталаулар өлеңнің эстетикалық қуатының арта түсуі мен ой ағысының айқындала түсуінде шешуші қызмет атқарып тұр.

Жалпы алғанда, Фариза лирикаларында әйелдердің өзгеше әлемі, олардың сан алуан күйге ерік берер нәзік сезімі, әйел мінезінің көп қатпарлы құпиясы, жан дүниесінің мың сан иірімдері шыншылдықпен ашылып, шынайы жырланады. Осындай әйел жанының тұнығын жырлаған туындының бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде зор эстетикалық маңызға ие болары сөзсіз.

*Көңілді жайлы күнімді.
Азапты, қайғы-мұңымды
Өзіммен бөліскенің үшін,
Менің мынау қиындау тағдырым болып
О баста көріскенің үшін,
Өлең мен сені аялап өтем! —*

деп, өлең өнерін өмір мәніне айналдырған Фариза-ақын қазақ поэзиясына арманы асқақ, танымы терең, рухы ұлттық жыр асылын әкелді. Фариза Оңғарсынова поэзиясы — ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясын өз жаңашылдығымен байытқан, өзіндік дәстүр қалыптастырған жаңа арна, жаңа бағыт. Фариза — қазақ асыл сөзінің айдынын асау толқынды, арналы жырымен толтырған, ақындық әлемі сыршыл сезім, терең ой, азаматтық ұстаным, ақындық өлшем бірлігінен тұратын ұлт ақыны. «Сөз патшасы — өлең» арқылы сан ұрпақтың санасына сара ойдың дәнін егер, еміренген жүрекке арда сезімнің нәрін берер Фариза поэзиясының қашанда тұғыры биік, жұлдызы жоғары боларына сенім мол.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. — 9-т. — Алматы: ҚазАқпарат, 2005. — 53-б.
- 2 Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. — Алматы: Білім, 2010. — 110-б.
- 3 Аймұхаметова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында). — Алматы: Жазушы, 2010. — 332 б.

У.Абдиманулы

Слияние чувств и возвышенности в стихотворении

В статье всесторонне исследовано поэтическое творчество Фаризы Онгарсыновой и оценен вклад акына в казахскую поэзию. Рассмотрена тематика гражданско-политической, любовной и, особенно, природной лирики. Проанализированы художественные особенности, новаторство и мастерство поэта.

U.Abdimanuly

A fusion of feelings and hills in the poem

The article is devoted to the subject of a comprehensive study of individual creativity of the writer in the science of the Kazakh literature. Special attention to the author draws on themes natural lyrics akin, allocates its individual characteristics, associating with poetic skill, makes literary-theoretical interpretation. In the article the author assesses the contribution of akin and his civil, political, love, natural lyrics in Kazakh poetry. Examines the artistic features, innovation and skills akin brought them into the national lyrics.

References

- 1 *History literature of Kazakh: Ten volumes, 9*, Almaty: Kazinformation, 2005, p. 53.
- 2 Erzhanova S.B. *Kazakh poetry on opposite place of independence*, Almaty: Bilim, 2010, p. 110.
- 3 Aiyemukhametova Zh.A. *Myth activity (nowaday Kazakh poetry in a plot) of poetics*, Almaty: Zhazushy, 2010, 332 p.

ӨОЖ 82.09:821.512.122

Ә.Қ.Жақан

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: alim.zh@mail.ru)

Қос шығармадағы ортақ ой, ортақ образдар

Мақалада көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің ішкі әлемін ашудағы қаламгерлердің жан-жақты шеберлігі қарастырылған. Сондай-ақ екі жазушының шығармаларындағы тарихи тұлғаның көркем әдебиеттегі бейнесі салыстырмалы түрде талданған. Қазақ прозасындағы Шыңғыс хан образын арқау еткен екі суреткердің туындыларындағы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасы және қос шығармадағы ортақ ой, ортақ бейнелер, көркемдік шешім, көркемдік тәсілдер жайындағы мәселелер ғылыми талдауға өзек болған.

Кілт сөздер: шығарма, тарих, кейіпкер, психологиялық портрет, дерек, дәлел.

Көркем әдебиеттің көлемді бір аумағын тарихи шығармалар алып жатқандығы анық. Тарих пен әдебиет — құстың қос қанатындай егіз дүние. Кез келген көркем туындының өзінде тарихи детальдар мен элементтер кездеседі. Осы жөнінде ғалым Ж.Дәдебаевтың зерттеу еңбегінде мынадай ой-тұжырымдар айтылады: «...Тарихтағы кейбір ірі оқиғалар белгілі бір дәуірдің бетін, мазмұнын анықтайтындай мазмұн-мәнімен бөлектеніп тұрады. Сондықтан белгілі бір тарихи кезең туралы шығарма жазғанда, сол дәуірдің ең басты, типтік бетін, сипатын белгілейтін оқиғаларды ескермеуге болмайды. Онсыз дәуір тынысын толық жеткізу қиын.

Адамзат тарихы тек ірі, аса маңызды оқиғалардан ғана тұрмайды. Тарихта ірі, маңызды оқиғаларды іштей дайындайтын, сол ірі, маңызды оқиғалардың алғашқы алғышарттарын дайындайтын, жүзеге асыратын, бірақ сырттай бірсыдырғы кезеңдер де кездеседі. Мұндай кезеңдер шындығы

туралы жазылған шығармаларды тарихи тақырыпқа жазылған деп, ал осы кезең дайындап, пісіріп-жетілдірген, халық өмірінде ерекше мәні бар ірі оқиғалар туралы жазылған шығармаларды тарихи шығармалар деп бөліп атау бірден-бір дұрыс тұжырым бола алмайды. Халықтың тарихи өткенінің ірі немесе ірі еместігі бұл тақырыпқа жазылған шығармалардың жанрын анықтайтын өлшем қызметін атқара алмайды. Тарихтың аты — тарих. Халықтың тарихи өміріндегі болған, өткен оқиғалар, мазмұны жағынан қандай дәрежеде болғанымен, бәрібір тарихи оқиға, тарих болып табылады. Тарихтағы ірі я ұсақ оқиғалар жазушы үшін дара екі түрлі объект емес, бір ғана объект. Бұлай дегенде тарихи шығарма өзегінде, оның басты желісінде тарихи-тұрмыстық (лироэпикалық) оқиғалар емес, тарихи-әлеуметтік құбылыстар жатуы тиіс екендігін есте берік ұстауға тура келеді.

Тарихи шығарма табиғатын шығарманың жазылу сәті мен суреттелген кезең арасындағы уақыт жылдар мөлшері емес, көркем шығармада сол жылдар ағынының арғы жағынан көрсетілетін тарихи кезеңнің әлеуметтік даралығын суреттеудің ерекшелігі анықтайды» [1]. Яғни, тарихи кезең үшін тарихи тұлға қандай рөл атқарса, оны жазып, кейінгіге жеткізер адам да сондай салмақты әрі жауапкершілікті болуға тиіс.

Сондықтан да, тарихи я болмаса көркем туындыда әрбір қаламгер қаһармандар әлемін ашуда өзіндік ізденіс арқылы өзіне тән жол тапса — ол шығарманың құны арттары даусыз. Шығармадағы кейіпкер — өмірдегі адам. Бұл тұрғыда ғалым М.Қаратаев: «Адам — әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу — әдебиеттің түбегейлі мақсаты. Дүние жүзі әдебиетінің бұрын-соңды жасалған онды үлгілерінен реалистік көркем туындыға үнемі өзек болған адам өмірін, адам образын көреміз. Сондықтан әдебиеттің дүние танытқыш және тәрбиелік құны адам өміріне қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек» [2], — деген түйінді ойын айтады.

Жалпы көркем прозадағы тұлғалар табиғатын түсіну үшін әуелі сол суреткердің алып отырған дәуірін, дәуіріне лайықты тарихи шындығын һәм содан ауытқымайтын көркемдік шешімге зер салған жөн. Осы орайда қазақтың белгілі жазушылары Сәуірбек Бақбергеннов пен Әбіш Кекілбаевтың Шыңғысхан жайындағы шығармаларына тоқталған едік. «Бөрте — Шыңғысханның жұбайы» және «Ханша-дария хикаясы» атты қос повестің негізгі өзегінде қаһарлы қағанның әлемді жаулап алмақ болған іс-әрекеті тұтастай тұрғанымен, осынау дүлей күш пен сұрқия амал-айлаға қарсы нәзік жандылардың наразылығы да бір сәтке тоқтамайды. Осы қарсылық арқылы ізгілікті іздеген екі автор Шыңғысханға қарама-қарсы әйелдер образын көлденең тартады. Айталық, С.Бақбергенновтің «Бөрте — Шыңғысханның жұбайы» деп аталатын туындысында негізгі нысана — қазақ қызы Бөртенің сұлулығы мен жан жүрегінің жылулығын, ақыл-парасатының молдығын көрсету, сондай-ақ ұлтымыздың тағы басқа қарлығаштары: Оөлен, Ақтоты, Күлшелердің ғаламат іс-қимылдарын, саликалы да салмақты сөздері арқылы асыл бейнелерін таныту болса керек.

Бұл арада Шыңғысхан тұлғасы осы әйелдерден аса алмай, екінші орынға ығыстырылғандай әсер береді. Рас, әуелі оқиға жылқы бағып жүрген Теміршын деген жігіттің өз еліне қайтқысы келетінінен басталып, әрі қарай қалыңдығына аяқ астынан кездесіп, еліне алып қайтуымен өрбиді.

Жазушы қатыгездік пен жауыздықтың символы ретінде көрсетпек болған Шыңғысханды бастапқыда Теміршын деген атпен тәрбиелі, салмақты, ақыл-парасатты, ойлы жас қылып көрсетеді. Оған дәлел, өзінің досы Сенгеленің мына ойынан байқалады: «Бала жігіт ойланып қалды. Көз алдына жылқышы баланың тұлғасын әкелді. Шегір көз, жирен сары, жасына жетпей кеуделі, иығы тік, тұтас жауырынды жігіт ол. Күреске түсетіндей, ертең-ақ палуан, батыр болатындай сымбатты еді. Мұнысымен қатар достыққа, сертке берік көрінеді, сөзге үйірлігі аз. Бірақ барынша қайсар, намысқой. Ол мінезін сыртқа осынша шығара бермейтін бала» [3; 3, 4].

Жас Сенгеленің бұл ойын ақсақал Менлеке бидің де көзқарасы расқа айналдырғандай. Баланың сәлеміне, әрбір қимылы мен сөзіне зер сала қараған бидің бірінші байқағаны оның көз жанары тым жалынды, отты екен, дей келіп: «...Менлеке Теміршынға бір кездесудің өзінде осымен төрт-бес мәрте аң-таң боп қарады. Талай-талай дау-дамайды, шешен мен батырды көрген ақсақалдың мұнысы алдында отырған жас азаматтың не бір, осы менмін деген кісіге тән, көптен ерендеу екенін танытатындай еді» [3; 6].

Ешкімге зияны жоқ, өз бетімен жылқы бағып жүрген қарапайым жігіттің алғашқы көзге түсуі осылай. Яғни, көздеген кейіпкер келбеті, нысанадағы қаһарман бейнесі жап-жақсы ашыларына сене бастайсың.

Осыдан екі жастың қыз жұртынан бата алып, өз елдеріне қарай аттанғаны және жігіт анасының келінді қалай қарсы алғандығы һәм Оөлен ананың аспандағы Айға алақанын жайып екі баласына

Тәңірден тілек тілегені де шығарманың шырайын кіргізіп, бүкіл адамзат баласын ақ жолға, жақсылық пен ізгілікке бастайтындай.

Тоғырыл ақсақалдың берген батасынан кейін жас Теміршынның тасы өрге домалағанын мына жолдардан байқауға болады: «... Ең алдымен Алашань мен Гобы арасындағы кең дала, құм мен таулы жерден монғол елінің алғашқы жұмбақ бірлігі басталды. Бастаушы туын мықты ұстады. Дүниеге алғаш келгенде, шар етіп жерге түскенде уысынан қан шеңгелдеп түскен еді. Енді сол шеңгелдің уысына өзіне бағынған қауымды алды. Ең алдымен, оларды көршілердің көз түрткісінен, әділетсіз билігінен, қорлық-зомбылығынан құтқарды. Көптен бері басшысы болмаған көген көз, момын елге ең басты керегінің өзі осы еді. Содан да халық оның қимылынан, ісінен, сөзінен, өздерінің келер күндерін, бастаушысын көре бастады. Көптің ниетін, өзіне деген ықыласын көрген ол әрбір ісін ойланyp, толғанып, кейбірін халқымен ақылдасып, арнаулы кеңес шақырып шешетін болды» [3; 14].

Дәл осылай жұлдызы жанып, айы оңынан туған Теміршын ендігі жерде тарих сахнасына «Шыңғысхан» деген атпен шыға келгені және өзінің қатыгездік, зұлымдық әлеміне қалай кіріп кеткенін автор шағын көрініспен-ақ шебер көрсете алған. Мәселен, ... *Екі мың, екі жүз елу түйеге жүк артқан үлкен керуен Алатауды бөктерлеп, Таразы, Испинжавтан өтіп, Отырар жетті.*

Бұл кездегі Отырар билеушісі Хорезм шахтың туған күйеу баласы Қайырхан болатын. Ол қайын атасы Мұхаммет шахпен келісіп, керуенді Хорезмге өткізбей тонап алды. Жігіттерді, бай жасақты керуеннен бөліп, төрт жүз адамды түгелдей өлім жазасына жіберді. Арада екі-үш ай өткенде, бұл хабар Шыңғысханға жетті.

Міне, бар сұмдық осы керуеннен басталып еді [3; 17], — дей келіп, көркем шығармаға тарихи деректі өзек қылады. Шыңғыстың шеңберден шығып, шексіздікке ұмтылған долы мінезін, жойқын іс-әрекетін осы бір қылтадан лап еткізген.

Туындыдағы толқынды ойлар басынан-аяқ бір желіге тартылғандай. Ол жауыздық пен ізгіліктің жұлқынысы, ақ пен қараның айқасы. Қаһарлы қағанға қарсы қарапайым әйелдердің, аналардың іс-әрекеті, ойлары мен сөздері бір арнада тоғысады. Дегенмен бір кереғар дүние шығармадағы Шыңғысханның тағдыры. Оқиға басталғанда болашақ қағанның байсалды, сабырлы, парасатты кейпін көріп қуанасың. Әр сөзінен, әр ісінен тәуекелшіл, текті азаматтың бейнесін аңғарасың. Бірақ жүре келе осы ғажап ырғақтың бәрі бұзылып, аяқ астынан өзгеріп кетеді. Бұрынғы әділетті, турашыл Теміршын оқиғаның ортасы мен аяғында қаражүрек, қансорғыш, зұлымдық иесі, атакқұмар, шатаққұмар Шыңғысханға айналады. Әрине, адамның өз болмысынан өзгеріп, өзгеше күй кешуі тек көркем шығармаларда ғана емес, нақты өмірде де кездесетін жайт.

Бір ғана мәселе — жазушы бұл жерде жер жүзін жаулап, жалғыз өзі үстемдік жүргізгісі келген Шыңғыстың қанды жорықтарын, ондағы қағанның ерліктері мен жауыздық әрекеттерін көрсетуді мақсат тұтпаған. Қайта сол жөнсіз, жүгенсіз жайларға қарсы бағытталған қазақтың рухы, ұлт азаматы мен әйел-аналардың тектілігін айтқысы келгендігі анық көрінеді. Және кейбір тарихи детальдар арқылы көркем шығармадағы өз шешімін беруге тырысқан.

Ал қаламгер Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-дария хикаясы» атты повесінде Шыңғысхан образы жан-жақты ашылған деуге болады. Аңыз түрінде алынған бұл туындыдағы бас кейіпкеріміз басқа тарихи романдарға, алғашқы қарастырған повесімізге қарағанда өзгеше күй кешіп, ерекше бір қырынан көрінеді. Айталық, Әлемге әмірін жүргізгісі келген қаһарлы қағанның «табындыруы мен таңқалдыруы» қулығына құрық байламайтын салқынқанды саясаткерді көз алдымызға елестетеді. Сауысқандай сақ болып, тірі жанға сенбеуі де — қаһарманның жан дүниесіндегі жаратылыс жұмбағын алдыға тартады.

Жазушы күрделі кейіпкерінің сыртқы сұсы мен ішкі дүлей дүниесін мынандай жолдармен аңғартады: ... *Қынаптан суырғанында оқ жыландай ысқырынатын жылмаң қылыштың зәрлі ысылын сыбызғының сазынан бетер құныға тыңдайтын сарқаптал, қанды балақ, құзғын көз, қырғи жүрек сарбазға жаутаңдаған жанарлар мен кемсеңдеген иектерді, дірілдеген қолдар мен дірдектеген сирақтарды көргеннен артық ләззат болушы ма еді? Қан жұқпаған қанжардан не пәтуа, қан жұтпаған еркектен не пәтуа, қаймықтырмаған қаһардан не пәтуа!*

Әлгі, әншейін, жердің бетін көл-жоса қып көміп кеткен қара қан жеңістің айғағы емес, жеңістің айғағы — жылты қашқан көздер мен сұрқы қашқан сөздер. Дұшпанның харам қанына белшеден жүзсең де ол мүсәпір болған жауыңның жаутаңдаған көзінен ытқып шыққан бір тамшы ыстық жасты өз көзіңмен көргеніндей болмайды [4; 295].

Сұрапыл суық сөз, сұрқия ой оқырманның өзін қалтыратып жібергендей. Көз алдымызға қырғын соғыстан гөрі Шыңғысханның қауіпті көзқарасы мен адамға тән емес жабайы іс-әрекеттері

тізбектеліп келетіндей. Қатыгез ханның құпиясын қоюлату үшін автор Касар мергенді оған теліп қойған. Касар мерген көңіл-ниеті түзу жанға ұқсайды. Оның әшекейлі хан сарайын менсінбей дархан даланы аңсауы, өзінің қораш қосын қимауы да көп жайларды аңғартады.

«Аңға шыққанда қашан да Касар мергенді бір елі жырақ жібермей, қасында ұстайды. Мергендердің жақын жүргенінен алыс жүргені қауіпті, мерген еместердің алыс жүргенінен жақын жүргені қауіпті» деп ойлауына қарағанда, жақын досының өзі оған дұшпан сияқты.

«Сөзден бұрын көзбен тергеп алу мұның қашаннан бергі әдеті....Әр істе тамсанып, таңырқатып отырмасаң, айбыныңнан айырыласың, қорқытқанның жөні осы екен деп кіріп-шығып жүрген қызметшілерге оңды-солды бақырып-шақыра берсең, қазір қасың мен қабағыңды бағып, сілтідей тұнып отырған тыныш халқыңды күндердің күнінде сыртыңа шығарып алуың мүмкін» [4; 297–306]. Мұндай сұңғыла ойлар ел басқарған естілердің бәрінде бірдей бола қоймас.

Шығармада шағын детальдар мен штрихтар арқылы Шыңғысханның психологиялық портреті жасалған.

Мәселен, *Аспан мен жердің ара-шегі жойылып, төңіректегі тұтасқан қалың мұнар мен жымыңдасқан оттарды көргенде ол жер басып тұрғанын ұмытып, сонау көз ұшында еміс-еміс жымыңдасқан жұлдыздардың ортасындағы хақ тәңірдің өзіне айналып кеткендей сезінеді. Сонау төбесіндегі, мынау іргесіндегі жыбыр-жыбыр көп от бұған тауап етіп жатқан көп зарыптың жалбарыныш шырағындай; оларды осылай моншақтай тізіп маздататын да, бір түкіріп өшіріп тастайтын да құдірет тек өзі сияқты* [4; 299].

Арман-мақсаты асқақ ұлы әміршінің бейнесі әр көріністерден бірте-бірте биіктей түседі. Лирикалық шегіністер арқылы жасалған бас тұлғаның ішкі монологы шығармаға үлкен салмақ қосқан.

Сюжетке арқау болған өзекті мәселе — адамдар тағдыры. Таңғұт елін шапқандағы ойран болған қала, қырылған халықтың аянышты күйі, мұң-зары көз алдымызға Отырарды еріксіз алып келеді. Ержүрек таңғұт халқы да Отырар халқындай өліспей беріспейді. Соңғы үміттері өшкенше қамалды ашпай, қарсыласып бағады. Таңғұттардың қолбасшысы Шидүрге де Қайырхан сияқты ешкімнен тайсалмайтын өжет, қайсар адам. Бұл жерде де тура Отырардың картинасы қайталанатын. Шыңғыстың сұрқия саясатымен қамал алынып, халқы қырылып-жойылады. Ең соңында қалған тұтқын Шидүрге өз өлімін ерлікпен қарсы алады. Қайырхан мен Шидүрге Шыңғысханға қарама-қарсы қойылған образдар. Жаулары осал болса, майданда батырдың ерлігі көрінбейді, — деген ой осындайdan шыққандай. Бұл туындыда Шыңғысхан образы — жалпыдан гөрі жалқыға, көптен гөрі жекеге жинақталған. Кейіпкер күні-түн жорықтарда жүрсін, болмаса оңаша ой үстінде отырсын әйтеуір бір әрекетімен көрінеді.

Сыншы, ғалым Төлеген Тоқбергеновтің: «Үлкен образдың жасалуы характердің табиғи ашылуына байланысты. Типтік тұлғаны тірілтіп, даралап тұрған да сол характер. Сондықтан да бұл екеуі ажырамас жақын туыс егіздер. Бірінсіз бірі жоқ.

Көркем әдебиетте характер жасау ең қиын күрделі міндет болғаны да содан. Характер жан-жақты ашылмайынша, кейіпкерді тани алмайсың.

Адамның әрекеті — характердің жарқ еткен көрінісі. Кейіпкер мінезі томаға-тұйық қалмай, қат-қабат қырымен, алуан айшық сырымен айқара ашылғанда ғана жарқын. Мұндай тұлға тозбайды, дәуірден дәуірге ұзақ сапар шегеді, жарқырап ашыла түседі. Солардың бәрінен де замана рухын, дәстүр-салтын танымыз» [5], — деуінде үлкен шындық жатыр.

Жазушы шығармасында қара түске баса назар аударып, табиғаттың мұңлы шағы — күз айына көп көңіл бөлген сықылды.

...Сеңсең бөрік секілді сеңгір-сеңгір таулардың қап-қара тәнінен шымырлап шыққан қара өзеннің тіп-тіке терістікке бет түзеп, жолында тағы да тауға жолығып, шығысқа қарай күрт аунаған қойнауында мұның қалың қолы жатты...

...Қара өзеннің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Аңғар бойы сылдыр – сылдыр, сыңғыр – сыңғыр... [4; 307–327]. Тағы бір жерінде ...Тұла бойы түп-түгел қара. Бетін де қара пердемен көлегейлеп алыпты. Мысық табандап мұның төсегіне қарай жақындап келеді. Міне, екі-ақ адым жер қалды. Бейуақтағы бейсауат қонақтың оң иығы қимылдағандай болды. Аяғының басына дейін малынып түсіп тұрған қап-қара киімінің өңірінен алмас қанжар жарқ етті... [4; 303], — деген сөйлемдерде «қара» сөзінің астарында үлкен ой жатыр. Соңғы сөйлемдегі қара киімді қанжар асынған бейтаныс біреу Шыңғысханның түсіндегі өзін-өзі өлтірмек болған өз бейнесі. Жүрегі, жан дүниесі қап-қара

адамның өзіне-өзі ұмтылған қызық та тосын қылығы кейіпкерінің психологиялық портретін ашу үшін әдейі қолданған.

Сондай-ақ табиғаттың әр алуан түр-түсі мен реңктерінің ішінен сұрғылт-сұрқайын болмаса мезгілдер арасынан күз айын алуы да тегін емес.

Күз таңының сұйқылт суық нұры шатырдың ішіне енді-енді жайыла бастағанда ол ұйқыдан оянды.

...Кәрі жүрек көп қуана бермейді [4; 294]. Табиғат құбылысы мен адам жүрегіне ортақ мұңды анық аңғарамыз.

Шығарманың өнбойынан асқақтап көрінетін Шыңғысхан бейнесі ең соңында аласарып қалғандай болады. Өйткені таңғұт тайпасының сұлу әйелі Гүрбелжін ханым оны оңдырмай отырғызып кеткен... Шыңғысханның аяқ астынан ауырып, өліп кетуіне де осы Шидүрге әміршінің сұлу әйелі Гүрбелжін ханымның ойлап тапқан әдісі себепкер болыпты, — дейді бір ойдың өзегі.

Осы арадағы хан мен ханымның арасындағы асау әрекетті жазушы былай суреттейді.

...Құмарлықтың дүлей желігіне біржолата беріліп, құдды бір жазаға шығып қалған балықтай тынысы тарылып, танауын жас тәннің, асау қанның, елден-ерек сұлулықтың хош иістері қосыла аңқыған қос анардың ортасына енді апара бергенде ұлы әмірші оқыс ышқынып, сылқ етіп, сұлу үстінен ауып түсті.

Гүрбелжін ханым төсектің аяқ жағына түсіп қалған желең көйлегін қолына іле-міле сыртқа сып берді.

Ұлы әмірші екі санын жуып бара жатқан қызыл-жоса қанға шошына қарап отырып қалды. Күтушілерін дауыстап шақыруға мынау қалпынан ұялды. Азу тісін сындырып жіберетіндей, шақыр-шұқыр тістеніп, етпетінен гүрс құлады [4; 328].

Айналасы 1–2 минуттың ішінде болған қанды оқиға ұлы әміршіні «мүгедек» қылып, айықпас ауыр қайғыға душар етеді. Ал енді тұқым қалмай тегіс қырылған таңғұт елінің соңғы аруы Гүрбелжін ханым азулы Шыңғысханнан елінің кегін осылай алыпты, — дейді аңыздың аяғында.

Жарты әлемді жаулап алған сұсты хан, ұлы қолбасшының бір әйел алдында айланып асыра алмауы, оның көңіл-күйіне, жан дүниесіне қатты әсер еткендей. Оның үстіне еркектік енінен айырылып, өз-өзінен мүжіліп, мүсәпір күй кешеді. Бұрындары жандыны көзіне ілмейтін «көсем шал» намыстан жарыла жаздап, азапты ауруға шалдығады. Шығарма шеңберінде драмаға бергісіз тартыс пен шиеленіс бар. Шыңғысханның сәтсіздікке ұшырауын, психологиялық дағдарысқа түсуін мына жайлардан байқаймыз.

Ұлы әмірші табан астында ауырып қалды. Сол күні түнде ұлы әміршінің Қасар мергеннен басқа күтушілерінің бәрінің де басы қырқылды. Әміршіні емдегелі барған еміш, балгерлер де сары ала шапырған тірі шықпады.

Манғұл қолы адыра қалған таңғұт астанасынан бір жола үдере көшті. Ұлы әмірші көш жөнекей көңілін сұрай барған ешбір жанды қабылдамады. Тіс жарып ешкімге ештеңе демеді. Екі көзі жұмық, әлде бір ойларға батып, жатып алды [4; 328].

Сыртқы дүниеге қанша білдірмесе де, ішкі әлемі алай-дүлей, қым-қуыт ойлардың астында қалып, психологиялық иірімдер өз тұңғығына тарта жөнеледі. Автор психологизмді шығарманың кілті сияқты қажетті жерлерінде қозғаушы күш ретінде пайдаланады. Диалогтан гөрі монолог басым. Кейіпкер керемет әрекеттер үстінде ашылады.

Көпшілік деректерде, шежірелерде Шыңғысханның ажалы аттан болған деседі. Біздің пікірімізше, осы аңыз туындының астарында бір құпия жатқан секілді. Бәлкім, күндердің күнінде шындықты бүркеген перде де ашылар...

Біз әдетте көркем шығарма мен аңыз дүниелердегі барлық жағдайларды шындықтан алыс, елес пен сағым күйінде қабылдаймыз. Тарихи деталь, тарихи кішкене элементтерді көзге іле қоймаймыз. Бұл жөнінде ғалым Ә.Тарақовтың мынандай пікірі бар екен: «Қандай да бір дәуірдің тұтастай тарихи картинасын беруде тарихи деталь өзінің үлкен айқындаушы қызметін атқарады. Тарихи деталь сол кезеңдегі қалыптасқан тарихи жағдайлар мен жекелеген характерлерді, құбылыстарды ашуға айрықша ықпал етеді. Детальдар көбінесе көркемдік баяндау жүйесінде, монологтар мен диалогтарда аталған тарихи шығармада бейнеленген дәуірдің тарихи колоритін жасайтын құрал ретінде ерекшеленіп тұрады. Сондықтан да кейде ол колоритті деталь деген атауға да ие. Тарихи деталь характерді ашуда, кейіпкер болмыс-бітімін даралауда жұлдыздай жарқырап дараланып тұрады» [6].

Екі повеске де ортақ түйін: Шыңғысханға қарсы халықтың наразылығы. «Бөрте — Шыңғысханның жұбайында» бас кейіпкер Бөртенің өзі көп жағдайларда қағанға тікелей қарсы

шықпаса да, салмақты сөздерімен, пайымды ой-пікірлерімен екінші жақтың мүддесін көздейтіндігі көрінеді. Бөрте — ақыл-парасаттың, сұлулықтың жиынтық бейнесі ретінде шығарманың кез келген жерінде кездеседі. Басқа да әйел-аналар оған қосымша күш беріп, отансүйгіштікке, ізгілікке, жақсылыққа талпыныс жасайды. Осындағы Ақтоты, Күлше сияқты әйелдер образы өздерінің ерекшелігімен қаһарлы қағанға деген қарсылығымен көрінсе, «Ханша — дария хикаясында» таңғұт аруы Гүрбелжін Шыңғысханға өзінің айласымен оның түбіне жетуге тырысады. Жойылып бара жатқан бүкіл бір елдің кегін жалғыз өзі жүзеге асырады.

Аталмыш екі туындының соңында да әлемді қалтыратқан қағанның нәзік жандылардан жеңіліс тапқандығы қаламгерлер тапқырлығы деуге болады.

Алғашқы шығармада Қаракемпір (Ақтоты) атты кейіпкер Шыңғысханның бетіне түкірсе, екінші туындыда Гүрбелжін ару қағанның ажалына себепші болды.

Екі хикаяда да аңыздық желі мен тарихи шындық астасып, сол аңызға айналған адамдарды тарихи деректермен дәлелдеген қаламгерлер өз көркемдік шешімдерін жасаған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Дәдебаев Ж.* Әдеби шығарма. — Алматы: Ғылым, 1987. — 6, 7 б.
- 2 *Қаратаев М.* Таңдаулы шығармалары. — Алматы: Ғылым, 1974. — 3-т. — 194 б.
- 3 *Бақбергенев С.* Бөрте — Шыңғысханның жұбайы. — Алматы: Жазушы, 1993. — 384-б.
- 4 *Кекілбаев Ә.* Шыңырау. — Алматы: Жазушы. — 1982. — 456-б.
- 5 *Тоқбергенев Т.* Уақыт пен характер // Жұлдыз. — 1967. — № 10. — 117–118-б.
- 6 *Тарақов Ә.* Тарихилық және тарихи тұлға // Әдебиет және өнер мәселелері: Жин. — Алматы: Ғылым, 2002. — 37-б.

А.К.Жақан

Сопоставление взглядов и персонажей в произведениях С.Бакбергенова и А.Кекилбаева

В статье рассмотрено мастерство писателей, раскрывающих духовный мир героя в художественной литературе. На основе сравнения произведений двух писателей определены роль и место исторической личности. Автор показывает, как представлен образ Чингизхана в казахской прозе. Затрагивается проблема раскрытия действительности и художественной развязки в двух повестях.

A.K.Zhakan

Mapping views and characters in the works of S.Bakbergenov and A.Kekilbayev

The article devotes Lobs of wriders in showing heroe's moral world in ortistic literature. So, place of historic persons in artistic verses by compare verses of two writers have been analysed. The article devotes the picture of Chinghishan in kazakh prose. So problem of real and artistic end of historical person in two novels by compare different writers have been Showen The scriptwriter s skills, artistic peculiarities, the place of the personality in world history and author s treatment of the reality in the artistic verses are analyzed and considered in the given work.

References

- 1 Dadebayev Zh. *Literary work*, Almaty: Gylm, 1987, p. 6, 7.
- 2 Karataev M. *Selected work*, Almaty: Gylym, 1974, 3, p.194.
- 3 Bakbergenov S. *Borte — The Board is the wife of Genghis Khan*, Almaty: Zhazushy, 1993, p.384.
- 4 Kekilbayev A. *Chinyrau*, Almaty: Zhazushy, 1982, p.456.
- 5 Tokbergenov T. *Zhuldyz g.*, 1967, 10, p. 117–118.
- 6 Tarakov A. *History and and historical personality / Problems of literature and art*, col., Almaty: Gylym, 2002, p. 37.

Б.С.Рахымов, А.М.Утешова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: alim.zh@mail.ru)*

Махамбет поэзиясындағы фольклорлық дәстүр көрінісі

Мақалада қазақ халқының дарынды ақыны Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы фольклорлық дәстүр мәселесі сөз болады. Ақынның шығармашылығының құндылығы, жаңашылдығы сараланды. Махамбет поэзиясының дәстүрі тереңде екендігі, оның шығармашылығы жыраулар поэзиясымен үндестігі жан-жақты зерттелді. Ақын творчествосындағы тарихилық мәселесі арнайы сөз етілді.

Кілт сөздер: фольклор, ақын-жыраулар, салт-дәстүр, бейнелі сөздер, ұйқас, ұйқастық пен сәйкестіктер.

Алаш тарихындағы айтулы тарихи тұлға Махамбет Өтемісұлының шығармашылық мұрасы жалпы жұртқа мәлім. Заңғар жазушы, ғұлама ғалым М.О.Әуезов: «Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған өзгеше ақын болған емес» [1] деуінен-ақ, «ұлыларды ұлылар ғана түсінеді» деген пікірдің дәлеліне бас иесің. Бұдан басқа да кезінде «Қазақ әдебиеті тарихының» арнайы тарауларын жазған Қ. Жұмалиевтің еңбегінде де Махамбет әр қырынан көрінеді [2].

Қазақ халқының дарынды тұлғалары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Дербісалин, Х.Сүйіншәлиев, Б.Аманшин, Б.Адамбаев және қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымына еңбегі сіңген ғалымдардың бәрі де Махамбет поэзиясына қатысты құнды ой-пікірлер қалдырып келеді. Бұл еңбектерде көбіне Махамбет шығармашылығы әйгілі Исатай Тайманов бастаған көтеріліспен бірге түсіндіріліп, сол көтерілістің іздері ақын өлеңдерімен сабақтастырыла сараланады. Осы орайда белгілі ғалым Ж.Тілеповтің мына пікірі орынды айтылған. Ол былай дейді: «Мұның өзі заңды да болатын. Өйткені Махамбеттің ақындық өнері — қазақ поэзиясының жаңа да жарқын беттерінің бірі. Сондықтан оның творчествосына соқпай өту мүмкін емес-ті. Сол дауылпаз ақынның мұрасы осы кезге дейін біраз қырынан зерттеліп, көп сырлары ашылғанымен, жоғары, орта мектеп оқулықтарына, программаларына енгенімен, оның творчествосындағы тарихилық мәселесі арнайы сөз болған жоқ еді», — дей келе, өзінің зерттеу нысанына қатысты ақынның мұрасынан әлі де толық ашылмаған қырларына тоқталады [3]. Біздің арнайы сөз қылып отырған ақын поэзиясындағы фольклорлық дәстүр көріністері де арнайы тақырыпқа арқау болып, толықтай зерттеу нысанына айналған жоқ еді. Тек зерттеуші-ғалымдар сөз арасында, ақынның суырып-салмалық ерекшелігіне байланысты ғана бірен-саран айтылғандар ұшырасады.

Баршаға белгілісі Исатай мен Махамбет бастаған 1836–1838 жылдары көтерілістің болғаны, сол көтерілістің жалынды жыршысы, атақты Махамбет екендігі ғылымда өз бағасын алған. Махамбет өмір сүрген дәуірде хандық билік өзгеріп, орыстың отарлау саясаты екпінді жүргізіле бастаған тұс еді. Бұрынғы жыраулық поэзия бәсеңдеп, ақындардың сал-серілік құрып, суырып-салмалық өнер бәйгесі айтыстың қарқынды өте бастағаны сөз өнері тарихынан аян. Осы дәуірдегі қазақ жерінде болып жатқан жасанды өзгерістер ұлттың намысын оятып, елім деген ерлерін атқа мінгізді. Жұрттың рухы қайта ояту үшін баяғы дәстүрлі жыраулық поэзия қайта жаңғыртылды. Сөзсіз, Махамбет жыраулық поэзияның өкілі екендігін өзінің «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Орай да, борай қар жауса», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Исатай деген ағам бар», «Әй, Махамбет, жолдасым», «Қызғыш құс» және тағы басқа толғаулары арқылы дәлелдеп берді. Ал жырау фольклордың ірі өкілі екендігін мынадан көруге болады. «Жырау — ауыз әдебиетінің ежелгі өкілдерінің бірі, ірі қоғамдық мәселелерді қозғайтын толғау-жырларды шығарып айтушы, жыршы болумен қатар ойшыл, ақылшы, көреген сәуегей. Жырау тұлғасы ерте дәуірде, тайпалық бірлестігі тұсында қалыптасып, XV–XVIII ғасырларда үлкен өнер иесі және қоғам қайраткерлері ретінде танылған» [4]. Демек, жыраулық поэзиядағы басты мәселе қоғамдық іске ауысады. Өзіне тиесілі толғау, термелер арқылы халыққа рух береді. Егер осы тұрғыдан Махамбет поэзиясына назар аударсақ, оның алғаш алашқа атын шығарғаны көтеріліс жаршысы бола білгендігі болса, екіншіден, ақын шығармалары көбіне романтикалық және реалистік сипаттағы толғау, термелері арқылы ерекшеленеді. Ақын өзінің

көтеріліске қалай шыққандығын, көтерілістің сәтсіздікке ұшырауы, көтерілістен кейінгі оқиғалар бәрінде осы аталған жанрлар арқылы шебер жеткізген. Мысалы:

*Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айғайлап жауға тигенде,
Ағатай Беріш ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты Жүніс аттанды —
Қосылуға дем болып.
Құдайлады хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып
Жау қарасы көрінді жиылған әскер білінді.
Исатай басшы, мен қосшы,
Исатайдың сол күнде,
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды, —*

деген жырлардан толғауды еске түсіріп, батырлық, тарихи эпостардың басталуын көз алдыңызға сәулелендіресіз. Ойға бірден Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп», Бұқар жыраудың «Керей, қайда барасың?» және тағы басқа да жыраулар поэзиясы санаға сәуле шашады. Махамбет шығармашылығы көбіне реалистік сипатта айтылады, ақын барынша болған оқиғаны дәл беруге тырысады деген пікірлер көп айтылады. «М.Өтемісов творчествосы шаруалар көтерілісінің сырынан көп мағлұмат беретін иландырғыштық күшімен тәңгі етеді. Бұл ретте оған ақындық қуаты ғана емес, сол оқиғалардың жай-жапсарын, екі жақ адамдарының пиғыл-құлқын айнытпай қатесіз білетіндігі де көмектескені сөзсіз», — деген пікірдің осы тұрғыдан айтылғаны ақиқат екені рас [5]. Алайда фольклорлық дәстүрде көбіне романтика алға шығып отыратыны мәлім. Осы мәселеде Махамбет поэзиясында романтизм бар екендігін зерттеуші-ғалымдар да орынды көтеріп, жан-жақты талдап көрсетуге талпынады. «Ақын шығармашылығындағы романтизмнің дәстүрге қарым-қатынасы бар ма? Болса, онда оның негізі қайдан желі тартады?» деген сауалдарға нақты жауаптар айтылмайды. Бұның негізі фольклорда жатқаны оған дәлелді ертегілерден, батырлық жырлар, тарихи өлең-жырлардан табатынымыз аян.

Әйгілі Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі өршіл романтизмнің өшпес өнегесі деуге тұрарлық, мысалы:

*Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Арып-ашып шөл көрмей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастабай,
Ерлердің ісі бітер ме? [6] —*

деген толғауындағы романтизм тар бөгетті бұзып, асқақ арманға жету жолындағы батырлық эпостарда молынан ұшырасатын өршіл романтизм екендігі талассыз. Бұл ерлікті жырлаудың фольклорлық дәстүр екендігі де осыдан танылса керек. Әрине, Махамбеттің бір ғана толғауымен кесіп-пішіп, оның шығармасын романтизммен өрнектеле салған деген пікірден аулақпыз. Дегенмен,

ақынның «Мұнар күн», «Мен едім», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», тағы басқа толғаулары романтикалық бағытты анықтай түседі. Кезінде М.Өтемісовті таза күрескер ақын, реалистік бағытты ұстанушы ретінде көрсетуді басты бағыт ете зерделеу жағы басым болып, оның романтикалық жағына назар аудару ескілікті қайталау болуы мүмкін деген пікірлерде болғанын бұдан байқай аламыз. Себебі үстемдік еткен кеңес дәуірі идеологиясы соны көксеп, қазақтың өнер өкілдерін біржақты қарауға мәжбүр еткені баршаға аян. Керек десеніз, Махамбет көтерілістің мән-жайын, жеңісі мен жеңілісін реалистік тұрғыдан айта отырып, сол көтерілістің тарихи тұлғасы Исатай Таймановтың образын романтикалық тұрғыдан сомдады. Мысалы:

*Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме?
Кермиығым, кербезім,
Керіскендей шандозым,
Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырымыздай ажарлым,
Хиуадай базарлым,
Теңіздей терең ақылдым,
Тебіренбес ауыр мінездім,
... Арыстан еді-ау Исатай,
Бұл фәнидің жүзінде,
Арыстан одан кім өткен?!
Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз.
... Тайманның ұлы Исатай,
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді, —*

дегендегі толғаудың пішімі ғана емес, мазмұнындағы бейнелі сөздердің өзі баяғы батырлық жырлар мен жыраулардың ерлік толғауын көз алдыңызға әкеледі. Толғаудағы балау, теңеу секілді бейнелі сөздер фольклорлық дәстүр белгісін толық танытады.

Тарихта аңыз болып қалған көтерілісті түсіндіру де, өздерінің қас жаулары Жәңгірхан, Баймағанбет сұлтанға, «Он екі күндей ой ойлап», «Ақылды алпыс жаққа шаптырып», тағы басқа толғаулары Махамбеттің реалист ақын екендігін анықтайды. Оның шындық үшін күйіп-жанып, бетке айтатын қайсарлығы да осыдан танылды. Хан ордасының жаршысы болуға икемдеп, өз дегеніне көндірмек болған хан Жәңгірге:

*Хан емессің — қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын.
Хан емессің — ылаңсың,
Ысқырынған жылансың.
Хан емессің — аярсың,
Айыр құйрық шаянсың, —*

деп жауап беруі, әйгілі Бұқардың Абылайға айтқанын, одан әрідегі Жиёмбет, Қазтуған, Шалкиіз, Доспанбет жыраулар толғауларын жалғай білген сөз өнерінің жаңа бір иесін көрсетеді. Анықтай айтсақ, қазақ сөз өнерінің дәстүрін жалғастырушы, халық поэзиясындағы сабақтастықты одан әрі дамытушы Махамбет кімге де болсын арзанға түспейді. Басты қатерге тігіп, ғұмыр бойы күресудің не екендігін Махамбет өз өмірімен дәлелдеді.

Өмірдегі осындай сәтсіздіктер, тағдырдың салған ауыртпалығын романтикалық және реалистік тұрғыдан сипаттады. Басындағы ауыртпалықты анықтай айтып, сол жолдан қайтпас қайсарлығын тағы да романтикалық тұрғыда өршелене өлең етті. Мысалы:

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Қанатың қатты, мойның бос,
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!*

*Ел қорыған мен едім,
Мен де айырылдым елімнен.
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.
Аспандап ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған —
Лашын құстың тепкіні
Мені елден айырған —
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып, айтпай, не керек,
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні, —*

дегендегі өз өмірін көл қорыған қызғыш құстың өмірімен параллель алуы, белгілі «Ер Тарғын» жырындағы «Бұлғыр тауды» толғауымен үндестігін аңғартады. Бұның өзі Махамбет поэзиясындағы фольклорлық дәстүр белгілерін тануға, ақын шығармашылығын бағалауға көмегін тигізеді.

Суырып-салмалық өнердің өкілі бола алғындығының басты белгісі Махамбет Исатай бастаған көтерілістің қолдаушысы ғана емес, сол көтерілістің ұраншысы, жыршысы болды. Өткен оқиғаның мән-жайын жұрт Махамбет өлеңдері арқылы, кейінгі зерттеушілерде солай бағасын берді. Көтеріліс басшысын суретке ретінде сомдаған да Махамбет десек, көтеріліс көсемі опат болғанда да алдымен жоқтау айту ақын аузынан шығады. Фольклорға тән жоқтаудың озық үлгілері эпостық жырлар да десек, Махамбет өзінің «Мұнар күні» атты толғауында жоқтау жырын барынша дәстүрге сай жаңғырта жырлайды:

*Бұландай ерді кескен күн,
Буулы теңді шешкен күн,
Сандық толы сары алтын,
Сапырып судай шапқан күн,
Түс қыла көр құдайым,
Біздей мейманасы тасқанға,
Біздің ер Исатай өлген күн,
Он сан байтақ білген күн, —*

деп, тебірене таусыла жыр төксе, осы өлеңмен жалғас «Арғымаққа оқ тиді» деген өлеңінде де:

*Арғымаққа оқ тиді,
Қыл мықынның түбінен.
Ер жігітке оқ тиді,
Ауыз омыртқаның түбінен, —*

деп, келмеске кеткен есіл ерді күңірене жоқтап, сол күңіреністің жапы халықтың күйзелісіне айналғанын:

*Исатайды өлтіріп,
Қырсықта алған біздің ел, —*

деп, нүктесін қояды. Махамбеттің нағыз жырауға айналғанын, жырау есімнің қаншылықты құдіретті және қымбат екендігін бұл жоқтау жырларында түсіндіре түседі. Жыр дәстүріне сәйкес көтерілістің жауы кім, әділдің жолына тұра білген кім деген сауалдарға Махамбет толық жауап берген жыршы екендігі талассыз.

Ұлттың ұлылығын асқақтатып, ерлік пен елдікті аспандатқан адам тағдыры қашанда халық құрметіне бөленіп, өлең жырдың өзегі болып аңызға айналып кетеді. Қазақтың айтулы аңыздарының бір саласы Махамбет ақынға арналған. Ел арасындағы айтылатын ақынға қатысты әңгіме бүгінде құлақ құрышын қандырады. Көтерілістен кейін сандаған ақындар Исатай мен Махамбетті өлең, жырға қосты. Солардың ішінде суырып-салма ақын, ірі өнер өкілі Ығыман Шөреновтің «Исатай — Махамбет» атты тарихи жыр-жұртшылық тарапынан жылы қабылданды. «Исатай — Махамбет көтерілісі болған аймақта туып өскен Ығыман Шөренев (1876–1932) көтеріліс турасындағы деректі жақсы біліп, жырдың негізгі арқауын Махамбеттен алған. Оның дәлелі «Исатай — Махамбет» жырында Махамбет толғаулары шумақтары мол ұшырасады» [7].

Бұл жырдан біз алғаш Махамбет бейнесі фольклорда жасалғандығын ұқсақ, сол фольклордың дәстүрді орынды байланыстырып, жаңаша жалғастырған ірі ақын Махамбет Өтемісұлы екендігін түсінеміз. Ақын поэзиясының өлмес өміршендігі, түпсіз тереңдігі дәстүрге беріктігінде жатса керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Әдебиет хрестоматиясы. — Алматы: Мектеп, 1937. — 32-б.
- 2 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. — Алматы, 1958; Өтемісұлы М. Қазақ әдебиетінің тарихы. — 1 кіт. — Алматы: Ғылым, 1961.
- 3 Тілепов Ж. Махамбет пен Шернияз / XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988. — 322–342-б.
- 4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З.Ахметов, Т.Шоңбаев. — Алматы: Ана тілі, 1966. — 98-б.
- 5 Тілепов Ж. Махамбет пен Шернияз / XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988. — 332-б.
- 6 Өтемісұлы М. Өлеңдері. — Алматы: Ғылым, 1951. — 50-б.
- 7 Рахым Б.С. Ата мұра — асыл қазына: Оқулық. — Көкшетау: КМУ баспасы, 2007. — 107-б.

Б.С.Рахимов, А.М.Утешова

Фольклорные традиции в поэзии Махамбета

В статье рассмотрены традиции и новаторство в поэтическом творчестве Махамбета Утемисова, которому в советские времена в казахском литературоведении не уделялось достаточного внимания. Авторы делают общие выводы о развитии и преемственности фольклорных традиций в казахской литературе, отмечая, что акыны-импровизаторы создавали свои произведения в русле фольклорных традиций даже в период расцвета письменной литературы.

B.S.Rakhimov, A.M.Uteshova

Folklore traditions in poetic creativity of Makhambet

In this article traditions and innovations in poetic creativity of Makhambet Utemisov are considered. In Soviet period in the Kazakh literary criticism it wasn't paid sufficient attention to M.Utemisov's creativity. In the conclusions of article the general conclusions about development and continuity folklore traditions in Kazakh to literature contain, authors come to a conclusion, meanwhile akyns — improvisators created the works in line with folklore traditions even in the period of dawn of written literature.

References

- 1 Auezov M. *The literature chrestomathies*, Almaty: Mektep, 1937, 32 p.
- 2 Zhumaliyev K. *Kazakh epics Myung literature tarihini mzheller*, Almaty, 1958; Otemissov M. *History of Kazakh literature*, 1, Almaty: Gylym, 1961.
- 3 Tilepov Zh. *XIX userday Kazakh aundry*, Almaty: Gylym, 1988, p. 322–342.
- 4 *Debatten terlinden Kazakh language* / Edit. Z.Akhmetov, T.Shonbayev, Almaty: Ana tili, 1966, p. 98.
- 5 Tilepov Zh. *Makhambet and Sher niaz* / Kazakh akin of the XIX century, Almaty: Gylym, 1988, 332 p.
- 6 Otemissov M. *Verse*, Almaty: Gylym, 1951, p. 50.
- 7 Rakhym B.S. *Ata mura — asyl kazyna*, textbook, Kokshetav: CMU publ., 2007, p. 107.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан атақты қазақ батырлары

Кенесары ханның басшылық етуімен 1837–1847 жылдары жүргізілген ұлт-азаттық қозғалысының негізгі мақсаты Абылай хан тұсындағы аумақтық тұрақтылықты қалпына келтіру болып табылатындығы айтылған. Кенесары Қасымовқа қазақтың үш жүзі руларының едәуір бөлігін өз туы астында біріктіре алғандығына көңіл бөлінген. Оның жасақтарының текшілдері арасында атақты халық батырлары болғандығы көрсетілген. Қазақ жерлерін әскери отарлауға, Қоқан бектерінің озбырлығына қарсы жүргізілген жаппай күрестің ұлт-азаттық сипат алғандығы туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: көтеріліс, саясат, қазақ батырлары, шайқастар, тәуелсіздік, отарлау, ерлік, жыр-дастандар, халық мұрасы.

1822–1824 жылдары қазақ жерінде отаршылықтың жаңа кезеңі басталды. Хандық билік жойылды. Қазақ елі орыс мемлекетінің губернияларының құрамына енді. Қазақ елінің бір бөлігі — Бөкей Ордасы Нарын құмында резервацияға айналды. Енді Астрахан, Сібір, Орал казактарының әскери отаршылдары қазақ елін жағалап емес, оның жүрегінен, кіндігінен, қолқасынан алып, шұрайлы жерін тартып ала бастады.

Қазақ елінің басына күн туды. Міне, осындай сәтте тарих сахнасында Сырымдай, Исатайдай, Махамбеттей, Есеттей, Жанқожадай, Кене хандай ұлы перзенттер көрінді.

1822–1824 жылдары хандық билік біржола жойылған кезде хан Кене Қазақ хандығы үшін күресті, өйткені бұл кезеңде Ресей патшалығы қазақ елінің ішкі саясатына құныға араласа бастады. Қазақтың көптеген би-болыстарына шен беру тәсілі арқылы бір-біріне айдап салып, қарсы қоюға күшін жұмсады. Соның кесірінен ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Кенесары хан Қасымұлына аға сұлтандар, би болыстар толық тірек бола алмады. Осындай қиын шақта Кенесары ханның әскері де, бар тірегі де Ағыбай, Таймас, Иман, Басықара, Жанайдар, Бұқарбай, Жәуке, Жекебатыр, Бұғыбай секілді халық арасынан шыққан ержүрек батырлар болды. Сол замандағы қазақ батырлары өздерінің жасақтарымен Кенесарының қасында болып, оның бұйрықтарын екі етпей орындап, жеңіске жетіп жүрді. Бір аңызда былай делінеді: *Кене ханның қол астына қазақтың батырлары бастаған 14 мың қол жиналды, ат жақсысын мінді, сауыт жақсысын киді. Бұлар өздерінің ордасын Алтай-Қарпықтың ортасы — Құланөтпеске тікті. Кіші жүз, Ұлы жүзден де қайраты бойына сыймай келген атақты батырлар да Кененің қолына қосылып жатты.*

Тағы бір мәтінді оқып көрелік:

Қайраты қара бастан қайтпаған алып ер Тамадан Жолдыаяқ батыр, Өмірзақ Тоғалақ батыр, Құшақ Бәйтелі батыр, Тарақты Құлжан батыр бастаған батырлар 10 мың әскермен Кененің Көкшетаудағы бекініс қамалына қосылды. Әскері көбейіп, күші артып, енді Николайға ойран салуға ойлады [1].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан, аттары аңызға айналған кейбір батырларымыздың туған жерлері мен олар туралы шағын мәліметтер беруді жөн санадық.

Кенесары басқарған көтеріліске қатысқан белгілі Ұлы жүздің батырлары. Халық әңгімесінде Ұлы жүзден шыққан көптеген батырлар қол бастап, халқының тәуелсіздігі үшін аянбай қызмет еткен. Олардың ішінде өте-мөте айрықша көзге түскен Ұлы жүздің келесі батырлары [2]:

1. Саурық Стамбекұлы. Бұқар жыраудың «Қалданменен ұрысып...» деген өлеңінде [3]:

*Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,*

*Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Қылышбек,
Тігеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен Дәулет қасында,
Бақ-дәулеті басында, —*

деген жолдар бар. Осы толғауда айтылған Дәулет батыр Саурықтың үлкен атасы. Өз әкесі Стамбек, оның әкесі Қашке де батыр болған адамдар. Кенесары Іле бойына келгенде Саурық қол түзеп Кенеге барып қосылғанда, Саурықтың қолының ішінде әкесі Стамбек те болған. Саурық Кенесарының тапсыруымен елшілік қызмет те атқарады. Ұрыста қол бастап алдыңғы қатарда болады. Кенесары қолға түскенге дейін қасында болып, ұрыспен шегінеді. Өштескен манаптар кейін андып жүріп, жасырын жасақ жіберіп, абайсызда Саурықты қайғылы қазаға ұшыратқан.

2. Бәйсейіт Тойшыбекұлы. Ұлы жүздің Дулат тайпасына жататын Ботбай руының шағатайы болады. Бәйсейіттің әкесі Тойшыбек, оның ағасы Кәрім — «Қос батыр» атанған адамдар. Кенесары келгенде олар қарсы алып, оның әскеріне қосылған батырлар. Патшаның отарлау саясатына, онымен қатар манаптардың сатылушылық істеріне қарсы аянбай күресіп, Бәйсейіт кейін Қоқанд (Қоқан) бектеріне қарсы күресте қаза тапқан.

3. Орман Бимембетұлы. Батырлықпен бірге Ормандағы айрықша бір қасиет шешендік болған. Сондықтан да Кенесары хан Орманды елшілік қатынас жағына көбірек пайдаланған. Халық әңгімелері Орман Бимембетұлының Қытайға және Қырғыздарға бірнеше рет елші болып барғанын айтады.

4. Сұраншы Ақынбекұлы. Саурық пен Сұраншы немерелес. Екеуінің әкелері Стамбек пен Ақынбек бірге туған адамдар. Сұраншы да кейін Қоқанд бектеріне қарсы күресте қаза тапқан.

5. Бұғыбай Тезекбайұлы (1812–1893). Ұлы жүз құрамындағы Ысты тайпасынан шыққан батыр. Қазақ халқының азаттық жолында күрескен Кенесарының сенімді серігі, бас батыры болған. Елдегі көнекөз қариялардың айтуы бойынша, Кенесары хан XIX ғасырдың 46 жылдары Ұлытауда Ресей отаршылдарына қарсы күреске жасақ құрып жатқанда, Шу өңіріндегі атақты Бөлтірік биге: «Ат, ертоқым, қару-жарағымен жүз жігіт берсін немесе жүз жігітке татитын, жол бастайтын бір жігіт берсін», — деп кісі жібереді. Сонда Бөлтірік би ақ батасын Бұғыбайға беріп, Кенесарыға жіберіпті. Ұлт-азаттық күреске қатысып, ерлігімен көзге түскен Бұғыбайдың ерлігін Нысанбай жырау «Кенесары–Наурызбай» дастанында, арқалы ақын Шашубай Қошқарбаев «Наурызбайдың Саржанды жоқтауында», Доскей ақынның «Кенесары» дастанында жырға қосқан. М.Әуезовтың «Хан Кене» аталатын пьесасында Бұғыбай батыр бейнесі негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде берілген. Батыр баба қорғаны Аңырақай тауының солтүстік-батысындағы Сарыбас тау деген жерде.

6. Тойшыбек Қасаболатұлы (1783–1868). Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының Ботпай руынан шыққан батыр әрі би. Тойшыбек батыр Қоқанд хандығының басқыншыларына қарсы соғысқан. Кенесары ханның сенімді батырларының бірі аталған. 1846 жылы Кенесары қолының Ұлы жүз жеріне келген кезде, әділ би әрі батыр Тойшыбек Кене ханға барынша қолдау көрсеткен. Кенесары қырғыз жерінде жеңіліс тапқан соң, Тойшыбек батыр орыстардың отаршылдық саясатына қарсы шыққан. Батырды Шу өзенінің бойында жерлеген. Ұрпақтары Жамбыл, Алматы облыстарында тұрады [4]. Жоғарыда есімдері аталған атақты батырлар туралы Жетісудың саңлағы атанған, Жамбылдың ұстазы Сүйінбай Аронұлы қырғыздың ақыны Қатағанмен айтысқанда былай деген:

*Қазақ, қырғыз егесіп,
Шабысып, ұрсып, шегесіп,
Елші түнеп қаңтарда,
Екі Орман сөйлесіп,
«Қосылайық Кенеге
Ел-жұрт болып бірлесіп», —
Дегенде сенің Орманың
Қысы бойы болмаған.
Саурығым мен Бәйсейіт
Сонда найза қолға алған.
Қолды бастап Бұғыбай
Лашындай самғаған.*

7. Байзақ Мәмбетұлы (Байзақ датқа). Оңтүстік өңірде Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр. Ол Тараз аймағында елді отырықшыландыруға көп күш жұмсаған. Оңтүстік өңірді Қоқанд хандығы басып алғаннан кейін, ағасы Бәйтерекпен бірге сұлтан Рүстем Асфендиярұлы бастаған 1821 жылғы көтеріліске қатынасады. Көтерілісшілер қатты жазаланса да, Байзақ беделді адам ретінде, өз руластарына датқа болып тағайындалады. Байзақ Мәмбетұлы Қоқанд отаршыларының айтқанына көнбей, қазақтардың мүддесін қорғай отырып, тәуелсіз саясат жүргізуге ұмтылады. Отаршыларға қарсы күресте Кенесары Қасымұлының сенімді серігі ретінде танылады. Оның сарбаздары Кенесары қолына қосылып, 1841 жылы Қоқандтың бірнеше бекінісін алады [5]. Кенесарымен бірге болған Бұғыбай, Саурық, Бәйсейіт, Орман, Таятай, тағы басқа Ұлы жүз батырлары, Кенесары мен Наурызбай қолға түскесін ғана шегінген. Олар да қоршауда болған (дала жағынан). Бірақ та соғыс арқылы таумен шегініп, құтылып кеткен. Кене ханның қолға түсуінің негізгі себебі: «Соғыста жаудан қашқан хан, хан бола алмайды. Сайдан шыққанымыз — майданнан шыққанымыз, қашқанымыз. Қашсам мен хан емеспін», — деушілігі болу керек.

Кенесары басқарған көтеріліске қатысқан атақты Орта жүз батырлары. Кенесарының қасында қазаққа белгілі Орта жүздің мына батырлары болған:

1. Ағыбай батыр Қоңырбайұлы. Руы — Арғын тайпасына жататын Шұбыртпалы. 1802 жылы туған Ағыбай батыр — Кенесары ханның бас батыры дәрежесіне көтерілген қолбасшы. Ол патша әскерімен шайқастарда ұтымды әдіс-айла, тосын тапқырлық қолдану арқасында әрдайым жеңіске жетіп отырғандықтан, «Ақжолтай Ағыбай» атанған. Халық арасында оны руын көрсетіп, Шұбыртпалы Ағыбай деп те атайды. Батырдың сарбаздары дұшпанға «Ағыбайлап» шабатын болған. Ағыбай батыр Кенесары көтерілісі тұсында орыс бекіністеріне үзбей шабуылдар ұйымдастырып отырған. Оның қолының Қарқаралы, Ақтау, Ақмола және т.б. орыс қамалдарына жойқын шабуылдарға қатысқаны белгілі. Ағасы Саржанның қарулас досы әрі өзінің құрдасы болғандықтан, Кенесары Ағыбайды жақын тартып, «Көсе» деп атайды екен. Ағыбай батыр шүңірек көзді, биік денелі, қолы ұзын болыпты. Жүзіктермен әшекейленген найзасын құланның терісінен жасалған белдікпен байлап жүреді екен. Бірде Кенесарыға: «Басқаларға мың басы, бес жүз басы деп лауазым беріп жатасыз, неге Ағыбайға мұндай шен бермедіңіз?» — деп сұрағандарға, Кенесары: «Менің алдыңғы сапымадағы сарбаздарым соғысқа «Абылайлап!» кіргенде, басқалары «Ағыбайлап!» шабады. Сондықтан батырға бұл шендер лайық деп ойламаймын» [6], — деп жауап берген екен. Атақты импровизатор-ақын Иса Байзақов «Қойшының ертегісі» атты тарихи жырында [7] Ағыбайдың қайсар тұлғасын былайша суреттейді:

*Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай,
Баяғы Кенесары заманында
Ерлігін көрсетіпті елге талай.*

*Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Тең келіп, қарсыласар ер болмаған,
Ағыбайдың Үш жүзге даңқы кетіп,
Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.*

*Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,
Басынан дұшпан ісін асырмаған.
Жалғызы Ағыбайды бөзеген жоқ,
Қандай жсау есіл ерге тор құрмаған.*

«Ақжолтай Ағыбай батыр» кітабының авторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының бас директоры М.Әбсеметов даңқты батыр жайлы мынадай тың деректер ұсынады [8]: «Кенесары хан Қырғыз Алатауындағы бір-екі соғыстан кейін «жердің жайын білмейді» деп талай соғыста бас батыр болған Ағыбайды қолбасшылықтан алып тастайды. Оның орнына Шапырашты Бұғыбайды сайлайды. Бұған дәлел Нысанбайдың жырында Ағыбай көп қайрат көрсеткенімен, жай батыр есебінде соғысып жүреді. Бірақ Қырғыз Алатауында соғыс сәтсіз болып, көтеріліс жеңіліске ұшырады. Бұл соғыста Наурызбайдың астындағы Ақауыз атқа оқ тиіп, Наурызбай жаяу қалып, Қортайлақ деген ат шабысқа

жарамай, қырғыздар қалай болғанда Наурызбайды қолға түсіруге қамағанда, Ағыбай батыр бастаған сегіз кісі жауды Наурызбайға өткізбей алып шыққан. Ақыры Кене хан қолға түскен соң, Наурызбай, Ағыбай, Меңдібай, Дулат, Бұқарбай, Үкілі Қошқарбай, Шәкір, Жәуке, Толыбай, Нысанбай, тағы басқа батырлар жаудың қоршауында тұрып кеңес құрады. Ағыбай, Үкілі Қошқарбай мен Толыбай тауға көтеріліп, жаудың салған қамалын, оған қосылған қалың әскерін көреді. Арқаның сайдағы шұңқырына дейін білетін Ағыбай батырға Алатау бір жұмбақ болатын. Ағыбай шымыр Байұзақ пен дулат Бәйсейітке сенуші еді. Жолбасшы Бұғыбайға сенген Кенесары өзі қолға түседі. Сонда Наурызбай қайраттанып: «Не де болса қалған 300 қолмен қоршауды бұзып, Кене ханды құтқарайық», — деді. Ағыбай батыр: «Науанжан, жау Кенені өлтірмес, құрылған қақпаннан аулақ болайық, жауға жем болмайық, аз ғана күшімізді жиып қоршаудан шығып, қырғызға елшіні жіберейік. Олай болмаса, жаудың зеңбірегінен қанымыз төгіледі. Әркім бет-бетімен қашады, тұрымтай тұсына, балапан басына», — дейді. Науан: «Ей, Ағеке, — деп жылап тұрып айтыпты, — бұрынғының сөзі бар ғой, «Екі қатынның баласы — екі ру ел» деген, мен Кене ағамды не жаудан арашалап алайын, не бірге өлейін, елдің өсегінен қашып», — деп, Наурызбай есіл ерлермен қоштасып, Кене хан тұтқынға түскен жерге бет алады. Ағыбай бастаған 300-дей батыр қоршаған қамалды бұзып, көбі мерт болып, 80 батыр зор ерлік көрсетіпті. Қырғыз Алатауынан қайтқан Ағыбайдың қолын Абакумов пен Черняевтің әскері қоршап алып, зеңбіректерімен атады. Сөйтіп, Америкадағы үндістерді қырған ағылшындардың қанды ісін қайталайды. Талай қазақ өз топырағында үлкен қырғынға ұшырайды. Сол кезден бастап қазіргі Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының «Айдарлы» мен «Көктерек» кеңшарларының аралығында Шу өзенінің оңтүстік жақ беткейін ел екі атпен атайды. Біреуі «Арғын қырылған» дейді, екіншісі «Арғын өткелі» дейді. Көтеріліс біткен соң, 1847–1849 жылдар аралығында Ағыбай батыр орыс отаршылдарымен қанды майданда тайсалмай соғысады. Бұл жылдары Абакумов пен Черняев және оларға ергендерді үш рет шабады. Кенесары-Наурызбай кегі үшін қырғыз манабы Кәрібоздың басын шауып, Жантай мен Жанқараштың алдына тастайды. Кейін қырғыздың ханы Орманды Ағыбайдың досы, қырғыздың Балбай батыры мерт қылады. 1849 жылы Ақ патша Ағыбайды мойынсұнуға әрекет жасайды. Бірақ 1855 жылы, қарқаралы шенеунігі Трусовтың дерегіне қарағанда, Ағыбай батырға ерген ел «бұл қырғыздар мойынсұнуға әлі көндікпеген және басқаларға қарағанда шетінен жауынгер, барлық үйде дерлік найза, көбінде оқ-дәрімен атылатын қару бар», — деп жазылған еді.

Ағыбай батыр қартайған шағында Бетбақдала шөлі мен Балқаш өңірі аралығындағы Тайатқан-Шұнақ атты жерде егіншілікпен, балықшылықпен айналысқан. 1885 жылы Ағыбай батыр қайтыс болғанда патша әкімшілігі оның денесін Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи (Ясауи) кесенесіне жерлеуге рұқсат бермеген. Батыр өзі өмірінің соңғы кезінде мекендеген сол Тайатқан-Шұнақтағы Босаға өзенінің алқабында жерленген. Ағыбайдың кіндігінен Аманжол, Аманбай, Сопы, Дуана сынды ұрпақтары тараған. Батырдың шөбересі Тарғын ақсақалдың айтуынша, Ақжолтай Ағыбай батырдың шешесі Қойсана — Тарақты Байғозы батырдың қызы. Қойсана бәйбіше Ағыбайға екіқабат күнінде көшіп келе жатқанда алты қарақшы ізіне түседі. Қолында бақаны бар Қойсана алтауын ұрып түсіре береді. Жау бірін-бірі сүйеп, жалғыз әйелден жеңілген соң біреуі тұрып: «Қайтайық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі арыстанның күші ғой», — деп жүріп кеткен екен [9].

Ағыбайдың шешендігі мен ақылдылығы «Үйсін Бөлтірік батыр», «Көтібардың асы», тағы басқа тарихи аңыз-әңгімелерден жан-жақты көрініс тапқан. Ағыбай Қоңырбайұлының сан қырлы тұлғасы М.Әуезов, І.Есенберлин, Д.Әлімбаев, И.Байзақов, Ж.Алтайбаев, тағы басқа акын-жазушылардың шығармасында сомдалған. Ақжолтай Ағыбай батырдың ел тарихындағы алатын орнын айқындап, құнарлы зерттеулер жүргізуде Е.Бекмаханов, Е.Ісмайылов, С.Қирабаев, З.Ахметов, тағы басқа ғалымдардың еңбектері өнегелі жол, игілікті қадам болып табылады.

2. Иман батыр Дулатұлы (1780–1847). Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Кедел руынан шыққан батыр. Ресей отаршылдарына қарсы көтеріліс қайраткері, Амангелді Имановтың атасы. Арғы атасы Қосай, өз әкесі Дулат жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлік көрсеткен батырлар болған. Торғай, Жыланшық өзендерінің аңғарын жайлаған. Иман батыр Кенесары әскеріне 1839 жылы қосылды. Есіл өзені жағасындағы Көкалажар қамалын Кенесары әскері қоршауға алғанда гарнизондағылар көтерілісшілерді жақындатпай ұзақ атысады. Сонда Иман батыр кішігірім тобымен байқатпай барып, қамалдың сыртынан соққы беріп, оған басып кіреді. Шайқас аяқталған соң Кенесары сарбаздарын жинап, ерлігіне таңданғанын айтып, «менің қасымда жолбарыстай қайратты, түлкідей айдалы Айкеңнің болғанына өте ризамын» дейді. Сонан кейін Кенесары құрметінің белгісі ретінде батырды «Айеке» деп атап кетіпті.

1844–1845 жылдары Кенесары басқарған ұлт-азаттық көтеріліс шын мәнісіндегі шайқасқа айналып, өзінің шарықтау шыңына көтерілді. Иманның осы тұстағы қимылдары туралы халық ақыны О.Шипин 1942 жылы баспадан шыққан көлемді, тарихи деректері мол «Амангелді» дастанында:

Адырлы, Байтоқ деген қос қалаға,

Бас болып Иман батыр асыр салды..., —

деп жазды. Осы шайқаста Иман мыңдығы дұшпанның 300-дей адамын тұтқын еткен. Бұл жауды тас-талқан етіп жеңді деген сөз. Иман батырдың ақыл-парасатын, адалдығы мен әділдігін, өткірлігі мен табандылығын жоғары бағалаған Кенесары оны Ағыбай батыр, Шоқпар шешен, Сайдақ қожа, інісі Наурызбаймен бірге хан Кеңесінің мүшесі еткен. Иманның жасақ арасындағы беделін құрметтеп, есімін атамай «Айеке, Көсем көк, Бозжорға» деп атаған. Осы атақтарына сай Иман батыр да ханға берген сертіне адал, дұшпанына қатал бола білген, қашан да хан жорығының ынтымағы мен бірлігін сақтауға күш салған.

1847 жылы бірқатар қазақ батырлары аттарының басын кері бұрғанда берген антынан таймай, ханмен бірге қырғыз манабы Орманға қарсы Кекілік тауының шығыс беткейіндегі шайқаста, қазіргі Тоқмақ қаласының маңындағы Майтөбе деген жерде қолға түсіп, қаза тапқан. Осы соғыста Иман батырмен бірге оның туған бауырлары Тауық, Кейкі, Қарауыл және үлкен ұлы Бердәлі де мерт болған. 2000 жылы қыркүйекте Қостанай облысының Амангелді ауданының орталығында Иман батырға ескерткіш орнатылды [10]. Сонымен, талай-талай шайқастарда қасарысқан қас дұшпанды қаусата жеңген Иман батырдың ісі аңызға, аты ұранға айналған.

3. Таймас батыр Бектасұлы (1786–1870). Арғын-Алтай тайпасына жататын Қареке руынан. Ол өз заманында ел бостандығы үшін өлшеусіз үлес қосқан қолбасы. Бұл туралы көрнекті тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов өзінің еңбегінде былай деп жазады: «Баянаул округтік приказындағы Төрткүл болысының көтеріліске шыққан қазақтарын Таймас Бектасов басқарды. Кейіннен Кенесарының жанында елеулі рөл атқарды және оның әскери мәселелер бойынша ең жақын кеңесшілерінің бірі болды. Таймас Бектасовты Кенесары қатты сыйлап, жақсы көрді. Сол уақыттағы ресми үкімет құжаттарында Таймас Бектасов туралы былай делінген: «Ол Кенесарыдан бір елі қалмайтын және орыс отрядтарына шабуыл жасаған сайын істің басы-қасында болып, орыстарға қалай қарсы тұру керек екенін айтып, Кенесарыға көбінесе жөн-жоба көрсетіп отырды, сонысы үшін Кенесары оны жақсы көретін және онымен бір табақтағы тамақты бөліп жейтін» [11]. Таймас батырдың асқақ бейнесі ерлерін қадірлейтін елі барда қазақ баласының жүрегінде мәңгі сақталады. Бұл жөнінде көрнекті жазушымыз Ілияс Есенберлиннің тарихи «Көшпенділер» трилогиясында нақты айтылады: «Бір төбе басындағы тас обаның жанында үш адам отыр. Бірі Кенесары. Қасындағылары Таймас пен Әбілғазы.

Қасым хан дәуірінен бастап қазақ жерінде таққа отырудың өзінің ерекше дәстүрі болған. Тақта отырған ханның оң жағындағы адамды Маймене, сол жағындағыны Майсара деп атаған. Маймене мен Майсара ең беделді рулардан, ханның оң қолы мен сол қолы тәрізді сенімді адамдардан сайланған. Қасым ханнан бастап Абылайға дейін қазақ хандарының Маймене орнына Арғын, Майсара орнына Қыпшақтан шыққан беделді би, бекзадалары отырып келген. Кенесары хан болғаннан бері, тек Абылайдың ала туын өзінің жасыл туына айырбастағаны болмаса, көбіне ата дәстүрін берік ұстауға тырысқан. Сондықтан — Маймене мен Майсараны хандық соғыс істерінде ең жақын, ең сенімді серіктері Таймас пен Әбілғазыға берген. Таймас Арғын руынан болғандықтан, оны Маймене, сұлтан тұқымынан шыққан өзінің немере інісі Әбілғазыны, нағашы жағынан Қыпшақ болғандықтан, Майсара еткен. Бұл екеуі қай жерде жүрмесін, осы тәртіпті бұзбайтын. Міне, қазір де Таймас ханның оң жағында, Әбілғазы сол жағында отыр» [12; 301, 302].

Таймас батыр Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы ыдырағанша Қаратау, Сыр бойында Кене ханмен бірге болып, бірге күрес жүргізді. Ол туралы «Қаһар» романында былай деп жазылған: «Кенесары соңынан қуғыншы шықпасын деп отырған жерінен қыс түсе көшті. Кенесарының соңынан мың қаралы үй ерді. Қалған қалың бұқара қаны қарайған ханнан іргесін аулақ салып, өз қоныстарына тарады. Көш алды қара құрымданып ылдига түсіп кеткенде, Кенесарымен бірге төбе басында тұрған Досқожа ақын шыдай алмай, домбырасын қағып-қағып жіберіп, көзіндегі жасын іркіп алды да, қарлыққан дауыспен жыр тоғытып қоя берді:

Қалдың деп қайран елім, кең қонысым,

Қамығып тұрды Кене жұртын ойлап.

Кене хан енді көшті «я, құдайлан!»

*Тұрған соң хан қамығып, ел жабығып
Досқожа толғай берді кегін қайрап....*

Көш ұзаған сайын, жыр да ұзай берді. Шыдай алмаған Кенесары алға қарай асыға шаба жөнелді.

Ағыбай, Бұқарбай, Жеке батыр, Иман, Құдайменді, Наурызбай, Бопай, Таймас, Әбілғазы, тағы бір топ кісі аттарын борбайлай қамшылап, соңынан ерді. Осыдан жеті жыл бұрын, көтеріліс басталған сәттен-ақ Кенесарыға қосылған бұл батырлардың ішінде ел билігін қайтадан қолына алған Жоламан сұлтан ғана жоқ еді» [12]. Таймас батыр Кенесары көтерілісі ыдырағаннан кейін Сарыарқаға қайта көшіп келген.

4. Жанайдар батыр Орынбайұлы (шамамен 1818 жылы Ұлытау өңірінде дүниеге келген — XIX ғасырдың 70-жылдары). Арғын тайпасына жататын Сүйіндік руынан. Ол 1837 жылы Ақмола дуанына қарайтын Арғын тайпасының Қуандық, Сүйіндік, Төртуыл, Қойлыбай, Қалқаман, Темеш, Тінәлі руларының жасақшыларын бастап Кенесары әскеріне келіп қосылады. Кенесары Ақмола бекінісіне шабуыл жасар алдында Жанайдарды бас етіп бекіністі барлауға шолғыншылар жібереді. Шабуыл кезінде ерлігімен, мергендігімен көзге түскен Жанайдар Кенесарының сенімді серігі, қол бастаушы батырларының біріне айналады. Жанайдар Орынбайұлы өзінің бауырлары Жанатай, Бектұрған, Өтебайлармен бірге Кенесарыға еріп, он жыл бойы азаттық жолындағы шайқастың бел ортасында жүрген. Жанатай осы жорықта қаза табады. Кенесары мен Наурызбайдан айырылып, көтеріліс тығырыққа тірелген тұста Жанайдар батыр амалсыздан ат басын Арқадағы еліне бұрады [13].

Кенесары бастаған жорықта жүргенде Жанайдар батырдың Баяндағы ата-қонысын өзге рудың адамдары иеленіп алады да, кері қайтара қоймайды. Жер үшін ағайынмен араз болғысы келмеген Жанайдар батыр қазақтың өзге де беделді игі жақсыларымен бірге Петерборға, Ақ патшаның өзіне барады, жер сұрайды. Он жыл бойы өзіне қарсы күрескен батырды сол сәтте қамауға алса да, ешкім патшаның жолына көлденең тұра алмас еді. Бірақ Ақ патша Жанайдардың ел арасындағы абырой, беделі тым жоғары екенін білетіндіктен, қарамағындағыларға оның талабын орындауға тапсырма береді. Сөйтіп, батыр соңына ерген жұртын осы күнгі Терісаққан ауылдық округінің аумағына әкеліп қоныстандырады, Терісаққан болысын ұйымдастырып, болыстық құрады. Ол әрі батыр, әрі әділ кісі болса керек. Сондықтан, ел аузында «Жанайдар хан болмаса да хан орнына, би болмаса да би орнына жүреді» деген сөз тараған.

Атақты Біржан сал Сараман айтысында: «Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы, Алты жүз жас бота мен тайлағы бар», — деп жаужүрек батырдың байлығын, парасаттылығын тілге тиек еткен. Жанайдар Меккеге барған қажылық сапарынан қайтып келе жатқанда 1870 жылы жол үстінде қайтыс болған. Атақты батырдан тараған әулеттен қазақ тарихынан ойып орын алған тұлғалар шықты. Жезқазған қаласының бір көшесіне Жанайдар батырдың есімі берілген.

5. Жәуке батыр Назарғұлұлы. 1822 жылы туып, 1904 жылы ұзақ жасап өз ажалынан қайтқан кісі. Тегі — Арғын, арғы атасы Ермектен Бөлтірік, Шағыр туады. Бөлтіріктен Сырлыбай, Сарыбай; Сырлыбайдан Қараман, Төлек, Мәмбетәлі тарайды. Жәуке осы Төлек тармағына жатады. Оны Төлек Жәуке деп атауының да мәнісі осында. Оның ата-бабасы ежелден Ұлытаудың бергі терістік бетіндегі Сарыторғай, Қараторғай, Ашутасты, Мойылды мен Дәмді бойын жайлаған. Ал Сарыбайдан тарайтын Қырықмылтықтар Ақкөл, Шошқакөл, Шұбалаң, Сужарған, Мұқыр, Шобанкөл, Қазанбасы, қазіргі Рудный қаласы тұрған Сарыбай көлі жағын мекен етіп, Ресей шекарасына дейін шығып кеткен. Сан жағынан көп тараған бұл рулар бүгінде қыз алысып, құдандалы болып кетсе де арғы атамыз Сырлыбай-Сарыбай деп өздерін бір-біріне жақын тұтады. Жәуке Назарғұлұлы Кенесары хан жасағының сапында қол бастап, өшпес даңққа бөленген. Ол хан әскерінің қатарына 16 жасында қосылған. Жастайынан жорық жолында шыныққан Жәуке батыр 1840–1844 жылдардағы Өлкейек өзені бойындағы, Ор қамалы беттегі Толыбай, Ордақонған жақтағы және Екатеринбург станицасына шабуыл кезіндегі шайқастарда батыл қимылдап, айрықша көзге түскен [14]. Төлек Жәуке батыр Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің бәріне бастан-аяқ қатынасқан адам. Жорықта Жәукені алға саларда Кенесары хан:

*Тұрғысы асық тәйкесі,
Ұрыстың келді сәйкесі.
Камал бұзар батырым,
Қайдасың?
Төлек батыр Жәукесі, —*

дейді екен. Досқожа мен Нысанбай жырларында да, әйгілі «Наурызбай – Ханшайым» дастанында да, берісі Нұрхан Ахметбековтің «Қарға» поэмасында да Жәукенің ерлік істері айтылмай қалмайды. Атақты тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов та өзінің зерттеу еңбектерінде Жәуке есімін құрметпен атайды.

Таяуда арқалықтықтар қала күнін үлкен қуанышпен қарсы алды. Тағдырдың меңхатын көп шеккен шаһар өзінің 57-ші күзінде үлкен тарихи тұлғаның ескерткішімен толықты. Енді Арқалыққа келушілерді темір жол вокзалынан түскен кезінде Ер Жәуке батыр қарсы алады. Бұл ескерткіш қалаға рух беріп, еңсесін көтеріп тұрғандай. Себебі Жәуке батыр Кенесары ханның ұлт-азаттық жолында күрескен қаһарман сардарларының бірі, Наурызбай батырдың досы. Төлек руынан шыққан Жәуке Назарғұлұлының ескерткішінің бой көтеруіне ұрпақтары демеушілік жасады.

6. Жекебатыр Сарыбасұлы (Сарыбасов). Кенесары хан жасағы сапында ерен ерлігімен айрықша көзге түскен батырлардың ішінде Жекебатыр (шын аты — Тілеміс) Сарыбасұлының есімін естен шығаруға болмайды. Кенесары небір қиын тапсырмаларға жұмсағанда оларды мүлтіксіз орындап, жеке дара көрсеткен батырлығына орай Жекебатыр атанған атақты батырдың Кенесары көтерілісі тарихында өзіндік орны бар. Тілеміс 1805 жылдар шамасында Ұлытау төңірегінде туған. Хан Кененің сәтсіз жорығынан соң, оңтүстіктен оралған ол, елімен Көкше өңіріндегі Қылды-Ноғай болысына қоныс аударады. Сол болыста би болады.

Зерттеуші Тортай Сәдуақастың «Ел мен жер» атты кітабында Жекебатыр Сарыбасұлына қатысты мынандай мәлімет келтірілген: «Жекебатыр туралы архив құжаттарының бірі 1849 жылғы 18 наурызда тіркелген. Бұл аға сұлтан Маңдай Токтамысовтың Сібір шекара басқармасына берген рапорты. Кенесары мерт болып, көтеріліс сәтсіз аяқталғаннан кейін жұрттың көбі елге оралған. Бұлар 1848 жылы Қаракеңгірге келеді. Байман Имановты Көкшетауға жіберіп, туған жерге, Майлыбалта болысына оралуға рұқсат сұрайды. Артынша Қаратаудан бірге оралған белгілі би Бөгенбай Құттықадамовтың ауылымен бірге сол Қылды-Ноғай болысының құрамында қалуды жөн көреді. Алдымен Ресей өкіметінің құзырына қайтадан өтіп, ант қабылдайды. Сөйтіп, оларға кешірім жасалған. Құжатта анттың мәтіні келтіріліп, соңына Тілемістің өзі бастап үлкендер қол қойған. Бүгінгі кейбір шежіре-сыр шертушілердің оларды Көкшетау іргесіндегі ауылдар сидырмады, арыз жазған дегені (олардың көп жылқысынан айрылып, ашынып отырғаны рас) жаптым жала, жақтым күйенің кері.

Бұдан әрі ол ауыл ағасы Тілеміс би деп аталады, қарамағындағылар (өзімен 28 адам): Нақы, Көкжал, Байты, Текей, Күсеміс, Күсеп Сарыбасовтар, жесір Ербекті Бердіғожина, Есілбай Жырғалдин, Тәуке Есілбаев, Түгелбай Жырғалдин, Самсы Түгелбаев, Бөгенбай Жырғалдин, Қарауыл Жырғалов, Жанікісі, Бижан Баяновтар, Тәңірберген Жанкісин, Байжан Иманов, Байтөлек Ақжолов, Жанғабыл Боқаев, Аманжол Исин анасымен, Жантелі Құлекин, Наурызбай Талов, Қарымсақ, Токбай Мысықовтар, Жанболсын Тасболатов, Жәутік Білеков бауыры Мұжжанмен, Байсары Жетібаев. Ендігі бір дерек 1866 жылы 12 шілдеде тіркелген. Онда Тілеміс Сарыбасов өз ауылының старшыны, Қайыңқалған деген жерде тұрады. Жасы 60-та деп көрсетілген, сонда ол 1805 жылдар шамасында туған деуге болады» [15].

Жекебатыр Сарыбасұлының қайтыс болған жылы белгісіз. Кенесары жасағында болған белгілі батырдың Арғын тайпасына жататын Атығай руының ішіндегі Қырғыз атасында жақын ағайындары бар. Өзі де қол қойғанда Арғынның көз таңбасын салған. Көкшетау өңірінде Жекебатыр атағы бұрын да болған дейді.

7. Шәкір батыр Қараманұлы. Ол — торғайлық. Руы Қыпшақ (Торы Қыпшақ), оның ішінде Түйішке. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі А.Бектемісов «Шәкір Қараманұлы жайлы не білеміз?» деген мақаласында мынандай деректер келтіреді: «Тарихи деректерге жүгінсек, Қыпшақ руы «Токсан екі баулы» деп аталады. Қазақ халқының Қыпшақ тайпасы Ұзын, Торы, Қарабалық, Бұлтың, Көлденең болып жіктеледі. Сол себепті Қыпшақтарды «Бес таңбалы Қыпшақ» деп те атайды. Торы Қыпшақтар ірі-ірі төрт арыс: Қитаба, Түйішке, Көкмұрын, Шашты болып бөлінеді. Шәкір Қараманұлы бабамыз осы Түйішке тармағынан тарайды. Ол 1819 жылы атамекені саналатын Жанкелдин ауданының Көкалат ауылында өмірге келген. Туған жылына қарап, оның ұлт-азаттық көтерілісінің хас батыры Төлек Жәуке бабамызбен түйдей құрдас болғанын көреміз. Батыр Шәкір бабамыздың аталарына тоқталатын болсақ, Түйішкеден — Қарамолла, Сарымолла. Қарамолладан — Қойсары, Қойсарыдан — Досым, Есім, Ыстыбай, Жетім (егіз), Ыстыбайдан — Көшекәлі, Көшекәліден — Қараман, Түмен тарайды. Шежіреге сүйеніп, сәуегейлік айтушылар, Қараманнан туатын Шәкір бабамыздан ұрпақ қалмағанын айтады. Осы орайда балалық балғын шағымда Бектеміс атам айтып отыратын, мына бір әңгіме есімде қалыпты. Атам Кенесары хан мен оның інісі

Наурызбай қырғыздардың қолынан қаза тапқаннан кейін, Шәкір бабамыздың елге келіп, 40 жасында өз ажалынан о дүниеге аттанғанын айтып отыратын. Сондай-ақ атамның аузынан Шәкір бабамыз бұл фәниден бақилыққа аттанғанда, сол үйдегі әжеміз Кіші жүз Жаппас руының бір жігітіне тұрмысқа шығып, Шәкір бабамыздан қалған 5 жасар ұл баланы ертіп кеткенін естігенмін» [16]. Келешекте жоғарыда аты аталған Орта жүз батырлары жайында толығырақ мағлұматтар жарияланып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Кене хан басқарған көтеріліске қатысқан даңқты Кіші жүз батырлары. «Көне сарай кең дүние, кімдер бір келіп кетпеген», — дейді біздің қазақ. Кеткен көп, келетін ұрпақ та аз емес болар. Ал кеткендер арасында тарихта тек есімі қалғандар ғана емес, сол тарихтың өзін жасап кеткен кесек тұлғалар бар. Осы орайда он жылға созылған соғыста Кенесары ханмен бір тудың астында болып, тұтас қазақ даласына өшпес ерлігімен танымал болған атақты Кіші жүз батырларын атап өткен жөн сияқты:

1. Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1774–1860) — Кіші жүз құрамындағы Әлім тайпасының Шекті руынан шыққан батыр. Жанқожа батырдың есімі қазақ баласы үшін аса қадірлі де қастерлі есімдердің бірі. Әрі батыр, әрі би бабамыздың ерлік өмірі жайында әрісі орыс, берісі қазақ тарихшыларының ғылыми еңбектерінде соңғы бір ғасырдан аса мезгілде аз айтылып, жазылып жүрген жоқ.

Жанқожа батыр туралы тарихи жырларда сол замандағы халықтың басынан кешкен түрлі қиыншылықтар, Хиуа, Қоқандың залым бектерінің елге салған ауыр салығы, зорлық-зомбылығы, орыс отаршылдарының сұғанақтығы, сонымен бірге сыртқы жауға сатылып, оларды ел ішіне енгізіп, өз елін дұшпанға талатқан опасыз жандар мен осы зобалаң, іштей іріген топалаңға тойтарыс беріп, елдің еңсесін тіктеген ерлер мен билердің қажырлы күресі терең суреттеледі. Жаулардың құрған қанды қақпанын басып, шырқы бұзылғанымен, ел басына бұлт үйірілген шырғалаң шақта бір тудың астына, бір батырдың қасына жиналып, тез арада береке-бірлікке келіп, сол арқылы даңқты жеңіске жеткен ел татулығы мен қайсар рухының көрінісі жырда шынайы сомдалады [17].

Сонау XVIII ғасырдың соңғы жылдарында өткен қазақ-қарақалпақ қақтығыстары тұсында, бар жоғы 17 жасында Хиуаның белгілі батырын жекпе-жекте өлтірген Жанқожа содан кейінгі 70 жыл ғұмырында тұлпарынан түспей, азаттық киелі Ақ туын қолынан түсірмей, қартайған жасында да қас жауларымен айқасып өткен. Өзінің ұзақ өмірінде Қоқанд, Хиуа, Ресей басқыншыларымен сан рет сұрапыл шайқастар өткізді. Жанқожа батыр сол ұрыстардың барлығына да қолбасшы әрі басты ұйымдастырушы ретінде қатысып, теңдессіз ерлік, көзсіз батырлық көрсеткен болатын. Сонысымен жанына ерген жауынгерлеріне үлгі болды, халқына қайрат, «елім» деген ерге ерік-жігер берді.

Көнеден жеткен куәгерлердің айтуынша, Жанқожа батыр 1841 жылдың шамасында Кенесары ханмен тізе қосып, атақты Созақ қамалын қоқандықтардың қолынан азат етуге тікелей қатысқан. Хан әскеріне он сегіз күн бойы алдырмаған бекіністі, Кенесарының соңғы үміті — Жанқожа бастаған Шекті батырлары атойлаған шабуылдарымен шеп бұзып алған дейді.

Жанқожа батыр жайында 10-нан (12 мың жол) аса тарихи жыр-дастан шығарылып, ел арасына кең тараған. Солардың арасында Мұсабай, Нұрмағамбет, Лұқпан, Жөкей, Қарман, Нұрсұлтан, Ізжан, Орнықбай сынды ақын-жыраулардың туындыларын ерекше атауға болады. Мәселен, Мұсабай жырау нұсқасын Қазалы бекінісінде қызмет атқарған орыс офицері И.Аничков оның өз аузынан жазып алып, жариялады. 1894 жылы осы зерттеушінің «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» атты тарихи очеркі жарық көргені мәлім. Жанқожа жайындағы тарихи жырды Н.Веселовскийден бері қарай С.Сейфуллин, Т.Шонанұлы, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Шалабаев, Н.Төреқұлов, С.Садырбаев, Ж.Тілепов, Б.Жүсіпов, тағы басқа ғалым-әдебиетшілер зерттеді [18].

2. Жоламан батыр Тіленшіұлы. Кіші жүз құрамындағы Жетіру тайпасының Табын руынан шыққан батыр. Қазақ халқының XIX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі. XIX ғасырдың 20-жылдарының басында Ресей империясының Орынбор әкімшілігі Елек өзенінің бойындағы Табын руының жерлерін тартып алып, бекіністер сала бастайды. Орал, Елек, Құрты өзенінің бойында 29 бекініс бой көтеріп, ол Жаңа Елек шебі деп аталды. Ресей империясы әкімшілігінің мұндай отарлау саясатына қарсылық білдіріп, Жоламан бастаған бір топ Табын руының адамдары 1823 жылы 3 қыркүйекте Орынбор генерал-губернаторы Эссенге хат жолдайды. Қазақтардың жер мәселесіне қарайтын комиссия төрағасы Шерғазы хан олардың бұл талаптарын заңсыз деп танып, наразылық қимылдарына қарсы әскер күші қолданатынын ескертті. Мұндай өктем жауап Жоламан батыр бастаған Табын руы қазақтарының қарулы көтеріліске шығуына түрткі болды. XIX ғасырдың 30-жылдарының ортасынан бастап Жоламан батыр Кенесары Қасымұлы жасағымен бірігіп, отаршыл саясатқа қарсы күрес жүргізді. XIX

ғасырдың 40-жылдарының басында Жоламан батырдың өзі Бұхараға қоныс аударады. Одан кейінгі жылдары белгісіз [19].

3. Қыстаубай Жиенәліұлы (шамамен, 1814–1845) — Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының Шөмекей руынан шыққан батыр. Сыр өңірі қазақтарының Хиуа, Қокан хандықтарының езгісіне қарсы күресіне, XIX ғасырдың 40-жылдарының Кенесары Қасымовтың Созақ жорығына Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас батырлармен бірге қатысқан.

Қыстаубай батырдың ерлігі туралы Балқы Базар, Т.Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, тағы басқа ақын-жыраулар көп жырлаған. Батырдың мәйіті Сырдария ауданы Көктөбе деген жерге қойылған.

4. Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1822–1898). Кіші жүз құрамындағы Жетіру тайпасының Табын руынан шыққан батыр, шешен. Бұқарбай батырдың есімі елге 1827–1829 жылдар аралығындағы Күмісқорғанға шабуыл кезінде әйгілі болған деседі көне деректер. Кейін қазақтың соңғы ханы, ұлт-азаттық аталатын үлкен жорықтың көсемі Кенесары баһадүр ханға еріп басқыншы жұртқа қарсы күрескен, тірескен, талай рет жан алысып, жан беріскен. Хан Кененің ерке де, қол бастаған серке інісі Наурызбай батырмен, шұбыртпалы Ағыбай батырмен Бұқарбай баһадүрдің есімі қатар аталады. Ерекше ерліктерімен өзгелерді тамсандырған батыр Бұқарбайдың — Ұлқаяқ, Бұланты, Жыланшық өзендері бойындағы шайқастары мен сол замандағы Созақ, Ақмола бекіністерін алған шабуылдағы алапат қимылдарын қазына қариялар әлі күнге әспеттеп, жүйелеп, майын тамыза отырып, әңгімелеп бере алады [20].

Бірде сексеннен асқан шақта айналасындағы көпті көргеннен сөз естігісі келетін ел ағалары батырға: «Бір кезде қол бастадыңыз, көш бастадыңыз, көпті көрдіңіз, сізден бір ғибратты сөз естігіміз келеді», — деп сауал қойған көрінеді. Сонда батыр: «Бұрынғыдан қалған сөзден артық мен не дейін. Онға келдім — асау тайды бас білдіріп ойнадым. Сол ойынды жиырмаға дейін қоймадым. Жиырмаға келдім — найза менен құрықты қолымда билеттім, саусағымды соған әбден үйреттім. Жиырма бесте — жауларыммен тірестім, тәуелсіздік алу үшін күрестім. Отызға келгенімде — қыран құстай саңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым. Қырыққа келдім — қайратым қамал бұзды, еріттім қалың мұзды. Елуге келдім — елеулі белес екен ел басқардым. Алпысқа келдім — алдымда алты тарау жол жатты, өз жолыңнан өзгер деп маған тіл қатты, бірақ тыңдамадым. Баяғы найзам мен құрығымды қолдан түсіргем жоқ, жау алдында бас иіп кішіргем жоқ. Жетпіске келдім — жетпіс жеңді, қолымдағы найзаны балама алып берді, менде құрық қалды. Қазір сексенге келдім — бірақ әлі де құрық сілтейтін қуатым бар. Алда тоқсан тұр, амандық болса оған да жетем, Алла жазса, құрығымға сүйеніп одан да өтем, одан соң менің жаным сірі емес, бұл дүниеден де кетем. Сендерден бір тілегім бар, менің сол тілегімді ақтандар, найзам менен құрығымды қатар сақтандар! Найза қорғаныс, құрық тірлігіне қолғабыс. Тірліксіз дүние — тұл, тал түске дейін керіліп жатпай, әмәнда ерте тұр. Сонда ғана адам болып қаларсың» [21], — деген екен. Бұл Бұқарбай батырдың өмірінің соңғы жылдарында айтқан өсиеті дейді.

Бұқарбай батырдың ерліктері ақын-жыраулардың мұраларында, тарихшы Е.Бекмахановтың зерттеулерінде, жазушы І.Есенберлиннің «Қаһар» романында, зерттеуші Қ.Бердәулетовтың «Бұқарбай» кітабында көрініс тапқан [22].

Жыр жүйрігі Балқы Базар жырау:

*...Ордадан бөкенді айырған
Қанадан асып қайраты
Ерегіскен хандарды
Алтын тақтан тайдырған.
Қысқа күнде қырық шапқан
Жанқожа, Есет, Қыстаубай,
Қасым, Сейіл, Бұқарбай,
Сәмет пен батыр Тоғанас!
Солардан да өткен сұм заман! —*

деп Сыр бойының атақты батырларын жырға қосса, Нысанбай жырау:

*Аянбай бүгін іс көрсет,
Таманың батыр Құрманы.
Кеудедегі шыбын жан —
Ар-намыстың құрбаны!..
Меңдібай, Дулат, Ағыбай*

*Арғыннан шыққан үш жігіт
Шәкір, Жәуке, Толыбай...
Аянбай бүгін іс көрсет,
Табыннан Қабан, Бұқарбай!.. —*

деп толғанған [23].

Бұқарбай батырға жиен болып келетін, қарасөзге қаймақ тұрғызған халық жазушысы Әбділдә Тәжібаев «Бұқарбай батыр — нағашым» атты толғау шығарған [24].

Қаншама қамал бұзып, қаншама шайқасты басынан өткергенімен, егде жасында еліне оралған Бұқарбай бабамыздың бағы, басы басқа жақта қалмай, өзінің туған жеріне аман-есен оралып, ағайын-туғандарының ортасында, өз ажалынан көз жұмуының өзі Құдай берген ерекше қасиет болса керек.

Қорыта келе айтарымыз, тарих тәуелсіздік жолы — қиын жол екендігін дәлелдейді. Өйткені үнемі 70 жылдан астам уақыт біреуге жәутендеп қараудан танбаған мойынның оңайлықпен өз орнына түсуі қиынның қиыны болғаны рас. Бірақ бір үлкен қуаныш бар. Ол — рухани қуаныш. Яғни өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып дегендей, халық қанында қалған азғантай ұлттық намыстың оянып, өзіне қорек тұтатын нәрді бір кездегі рухани қуат көзі болған, алдындағы ұлағатты өнегесі үлгі болған, ел басқарған небір маркасқалары мен батыр, би, көсем, ақсақалдарының даналық жолын қайта тірілтуге талпынып, құлшыныс жасағандығына қуанышымыз қойнымызға сыймай жатқаны ғажап. Бұл деген халқымыздың езіліп біткен мәңгүрттігінен оятатын бірден бір қуатты күш екендігінде сөз жоқ.

Алдағы уақытта біз тәуелсіздіктің бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған ерліктің, тарихи ерліктің құнын аса қадірлеуіміз қажет. Қазақ батырларының білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері — бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған басты игілік осы. Осы қазақ батырларының қаны тамған киелі жеріміздің қойнауындағы, жалпақ тілмен айтқанда, жердің асты, үстіндегі бар байлығымыз — тағы да осы батырларымыздың бізге аманаттаған жан сыры, жүрек нұры. Осыны біз бүгін көздің қарашығындай қадіріне жетіп, сақтай білуіміз парыз.

Қазақ батырлары және олардың ел тағдырындағы тарихи орны дегенде, біз батырлар жырындағы, тарихи жыр, аңыз, дастандардағы тереңнен тамыр тартқан туған жер туралы идеяны бірінші қатарға қоюымыз қажет. Батырлар туралы бірде-бір халық мұрасы осы идеяны айналып өтпеген. Туған жерді қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел ынтымағы идеясы — бізге жеткен барлық тарихи, әдеби мұралардың алтын арқауы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қасқабасов С.* Алаштың арман-аңсары (Кенесары хан халық әдебиетінде) // Егемен Қазақстан. — 2013. — 24 желт. — 6-б.
- 2 *Дилебаев Ә.* Кенесары қозғалысы туралы // Қазақ тарихы. — 2005. — № 2. — 55–57-б.
- 3 *Қалқаманұлы Бұқар жырау.* Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. — Алматы: Жалын, 1993. — 96 б.
- 4 *Махаева А.Ш.* Тойшыбек би және оның заманы. — Алматы: Баянжүрек, 2006. — 202 б.
- 5 Оңтүстік Қазақстан облысы: Энцикл. / Бас ред. Б.Ғ.Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл., 2005. — 560 б.
- 6 *Бердалы О.* Кенесары (біз ол туралы не білеміз?) // Алтын Орда. — 2011. — № 42. — 20 қазан. — 15-б.
- 7 *Байзақов И.* Қойшының ертегісі // Ақжолтай Ағыбай батыр. — Алматы: Ғылым, 2002. — 354–363-б.
- 8 *Әбсеметов М.* Ағыбай Кенесарыға деген адалдығынан айныған емес // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21(33). — 44-б.
- 9 *Әбсеметов М.* Шұбыртпалы Ағыбай және оның батыр бауырлары // Жаңа Сарыарқа. — 2007. — № 5. — 58–65-б.
- 10 *Иман батыр* // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21(33). — 21-б.
- 11 *Бекмаханов Е.* Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1994. — 416 б.
- 12 *Есенберлин І.* Он томдық шығармалар жинағы. — Т. 7. — 3-кіт. Көшпенділер: Тарихи трилогия. — Алматы: Жазушы, 1986. — 328 б.
- 13 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия: 3-т / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2001. — 720 б.
- 14 *Ахметов Қ.* Ұлытау. — Астана: Фолиант, 2006. — 344 б.
- 15 *Сәдуақас Т.Қ.* Ел мен жер. Көкшетау — Қызылжар — Омбы — Құсмұрын — Ұлытау — Астана аймағы: Тарихи-танымдық жин. — Алматы: Дайк-Пресс, 2003. — 566 б.
- 16 *Бектемісов А.* Шәкір Қараманұлы жайлы не білеміз? // Қазақ. — 2012. — № 31–32 (597–598). — 3–10 тамыз. — 5-б.
- 17 *Тойшанұлы А.* Эпос әлемінде — Ер Жанқожа // Ана тілі. — 2014. — № 25 (1231). — 26 маусым — 2014. — 2 шілде — 9-б.

- 18 Оңалысқызы Г. Ел қорғаны // Орталық Қазақстан. — 2014. — 21 маус. — 5-б.
- 19 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. — 4-т / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2002. — 720 б.
- 20 Баймаханов Қ. Ертеде еңіреген бір ер өткен... // Егемен Қазақстан. — 2012. — 29 қырк. — 8-б.
- 21 Оспан С. Ел мақтаны — Бұқарбай // Жұлдыз. — 2012. — № 7. — 196–199-б.
- 22 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия: 2-т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1999. — 720 б.
- 23 Мақсұдов С., Айбосынов Ш. Бұқарбай батыр // Егемен Қазақстан. — 2012. — 26 қырк. — 9-б.
- 24 Жанаев А. Сайын даланың сардары (Бұқарбай батырдың туғанына — 200 жыл) // Егемен Қазақстан. — 2012. — 11 қырк. — 9-б.

Р.С.Каренов

Знаменитые народные батыры, принявшие участие в народно-освободительной борьбе под предводительством Кенесары Касымұлы

В статье отмечено, что главной целью народно-освободительной борьбы под предводительством хана Кенесары в 1837–1847 гг. являлось восстановление целостности территориальных пределов Казахстана времен Абылай хана. Подчеркивается, что Кенесары Касымову удалось объединить под свои знамена значительную часть казахских родов трех жузов; в числе предводителей отрядов были знаменитые народные батыры. Сделан вывод о том, что всеобщая борьба против военной колонизации казахских земель, засилья кокандских беков придала данному восстанию освободительный характер.

R.S.Karenov

The famous folk batyrs who participated in the national liberation struggle led by Kenessary Kassymuly

It's noted that the main purpose of the national liberation struggle under the leadership of Khan Kenessary in 1837–1847 years was the restoration of the integrity of the territorial limits of Kazakhstan times Abylay Khan. Emphasizes that Kenessary Kasymov succeeded in uniting under its banner a significant part of the Kazakh clans three zhuzs. It is shown that among the leaders of the groups were famous warriors of the people. It is concluded that the universal struggle against the military colonization of the Kazakh lands, the dominance of the Kokand Bolsheviks gave this insurrection liberation.

References

- 1 Kaskabasov S. *Egemen Kazakhstan*, 2013, December, 24, p. 6.
- 2 Dilebayev A. *The history of Kazakhs*, 2005, 2, p. 55–57.
- 3 Kalkamanuly Buhar zhyrau. *Hey, Abylay, Abylay!: Thinking*, Almaty: Zhaly, 1993, 96 p.
- 4 Makhayeva A.Sh. *Bi Toiyshybek and his time*, Almaty: Bayanzhurek, 2006, 202 p.
- 5 *South Kazakhstan Province: Encyclopedia* / Edit. B.G.Ayagan, Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2005, 560 p.
- 6 Berdaliev O. *Golden Horde*, 42, 2011, October, 20, p. 15.
- 7 Baizakov I. *Lucky Agybay warrior*, Almaty: Gylym, 2002, p.354–363.
- 8 Absemetov M. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 44.
- 9 Absemetov M. *New Sary-Arka*, 2007, 5, p. 58–65.
- 10 *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 21.
- 11 Bekmahanov E. *Kazakhstan 20–40 years of the XIX century: Textbook*, Almaty: Sanat, 1994, 716 p.
- 12 Yesenberlin I. *The third book — Nomads: Historical trilogy*, Almaty: Zhazushy, 1986, 328 p.
- 13 *Kazakhstan. National Encyclopedia*: / Edit. A.Nysanbayev, Almaty: Home Edition Kazakh Encyclopedia, 2001, 720 p.
- 14 Akhmetov K. *Ulytau*, Astana: Publ. Foliant, 2006, 344 p.
- 15 Saduakas T.K. *The land and people of the region «Kokshetau — Kyzylzhar — Omsk– Kursmurun — Ulitau — Astana» (Historical and informative compilation)*, Almaty: Dyke-Press, 2003, 566 p.
- 16 Bektemisov A. *Kazakh*, 31–32 (597–598), 2012, August, 3–10, p. 5.
- 17 Toiyshanuly A. *Ana tili*, 25 (1231), 2014, June, 26 – July, 2, p 9.
- 18 Onalyskyzy G. *Ortalyk Kazakhstan*, 2014, June, 21, p. 5.
- 19 *Kazakhstan. National Encyclopedia*: 4 / Edit. A.Nysanbayev, Almaty: Home Edition Kazakh Encyclopedia, 2002, 720 p.
- 20 Baiymakhanov K. *Egemen Kazakhstan*, 2012, September, 29, p. 8.

21 Ospan S. Zhuldiz, 2012, 7, p. 196–199.

22 *Kazakhstan: National Encyclopedia*, Edit. A.Nysanbayev, Almaty: Home Edition Kazakh Encyclopedia, 1999, 720 p.

23 Maksudov S., Aybosinov Sh. *Egemen Kazakhstan*, 2012, September, 26, p. 9.

24 Zhanaev A. *Egemen Kazakhstan*, 2012, September, 11, p. 9.

ӨОЖ 82–95:821.512.122

Ж.Ш.Жұмагелдин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru)

Төлен Әбдікұлының прозасындағы адам және қоғам мәселесі

Макалада Т.Әбдікұлының прозалық шығармалары зерттелді. Жазушының қаламгерлік шеберлігі өмірдің шынайы жағдаяттарын бере білуімен ерекшелінеді. Ол өмірдің шынайы болмысын философиялық тұрғыда қарастырды. Автор Т.Әбдікұлының прозалық шығармаларында қазақ халқының тағдыры қалай көрінетіндігі тақырыптық-проблемалық тұрғыда, өзектілігін бейнеледі. Сондай-ақ қаламгердің суреткерлік шеберлігі, прозалық шығармаларындағы образдар жүйесі, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, адамның қоғамдағы алар орны психологиялық аспектіде талданды.

Кілт сөздер: тарихи, әлеуметтік-саяси, оқиғалар, сөз саптау, сюжет құрау, стиль.

Талантты жазушы Төлен Әбдікұлының қаламгерлік қасиеті туралы айтқанда, оның екінің бірі батылы бара бермейтін өткір әлеуметтік мәселелерді қозғайтындығын және нені жазса да, биік парасаттылықпен терең зерттеп, жеріне жеткізе жазатындығын жете сезіне білуіміз керек. Қиялы ұшқыр суреткердің өзіндік қолтаңбасы аз жазса да саз жазатындығымен, сөйлемдер қысқа әрі нұсқа болып келетіндігімен ерекшеленеді. Бұл жайында жазушы Дулат Исабеков: «Жалпы Төлен бұрқыратып жазған жігіт емес. Әлі күнге шейін сол ырғағын сақтап келеді», — деп өте орынды айтқан [1]. Ол қай мәселені қозғаса да, қай уақыттың шындығын жазса да, өмірлік, адами проблемаларды алға тартқандығымен көзге түседі.

Төлен Әбдікұлының шығармашылығы бүгінгі заман шындығын арқау еткен. Ішінде кеңес дәуірінің шындығын, әсіресе 1930-жылдар аумағында өткен тарихи, әлеуметтік-саяси оқиғаларды («Өке» повесі, «Өліра» романы) т.б. суреттейтін туындылар бар. Бір ерекшелігі, жазушы қай кезеңнің оқиғаларын арқау етпесін, алдымен адам тағдырын, оның тыныс-тіршілігін, өмірдегі күрес-тартысын, әлеуметтік ортадағы әрекетін, қоғамдағы алар орнын тереңнен аршып танытуға мақсат етеді.

Жазушы адам мен қоғам, адам мен әлеумет қатынасын әрдайым басты назарда ұстайды. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман-мұңымен, қасірет-қайғысымен, қуаныш-ренішімен бой көрсетіп жатады. Осы қатардағы қарапайым жандардың қоңыр тіршілігінің өзінен заман шындығын, уақыт бедерін танып, таразылауға тырысады. Жалпы, жазушы күнделікті өмірдегі кейіпкерлерді көрсете отырып, заманымыздың ауқымды шиеленістерін, философиялық тұрғыдан саралаған.

Жазушы Т.Әбдікұлының қаламгерлік даралығына оның шығармаларында өмірдің әр құбылысын, оқиғасын бірқалыпты, аспандатпай беруі, қаһармандардың диалогы, монолог арқылы олардың жан әлемін жарқырата аша отырып, болмыс-бітіміне үңілуі, ұлттық болмысқа тән алуан түрлі қасиет-сипаттарды әндете зерттеуі жатады дегіміз келеді. Қаламгер Т.Әбдікұлы барлық шығармаларында дерлік тарихи зердеге барлау жасап отырады, сол арқылы кешегіні бүгінгімен, бүгінгіні ертеңімен тығыз байланыста, бірлікте қарауға ұмтылады.

Т.Әбдікұлы шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, тақырып талдау, кейіпкер психологиясын ашу, сөз саптау, сюжет құрау, бір сөзбен айтқанда, «жазушылық стилі қандай?», өзге әріптестерінен озған не кемшін түскен тұстары бар ма?» деген мәселелерге тоқталмақпыз.

Әдебиеттану ғылымындағы стиль — аса кең мағынадағы ұғым. Сонау XIX ғасырдағы А.Потебня, А.Веселовскийлерден бастап, көтерілістен кейінгі, яғни, XX ғасырдың 1920–30-жылдарында жазылған П.Сакулин, А.Белецкий, В.Жирмунский, В.Гофман, М.Рыбникова еңбектері,

сондай-ақ 1950 жылдардан бері дүниеге келген В.Виноградов, Д.Лихачев, М.Бахтин, А.Чичерин, В.Днепров, М.Храпченко, Г.Поспелов, А.Соколов, Р.Будагов, В.Ковалев, А.Тимофеевтердің зерттеулері бұл ойымызға дәлел бола алады. Орыс әдебиетінде ұзақ жылғы ізденістерді қорытындылап, тұжырымдаған іргелі еңбектер де жарыққа шыққаны хақ.

Стиль — жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі. Сонымен бірге стильдің оқырманмен байланысты жағы да бар. Өзіндік стилі жоқ ақын мен жазушы шынайы шығарма бере алмайды, өзінің оқырманын да жаулай алмайды.

Жалпы, көркем әдебиеттегі стиль мәні, сипаты, ерекшеліктері жайлы зерттеулердің түп-төркініне үңілсек, олардың бастау алған уақыты сонау көне дәуірге, ерте грек мәдениетіне барып тірелетінін байқау қиын емес. Ерте замандардан бастап, бүгінге дейін зерттеу объектісіне арқау болып келе жатқан «стиль» ұғымы өзінің күрделілігін ғана емес, сонымен бірге оны зерттеуші-ғалымдардың да әр дәуірде, әр заманда әр қырынан алып зерттеп, үнемі өсу үстінде, даму, кемелдену үстінде болып келе жатқандығын да көрсетсе керек. Өмірдің бірқалыпта тұрмайтындығы сияқты зерттеу еңбектері де үнемі жаңғырып, жаңарып, жаңа ой, тың тұжырымдар жасауға бейім тұратыны белгілі.

Бұл арада төселген шеберлік пен жазушылық стильдік ерекшелігіне М.Әуезов талғамымен баға берген жөн. М.Әуезов стиль хақында: «Әдебиеттегі ұлттық түр мәселенің бір іргелі үлкен мәні — стиль. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел келіп жазу стилін қалыптастырады».

Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір стиль — сөздік, ақындық теңеу кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол — ұлттық мінез бейне жасаудың стилі», — деген екен [2].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көрнекті ғалым З.Қабдолов: «Нағыз пейзаж — поэзия! Характер! Адам! Неге десеніз, адамның қабылдауының, сезіну түйсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті — пейзаж жоқ!»

Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал, стиль — адам» [3] десе, профессор Р.Нұрғалиевтің пікірінше, «...әдеби ұғымдағы стиль — ең алдымен — эстетикалық категория...Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеясымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» [4].

Егер стиль дегеніміздің өзі кез келген қаламгердің ешкімге ұқсасмас даралық қасиеті десек, Т.Әбдікұлына тән стильдік сипаттар қандай?

Ең алдымен, жазушы жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, адами, рухани құндылықтарды жоғары қойып, дәріптейді. Суреткерге тән негізгі қасиет — шығармаларына психологиялық, лирикалық сарындармен қатар, философиялық ой дарыту басым. Яғни, оның қаламынан туған шығармалар философиялық астарларға бай. Сондай-ақ асқынған драматизм, трагедиялық тағдыр, жаратылысы қызық характерлер ұтымды көрініп отырады.

Мысалы, Т.Әбдікұлының ең алғашқы шығармаларының бірі «Оң қол» әңгімесін алайық. Адамның екіұдай күй кешуін, оның ішкі өңірінде мүлгіп жатқан әлдеқандай беймәлім күштердің бас көтеруін суреттеген қаламгерлеріміздің бірі — Төлен Әбдіков. Адам жанының осындай екіұдай күйін ол «Оң қол» әңгімесінде — «ішкі тұлғаның екіге жарылуы» деп атапты. Оқырман қауымды әңгіме тігісін түгендеп отыру үшін оның мазмұнымен қысқаша таныстырсақ: *...Март айының аяқ кезінде бізге жасы он жетілер шамасындағы бір қыз түсті. Қабылдау үстінде ата-анасы қыздың өзін-өзі бірнеше рет қылғындырып, өлтірмек болғанын айтты. Маңындағылары аман алып қалған. Ал қыздың өзі мүлде басқаша баяндайды. Ол Маған қастандық жасаған — мынау, бұл менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр, — деп өзінің оң қолын көрсетті. Бізде мұны ішкі тұлғаның екіге жарылуы деп атайды... Яғни, бір дененің ішінде екі түрлі жан иесінің кезектесіп, не қатар өмір сүруі.*

Оң қолдың қапелімде бас салып, Алманы (қыздың аты осылай) тұншықтырып, өлтіремін деп тырысатын сәтін автор реалистік тұрғыда суреттейді. *...Мен палатаға кіргенде Алма кереуетте жатыр екен. Оң қолы кеңірдегін тас қылып қысып алған. Сол қолымен жанталасып айырмақ болады. Сестра екеуіміз оң қолға қатар жармастық. Қолын қайырып кереуеттің астына апарғанда, түрі көкпеңбек болып кеткен Алма көзін ашты. Тұла бойы қалшылдап, көпке дейін өзіне-өзі келе алмады... Жазушы Төлен Әбдікұлының шығармаларының бірден-бір ерекшелігі, жеке адамның санасындағы, ойлау жүйесіндегі сан алуан сезімдік, психологиялық, философиялық құбылыстарды, сана қозғалысының пластикасын беру мен жан диалектикасын монологқа, ой ағымына, түс көруді*

талдауға және де психологиялық сыртқы детальдарға (ым мен ишараттарға, іс-әрекеттегі, дауыс ырғағындағы, порттегі физиологиялық, физиономиялық, сезімдік құбылыстарға) да көңіл бөлген. «Оң қол» әңгімесінде кейіпкер — Алманың түсі арқылы автор адам санасында үздіксіз жүріп жатқан процесті, үрей мен қорқынышты, өмір мен өлім арасындағы арпалысты, жан толғанысын көркемдікпен кестелей білген. Парктегі гүлді жұлдырып, дәрігер жігіттің сезімін сынайтын сұлу да, тәкаппар, адал да, ерке Алма ұйқыға ене бастаса-ақ алқымына ұмтылатын оң қолдың опасыздық әрекеті тұқым қуалаған қауіпті сырқат; оны медицинада дененің екі жарылуы дейді, ал әдебиеттануда адам ішіндегі адам деген тәсілді жазушы тігісін жатқыза пайдалана білген. Шығарма сюжетін берудегі суреткер шеберлігі сондай, әңгімені оқып отырып, көз алдында өтіп жатқан кинолента куәгеріндей кейіпкерімен бірге қуанасың, бірге қайғырасың, бірге қорқасың. Жазушының кез келген туындысының кейіпкерлері сөз саптасынан бастап дүниетанымына дейін ерекшеленіп тұруымен окшауланады.

Әңгімедегі оң қол — адам жанының иіріміндегі қайшылықтың көрінісі. Егер «Қаралы сұлуда», іштегі эззіл сезім ағысы бірте-бірте даму үстінде суреттелсе, бұл әңгімедегі оң қол — бірден беріле салған нақты шындық — ақиқат. Оң қол — Алманың, яғни, он жеті жасар сұлу да аққу жанды нәзік, қияли қыздың ерекше тағдыр иесі екендігінің көрінісі. Алма трагедиясы сонымен қатар адам жанының беймәлім сырларының ашылған тұсы. «Рас үлкен бақытсыздық... адамның өз денесінің өзіне жау болғаны... Әрине, үлкен бақытсыздық... Бірақ адамның өзіне-өзі жаулығы соншалық сирек оқиға ма? Сот залына барып айыпталған адамдардың қателіктерін тізіп көріңіз, бәріне де өздері кінәлі. Кісі өлтіруден бастап, ұрлық істеу, ақша жеу, арақ ішіп төбелесу, маскүнем болу, әйел зорлау, кісі балағаттау, содан кейін түрмеге түсіп, өмірін қор қылу өзіне-өзі жаулық емей, немене? Наполеонды құртқан Россия емес, ең алдымен, Наполеонның өзі емес пе? Адам бойындағы эззілдің жаңағы оң қолдан несі кем?...». «Оң қолдағы» Алма өз бойындағы эззілдің (оң қолдың) темір құрсауына шыдай алмай жантәсілім береді. Өйткені оң қол — Алманың ықпалынан шығып, өз алдына тіршілік еткен (түншықтыру) нақты күшке айналады. *Жоқ! — деп баж ете қалды Алма. — Жоқ, жоқ. Менікі емес... Жоқ, жоқ!*

Бір жағынан, Алма бейнесі — сол кезеңнің, замананың, яғни, сұлулық, ізгілік, үйлесімділік секілді қасиет-құбылыстарды өзіне қажетсіз деп танып, денесінен сығып тастаған қоғамның, өркениеттің өзін-өзі түншықтыруы. Өркениеттің тірелген тығырығы. Ақжүрек қаламгердің сол қоғамға, заманаға берген бағасы, шығарған үкімі.

Шығарманың кезінде үлкен жаңалық ретінде қабылданғаны белгілі. Ендеше, шығарма құнын асырған қасиеттер қандай десек, ол, ең алдымен, тақырып тосындығы болса, соған орай жазушы идеясының шығарма сюжетімен табиғи бірлік табуы дер едік. Әрине, бұл тек «Оң қол» әңгімесіне ғана қатысты ерекшелік емес. Т.Әбдікұлы шығармаларының барлығына дерлік тән қасиет. Тіпті, Төлен Әбдікұлы шығармаларының өзін ана тақырып, болмаса мына бір шындық, болмаса шетел тақырыбы деп бөле-жарудың де қажеті жоқ. Өйткені қайсы бір туындысын алмайық, өмірдің ең өзекті, аса зәру, аса ділгір мәселелерін көтергені анық. Олар тек жанрлық тұрғыдан және шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымына ғана бөлек. Ал, автордың философиялық ой түйіні, алдыға қойған ұлы гуманизм — барлық шығармаларының алтын арқауы.

